

ISSN (Print) 2616-7174
ISSN (Online) 2663-2500

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ЖУРНАЛИСТИКА сериясы
JOURNALISM Series
Серия ЖУРНАЛИСТИКА

№2 (155)/ 2026

1995 жылдан бастап шығады
Founded in 1995
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year
Выходит 4 раза в год

Астана, 2026
Astana, 2026

Бас редакторы: Қайрат Сақ, *филол.ғ.к., профессор, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан*
Бас редактордың орынбасары: Амангелді Шурентаев, *PhD, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан*
Бас редактордың орынбасары: Татьяна Лебедева, *филол.ғ.д., профессор Еуропа PR институтының атқарушы директоры, Франция, Париж*

Редакция алқасы:

Авшар Закир	PhD, профессор, Хажы Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия
Алиев Вугар	PhD, профессор, Баку мемлекеттік университеті, Әзербайжан
Асанов Камашке	филол.ғ.д., профессор, Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды университеті, Қазақстан
Әбішева Вера	филол.ғ.д., профессор, Е.А. Бөкетов ат. Қарағанды университеті, Қазақстан
Әуесбай Қанат	филол.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
Әшірбекова Гүлмира	филол.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Байғожина Дана	PhD, қауымд. профессор м.а., Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Гавра Дмитрий	ә.ғ.д., профессор, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Ресей
Есдәулетов Айтмұханбет	филол.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Есенбекова Ұлбосын	филол.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Зор Локман	PhD, қауымдастырылған профессор, Нийде Өмер Халисдемир университеті, Түркия
Кендірбай Гүлнар	PhD, профессор, Колумбия университеті, Нью-Йорк, АҚШ
Қуантаев Нұржан	филол.ғ.к., Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ниязғұлова Айгүл	PhD, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы, Қазақстан
Окай Айдемир	PhD, профессор, Абант Иззет Байсал ат. Болу университеті, Түркия
Омаров Бауыржан	филол.ғ.д., профессор, ҚР Президентінің кеңесшісі, Астана, Қазақстан
Пронин Александр	филол.ғ.д., профессор, Гранада университеті, Испания
Сайлауқызы Алма	PhD, Adjunct Assistant профессоры, MNU, Астана, Қазақстан
Сердәлі Бекжігіт	филол.ғ.к., профессор, Қ.А. Ясауи ат. ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан
Тахан Серік	филол.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Тоқтағазин Мұратбек	филол.ғ.к., проф. м.а., Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Тұржан Оңайгүл	филол.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Халилов Әбдігани	PhD, профессор, Ж.Баласағұн ат. Қырғыз мемлекеттік университеті, Бішкек, Қырғызстан
Шестеркина Людмила	филол.ғ.д., профессор, Оңтүстік-Орал мемлекеттік университеті, Челябин, Ресей
Шиндалиева Меңдігүл	филол.ғ.д., профессор, «Тұран» университеті, Алматы, Қазақстан

Жауапты хатшы: **Рима Шакуова**
Техникалық хатшы: **Гүлзабира Шауенова**
IT-маман: **Нұржан Көшкенов**

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Янушкевич к-сі, 6, 304 каб.
Тел.: +7(7172) 709-534, (ішкі: 35 301). Сайт: buljourn.enu.kz. E-mail: vest_journalism@enu.kz

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ЖУРНАЛИСТИКА сериясы

Меншіктенуші: «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен тіркелген.
15.02.2021 ж. № KZ07VPY00032398 қайта есепке қою туралы куәлігі.
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 17 дана.
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1,
тел.: +7(7172) 709-500, (ішкі 31-413)

Editor-in-Chief: Kairat Sak, *Candidate of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

Deputy Editor-in-Chief: Amangeldy Shurentayev, *PhD, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan*

Deputy Editor-in-Chief: Lebedeva Tatiana, *Doctor of Philology, Prof., European PR Institute, Paris, France*

Editorial board:

Avshar Zakir	PhD, Professor, Hadji Bayram Veli University, Ankara, Türkiye
Aliev Vugar	PhD, Professor, Baku State University, Azerbaijan
Asanov Kamashke	Doctor of Philology, Professor, Buketov Karaganda University, Kazakhstan
Abisheva Vera	Doctor of Philology, Professor, Buketov Karaganda University, Kazakhstan
Auesbay Kanat	Candidate of Philology, Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan
Ashirbekova Gulmira	Candidate of Philology, Assoc. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Baigozhina Dana	PhD, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Gavra Dmitry	Doctor of Sociological Sciences, Professor, Saint Petersburg State University, Russia
Yesdauletov	Candidate of Philology, Associate Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aitmukhanbet	
Yessenbekova Ulbossyn	Candidate of Philology, Associate Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Zor Lockman	PhD, Associate Professor, Nigde Omer Halisdemir University, Türkiye
Kendirbai Gulnar	PhD, Professor, Columbia University, New York, USA
Kuantayev Nurzhan	Candidate of Philology, Assoc. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Niyazgulova Aigul	PhD, Professor, International Information Technologies University, Almaty, Kazakhstan
Okay Aydemir	PhD, Professor, Abant Izzet Baysal University, Bolu, Türkiye
Omarov Bauyrzhan	Doctor of Philology, Astana, Kazakhstan
Pronin Alexander	Doctor of Philology, Professor, University of Granada, Spain
Sailaukyzy Alma	PhD, Adjunct Assistant Professor, Maqsut Narikbayev University, Astana, Kazakhstan
Serdali Bekzhigit	Candidate of Philology, Professor, A. Yassawi University, Turkestan, Kazakhstan
Takhan Serik	Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Toktagazin Muratbek	Candidate of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Turzhan Ongaigul	Candidate of Philology, Associate Prof., L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Khalilov Abdigani	PhD, Professor J. Balasagun Kyrgyz State University, Bishkek, Kyrgyzstan
Shesterkina Ludmila	Doctor of Philology, Prof., South Ural State University, Chelyabinsk, Russia
Shindaliyeva Menlikul	Doctor of Philology, Professor, Turan University, Almaty, Kazakhstan

Executive Secretary: **Rima Shakuova**

Technical Secretary: **Gulzabira Shauyenova**

IT Specialist: **Nurzhan Koshkenov**

Editorial office address: 6, Yanushkevicha str., Astana, Kazakhstan, office 304, 010008.

Tel: +7(7172) 709- 534, (internal: 35 301). Website: buljourn.enu.kz. E-mail: vest_journalism@enu.kz

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. JOURNALISM Series

Owner: Non-profit joint-stock company «L.N. Gumilyov Eurasian National University»

Registered by the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan.

Rediscount certificate

№KZ07VPY00032398 dated 15.02.2021.

Periodicity: 4 times a year. Circulation: 17 copies.

Address of printing house: 13/1, Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31413)

Главный редактор: Кайрат Сак, к.филол.н., профессор, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Зам. главного редактора: Шурентаев Амангельды, PhD, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Зам. главного редактора: Лебедева Татьяна, д.филол.н., проф., Европейский институт PR,
Париж, Франция

Редакционная коллегия:

Авшар Закир	PhD, профессор, Университет Хаджи Байрам Вели, Анкара, Турция
Алиев Вугар	PhD, профессор, Бакинский государственный университет, Баку, Азербайджан
Асанов Камашке	д.филол.н., профессор, Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, Казахстан
Абишева Вера	д.филол.н., профессор, Карагандинский университет им. Е.А. Букетова, Казахстан
Ауесбай Канат	к.филол.н., КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан
Аширбекова Гулмира	к.филол.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Байгожина Дана	PhD, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Гавра Дмитрий	д.соц.н., профессор, Санкт-Петербургский государственный университет, Россия
Есдаулетов Айтмуханбет	к.филол.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Есенбекова Улбосын	к.филол.н., ассоциированный профессор, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Зор Локман	PhD, ассоциированный профессор, Университет Нийде Омер Халисдемир, Турция
Кендирбай Гульнар	PhD, профессор, Колумбийский университет, Нью-Йорк, США
Куантаев Нуржан	к.филол.н., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Ниязгулова Айгуль	PhD, профессор, Международный университет информационных технологий, Алматы, Казахстан
Окай Айдемир	PhD, профессор, Университет Абант Иззет Байсал, Болу, Турция
Омаров Бауыржан	д.филол.н., профессор, советник Президента РК, Астана, Казахстан
Пронин Александр	д.филол.н., профессор, Университет Гранады, Испания
Сайлауқызы Алма	PhD, Adjunct Assistant профессор, MNU, Астана, Казахстан
Сердали Бекжигит	к.филол.н., профессор, Университет А. Ясави, Туркестан, Казахстан
Тахан Серик	д.филол.н., профессор, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Токтагазин Муратбек	к.филол.н., и.о. профессора, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Туржан Онайгул	к.филол.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Халилов Абдигани	PhD, профессор, Кыргызский гос. университет им. Ж. Баласагуна, Бишкек, Кыргызстан
Шестеркина Людмила	д.филол.н., профессор, Южно-Уральский государственный университет, Челябинск, Россия
Шиндалиева Менликул	д.филол.н., профессор, Университет «Туран», Алматы, Казахстан

Ответственный секретарь: **Рима Шакуова**
Технический секретарь: **Гульзабира Шауенова**
IT-специалист: **Нуржан Кошкенов**

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Янушкевича, 6, каб.304
Тел.: +7(7172) 709- 534, (внутренний: 35 301). Сайт: buljourn.enu.kz. E-mail: vest_journalism@enu.kz

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ЖУРНАЛИСТИКА

Собственник: Некоммерческое акционерное общество «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»

Зарегистрировано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан. Свидетельство о постановке на переучет № KZ07VPY00032398 от 15.02.2021 г.

Периодичность: 4 раза в год. Тираж: 17 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172) 709-500 (вн.31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

МАЗМҰНЫ

ЖАҢА МЕДИА / НОВЫЕ МЕДИА/ NEW MEDIA

<i>А. Сайлауқызы, А. Т. Жамалова.</i> Цифрлық трансформация кезеңіндегі Ұлыбритания журналистикасының нормативтік принциптері.....	
<i>А. Сайлауқызы, А. Т. Жамалова.</i> Нормативные принципы журналистики в Великобритании в условиях цифровой трансформации.....	
<i>A. Sailaukyzy, A. T. Zhamalova.</i> Normative Principles of Journalism in the United Kingdom in the Context of Digital Transformation.....	7
<i>Ф. К. Құлтаева, А. М. Шурентаев, Г. С. Амангелдиева.</i> Цифрлық медиадағы құқықтық реттеу және этикалық жауапкершілік.....	
<i>Ф. К. Құлтаева, А. М. Шурентаев, Г. С. Амангелдиева.</i> Правовое регулирование и этическая ответственность в цифровых медиа.....	
<i>F. K. Kultayeva, A. M. Shurentayev, G. S. Amangeldiyeva.</i> Legal Regulation and Ethical Responsibility in Digital Media.....	23
<i>С. А. Сейдеханов.</i> Мобильная журналистика Казахстана в условиях трансформации медиапроизводства.....	
<i>С. А. Сейдеханов.</i> Медиа өндірісті трансформациялау жағдайындағы Қазақстан мобильді журналистикасы.....	
<i>S. A. Seidekhanov.</i> Mobile Journalism in Kazakhstan Amid Changes in Media Production.....	36
<i>А. М. Саркытова, Қ. Ө. Сақ.</i> Қазақстандық YouTube подкасттарындағы коммуникация этикасы: еркіндік пен жауапкершілік дилеммасы.....	
<i>А. М. Саркытова, К. О. Сак.</i> Коммуникативная этика в казахстанских подкастах на YouTube: дилемма свободы и ответственности.....	
<i>A. M. Sarkytova, K. O. Sak.</i> Communication ethics in Kazakhstani podcasts on Youtube: The Dilemma between freedom and responsibility.....	50

БАҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМ / СМИ И ОБЩЕСТВО / MEDIA AND SOCIETY

<i>Г. Ж. Болатова, Н. Т. Мұлькаман.</i> Халықаралық білім беру бағдарламаларының масс-медиадағы имиджі: «Forbes Kazakhstan» және «The Japan Times» мақалаларына контент-анализ.....	
<i>Г. Ж. Болатова, Н. Т. Мұлькаман.</i> Имидж международных образовательных программ в масс-медиа: контент-анализ статей Forbes Kazakhstan и The Japan Times.....	
<i>G. Zh. Bolatova, N. T. Mulkaman.</i> Image of International Education Programs in Mass Media: Content Analysis of Forbes Kazakhstan and The Japan Times Articles.....	64
<i>Ш. И. Калиаждарова, С. В. Ашенова, Ж. Д. Сейтжанова.</i> Дипфейки в медиасистеме: синтетическая информация и ее влияние на цифровую аудиторию.....	
<i>Ш. И. Калиаждарова, С. В. Ашенова, Ж. Д. Сейтжанова.</i> Медиаэкожүйесіндегі Дипфейк: синтетикалық ақпарат және оның цифрлық аудиторияға әсері.....	
<i>Sh. I. Kaliazhdarova, S.V. Ashenova, Seytzhanova Zh.D.</i> Deepfakes in the Media Ecosystem: Synthetic Information and Its Impact on Digital Audiences.....	79
<i>К. Д. Асанов, Н. К. Сиязбаев.</i> Қазіргі журналистикадағы деректілік және интерактивтілік.....	
<i>К. Д. Асанов, Н. К. Сиязбаев.</i> Датафикация и интерактивность в современной журналистике.....	
<i>K. D. Asanov, N. K. Siyazbaev.</i> Datafication and Interactivity in Modern Journalism.....	101

А. Р. Мұханбетжанова, С. Е. Тапанова, Г. Т. Маркабаева. Қазақ тілді медиамәтіндегі англицизмдердің прагматикалық-функционалдық ерекшеліктері (БАҚ материалдары негізінде).....	
А. Р. Муханбетжанова, С. Е. Тапанова, Г. Т. Маркабаева. Прагматико-функциональные особенности англицизмов в казахскоязычных медиатекстах (сравнительный анализ материалов СМИ).....	
A.R. Mukhanbetzhanova, S.E. Tapanova, G.T. Markabaeva. Pragmatic and Functional Characteristics of Anglicisms in Kazakh-Language Media Texts (A Comparative Analysis of Media Materials).....	111

МЕДИАБІЛІМ БЕРУ / МЕДИАОБРАЗОВАНИЕ / MEDIA EDUCATION

А. А. Асанова. Қырғыз Республикасының имиджі контекстінде «Журналистика» білім беру бағытын трансформациялау.....	
А. А. Асанова. Трансформация высшего образования по направлению «Журналистика» в контексте имиджа Кыргызской Республики.....	
A. A. Asanova. Transformation of Higher Education in Journalism in the Context of the Image of the Kyrgyz Republic.....	131

ӘЛЕМ ЖУРНАЛИСТИКАСЫ / МИРОВАЯ ЖУРНАЛИСТИКА / WORLD JOURNALISM

А. Қайрат, З.К. Буенбаева, Б.З. Толеген. Әлеуметтік желілерде жалған ақпараттың таралуы: Қазақстан мен Қытай материалдарын салыстырмалы зерттеу.....	
А. Қайрат, З. К. Буенбаева, Б. З. Толеген. Распространение фейковых новостей в социальных сетях: сравнительное исследование казахстанских и китайских материалов.....	
A. Kairat, Z. Buyenbayeva, B. Z. Tolegen. The Spread of Fake News on Social Media: A Comparative Study of Kazakhstani and Chinese Content.....	146

ЖУРНАЛИСТИКА ТАРИХЫ / ИСТОРИЯ ЖУРНАЛИСТИКИ / HISTORY OF JOURNALISM

Н.Б. Самет, А.А. Рамазан. Алаш қозғалысы туралы отандық онлайн БАҚ жарияланымдарының визуалды-дискурстық бейнесі: тарихи жадты медиалық конструкциялау.....	
Н.Б. Самет, А.А. Рамазан. Визуально-дискурсивный образ публикаций отечественных онлайн-СМИ о движении «Алаш»: медийное конструирование исторической памяти.....	
N. B. Samet, A. A. Ramazan. The visual-discursive representation of domestic online media publications on the Alash movement: media construction of historical memory.....	171
И. Албатыр, Ж.Б. Есенбек, А.К. Жазыбекова. «Жетісу» газетінің тарихи даму кезеңдері және заманауи медиакеңістіктегі орны.....	
И. Албатыр, Ж.Б. Есенбек, А.К. Жазыбекова. Исторические этапы развития газеты «Жетісу» и ее место в современном медиапространстве.....	
I. Albatyr, J. B. Yesenbek, A. K. Zhazybekova. Historical stages of development of the newspaper “Zhetysu” and its place in the modern media space.....	186



XFTAP 19.01.11

Шолу мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2026-155-2-7-22>

Цифрлық трансформация кезеңіндегі Ұлыбритания журналистикасының нормативтік принциптері

А.Сайлауқызы*¹, А.Т.Жамалова²

¹Лидс университеті, Лидс, Ұлыбритания,

²Мақсұт Нәрікбаев университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹a.sailaukyzy@leeds.ac.uk, ²a_zhamalova@kazguu.kz)

Аңдатпа. Бұл ғылыми шолуда цифрлық трансформация кезеңіндегі Ұлыбританияның журналистік норматив принциптеріне сапалық талдау жасалған. Соңғы жылдардағы жаһандық сипаттағы технологиялық және геосаяси толқулар әлемдік журналистика стандарттарының кей тұстарын қайта қарауға итермелеп жатыр. Алайда, ешқандай өзгеріске қарамастан сақталуы тиіс алтын ережелер де бар. Мақала авторлары өздерінің Ұлыбританиядағы бірнеше жылдық оқу мен тағылымдамасына сүйене отырып, сапалық және теориялық талдау жасап, негізгі қағидаларды айқындауға тырысады. Зерттеу дизайны интерпретативтік ұстанымға сүйенген және теориялық тұрғыдан негізделген салыстырмалы шолу ретінде қалыптастырылды. Бұл тұрғыда нормативтік теориялар журналистиканы оның “қандай болуы тиіс” деген құндылықтық критерийлер арқылы түсіндіреді, ал салыстырмалы медиа жүйелер шеңбері зерттеу нысаны ретінде алынған Ұлыбританияны либералдық модель аясында сипаттауға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында дереккөз ретінде ғылыми мақалалар, нормативтік және институционалдық құжаттар сондай-ақ цифрлық дәуір жағдайындағы журналистиканың трансформациясына арналған академиялық еңбектер пайдаланылды. Өзекті тақырыпты зерттеп, квинтилі жоғары журналдарда жарияланып жүрген ғалымдардың салмақты тұжырымдарына және зерттеу институттарының соңғы есептеріне ден қойылды. Ішінара Қазақстанмен салыстыра отырып, өзекті пайымдаулар жасалды. Ғылыми еңбек журналистикада оқитын студенттер мен оны оқытып жүрген оқытушыларға, сондай-ақ осы тақырыпқа қызығатын зерттеушілерге тың білім мен сараптама көзі ретінде пайдалы болмақ.

Түйін сөздер: Ұлыбритания медиасы, журналистік принциптер, журналистік норматив, цифрлық трансформация.

Түсті: 31.05.2026; Мақұлданды: 18.06.2026; Онлайн қолжетімді: 30. 06. 2026

7

Кіріспе

Цифрлық кезең басталғалы әлемдік журналистика стандарттары мен нормативтеріне де ішінара толықтырулар ене бастады деуге болады. Бұрын қатаң сақталып келген негізгі қағидаттар жаңа технологияның қарқынды дамуымен және билік басындағылардың геосаяси ахуалдың өзгермелі ережелеріне қарай бейімделуіне байланысты біршама өзгеріске ұшырап жатыр. Мәселен, әлеуметтік желілердің пайда болуы мен қарқынды қолданылуы журналистика саласын трансформацияға түсіргенін айтады, журналистика мен коммуникация ғылымын зерттеуші ғалымдар (Zeng & Song, 2018). Әсіресе жасанды интеллект қоғамның көп саласына еніп үлгерген соңғы бірер жылда қоғамдық пікірді қалыптастыруда және елдің демократиялық ұстанымдарын сақтауда маңызды рөл алатын журналистика саласының негізгі ұғымдары жаңа заманға қалай бейімделіп жатыр деген сауал күн тәртібіне шықты. Оның мызғымас ережелеріне не жатады? Қандай жаңа толықтырулар бар? Заманауи журналистиканың іргетасын жалпы не қалыптастырады дей аламыз?

Осы сынды сұрақтарға жаңа сын-қатерлер тұрғысынан ғылыми негізделген тұжырымдармен, әрі Ұлыбритания секілді дамыған елдерді салыстыра отырып, салмақты пайым жасау қазақ коммуникация ғылымы үшін де өзекті болып тұр. Оған себеп, соңғы жылдары Қазақстанда журналистік қағиданы сақтамау былай тұрсын, оның ережелерін жиі бұзатын псевдожурналистика қатты күшейіп келеді дейтін алаңдаушылық жоқ емес. Соның салдарынан бұрын “халықтың құлағы, көзі һәм тілі” (Байтұрсынұлы, 1913) саналып келген бұл сала туралы көпшіліктің көзқарасы өзгеріп, ол көбіне объективтіліктен кері қарай “бұрмаланатын”, “жалған қоғамдық пікір жасаумен айналысатын”, “пропаганданы жиі қолданатын”, “медиажоспардан шыға алмайтын”, “тексерілетін”, “жиі жазаланатын”, “шенеуніктердің әлімжеттігінің объектісі болып бара жатқан”, жалтақ сипатқа ие бола бастады. Ал халық пен билік арасында дәнекер болып келген отандық журналистика институты үшін бұл жауапкершілік пен бедел мәселесі екені айқын. Бұл тұста журналистиканың нормативтік рөлдеріне не кіретінен еске түсіріп, өзге лайықты үлгілердің сипатын талдап, нормативтік принциптерді жан-жақты салыстыру маңызды деп санаймыз.

Осы тақырыпты зерттеген ғалымдар қалыптастырған ең салмақты және мойындалған өзекті теорияның бірі «нормативтік рөлдер... журналистиканың не екенін ғана емес, сонымен қатар оның қандай болуы керектігін де зерттейді» деген қағидаға негізделетінін көреміз. (Christians et al., 2009) Бұл – журналистиканың эмпирикалық сипатынан бұрын, оның қоғамдағы миссиясын, құндылықтарын талдайтын теориялық деңгей. Осы теориядан тарқататын болсақ, кәсіби, әлемдік журналистиканың алтын бесігі саналатын Еуропа, оның ішінде сөз бостандығы индексі бойынша қазір әлемнің 180 елінің ішінде 18-орынды алып тұрған Ұлыбритания (RSF, 2026) жаңа сын-қатерлер мен жаһандық күрделі геосаяси қиындықтар кезіндегі журналистік принцип сұрақтарына қалай жауап бере алуы мүмкін? (Бір айта кетерлігі, баспасөз еркіндігінің ол индексі бойынша Ұлыбритания соңғы бір жылда 20-орыннан 18-орынға көтерілсе, Қазақстан былтырғы 141-орыннан биыл 149-орынға құлдыраған). Цифрлық трансформация талаптарын ескерер болсақ, Ұлыбритания медиасының ұғымындағы бұрынғы және қазіргі нормативтік журналистика деген не? Журналистиканың идеологиясы қандай болуға тиіс? Әртүрлі ұлттық және жергілікті контекстерде “қоғамға қызмет” принципін ұстана алатын журналистикаға ортақ өлшем бар ма? Әлемдік геосаясат турбуленттілігі

кезінде қазіргі журналистиканың демократиямен байланысы қандай дәрежеде деген сияқты сан сауалға жауап беретін сындарлы кезде тұрмыз.

Бұл ғылыми мақаланың мақсаты – осы сауалдарға ғылыми негізделген, салыстырмалы пайымдауларға сүйенген теңгерімді, заман талабына сай және қазақ журналистикасының өзіндік призмасынан жауап іздеу. Мақала авторлары Ұлыбританияда 2018-2019 жылдары магистратура оқу және сол елде 2025-2026 жылдары ғылыми тағылымдамадан өту кезінде алған білімі мен тәжірибелеріне сүйене отырып талдау жасайды.

Әдіснама

Бұл зерттеу Ұлыбритания журналистикасының бұрыннан келе жатқан және заманауи (цифрлық трансформация жағдайындағы) нормативтік принциптерін сапалық тәсілмен талдайды. Зерттеу дизайны интерпретативтік және теорияға негізделген салыстырмалы шолу сипатында құрылды: нормативтік теориялар журналистиканы “қандай болуы тиіс” деген құндылық өлшемі тұрғысынан қарастырса, салыстырмалы медиа жүйелер қаңқасы үлгі етіп алынған Ұлыбританияны либерал модель аясында түсіндіруге мүмкіндік береді. Ал цифрлық трансформация тенденциялары журналистік зерттеу институтының құнды деректеріне сүйене отырып талданған. Талдау дереккөзі ретінде ғылыми мақалалар, нормативтік және институционалдық құжаттар, цифрлық дәуірдегі журналистика трансформациясына қатысты салмақты деректер алынды. Деректер сапалық құжаттық талдау, дискурстық, фреймталдау және тақырыптық кодтау арқылы өңделген, ал нәтижелер теориялық категориялармен (public interest, independence, accountability және т.б.) салыстырыла отырып синтезделеді.

Зерттеудің негізгі тезисі келесідей: Цифрлық трансформация журналистиканың нормативтік өзегін (қоғам мүддесі, тәуелсіздік, есеп берушілік) жоймайды, алайда оны жаңа институционалдық және технологиялық контекстке бейімдей отырып, қайта құруға мәжбүр етеді. Бұл көзқарас журналистиканың кәсіби идеологиясын қатып қалған қағида емес, өзгермелі құндылықтар мен тәжірибелер жиынтығы ретінде қарастыратын тәсілмен үндеседі.

Бұл зерттеудің әдіснамасы сонымен қатар салыстырмалы медиажүйелер теориясына негізделген. Hallin және Mancini (2004) ұсынған модель бойынша Ұлыбритания либералды медиа жүйеге жатады. Онда: а) ақпараттық нарықтың дамуы жоғары; ә) журналистердің кәсіби автономиясы күшейген; б) мемлекет рөлі салыстырмалы түрде шектеулі. Бұл құрылымдық ерекшеліктер цифрлық трансформация кезеңінде нормативтік принциптердің қалай өзгеретінін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Зерттеудің үшінші теориялық негізі – журналистиканың цифрлық дәуірдегі трансформациясы. Қазіргі зерттеулер журналистиканың тек технологиялық емес, сонымен қатар кәсіби мәдениет пен идеология деңгейінде қайта құрылып жатқанын көрсетеді. Ал осыған дейінгі ғылыми зерттеу мақалаларында құрылған модельдер әлемдік геосаясат пен ақпаратты тарату ережелі қысым мен идеологияның әсерінен өзгере бастады. Қазақ журналистикасы да өз бағдарын соған сай бір қайта айқындап алатын жолайрықта тұр деуге келеді. Сондай-ақ цифрландыру қарқыны журналистиканың теориялық түсіндірілуін қайта қарастыру қажеттігін туындатып отыр (Deuze & Witschge, 2017).

Айта кетерлік бір жайт, мақала сандық деректерге емес, сапалық интерпретацияға негізделген. Сол себепті нәтижелер негізінен теориялық түсіндіру деңгейінде қарастырылады. Сонымен қатар, медиажүйелердің ұлттық ерекшеліктері нормативтік принциптердің толық әмбебаптығын белгілі бір деңгейде шектеуі мүмкін.

Талқылау

Аталған тақырып бойынша негізгі талқылаудың басын журналистік норма деген не деген сұраққа тереңірек жауап іздеуден бастасақ. Журналистикадан тыс салада норма – бұл белгілі бір топқа түсінікті, сол топтың әлеуметтік мінез-құлқын бағыттап, шектеп отыратын ережелер мен стандарттар (Ciadini & Trost, 1998). Мысалы, университеттің дәріс залында өзіндік ережелер бар, оларды бұзсаңыз, сотқа тартылмайсыз, бірақ барша студент пен оқытушы оларды қалыпты стандарт ретінде қабылдайды. Ал “Коммуникацияның халықаралық энциклопедиясында” журналистика нормаларына журналистердің кәсіби қызметін бағыттайтын ортақ стандарттарға объективтілік, дәлдік, әділдік, тәуелсіздік сияқты қағидалар жататыны айтылған (Donbash, 2012).

Christians бастаған ғалымдар айтатын McQuail дәстүріне сай, журналистиканың нормативтік функцияларын 1) қоғам мүддесіне қызмет ету 2) шындық/дәлдік, 3) тәуелсіздік, 4) есеп берушілік құрайды (Christians et al., 2009). Алайда осы тұста Ұлыбританияға тән ерекшелік, яғни либерал модель тұрғысынан қарасақ, біз батыл түрде Hallin & Mancini жазған ғылыми талдауларға сүйене аламыз. Ол бойынша Ұлыбритания Liberal Model, яғни нарыққа бейім, кәсіби автономия жоғары жүйеге жатады (Hallin & Mancini, 2004). Сондықтан британдық түсінікте нормативтік журналистика:

- мемлекеттен тәуелсіз
- «төртінші билік»
- нарық және кәсіби этика балансынан тұрады (1-кесте).

Бірақ осы жерде мына бір маңызды жайтты ескеру қажет: Hallin & Mancini (2004) моделі тек Батыс демократияларына (Батыс Еуропа, Солтүстік Америка) негізделген, яғни шектеулі. Мәселен, Қазақстан мен Ресей бұл модель шеңберіне енгізілмеген. Дегенмен, кейінгі зерттеулер бұл модельді кеңейтіп, Ресей сияқты елдерді салыстырмалы түрде талдай бастады (Labio Bernal et al., 2024). Hallin мен Mancini ұсынған модель бастапқыда Батыс демократияларға негізделгеніне қарамастан, Labio Bernal бастаған ғалымдар ғылыми мақаласында Ресей мен Қазақстан сияқты посткеңестік елдерді гибриді медиа жүйелер ретінде қарастырылады. Олар белгілі бір деңгейде поляризацияланған плюралистік модельдің белгілерін көрсеткенімен, бұл елдерде мемлекеттік билік ықпалының басымдығы және журналистік автономияның әлсіздігі айқын байқалады.

1-кесте. Медиажүйелердің салыстырмалы моделі (Hallin & Mancini, 2004)

Критерий	Полярланған плюралистік модель (Mediterranean / Polarized Pluralist)	Демократиялық корпоративтік модель (Democratic Corporatist)	Либерал модель (North Atlantic / Liberal)
Географиялық қамту	Оңтүстік Еуропа (Италия, Испания, Греция, Франция)	Солтүстік және Орталық Еуропа (Германия, Нидерланды, Скандинавия)	Ұлыбритания, АҚШ, Канада, Ирландия
Медиа нарығының дамуы	Әлсіз, элиталық баспасөз	Жоғары дамыған, қоғамдық БАҚ күшті	Өте жоғары, коммерциялық БАҚ басым
Газеттердің таралуы	Төмен	Жоғары	Орташа-жоғары

Саяси параллелизм (media-politics байланысы)	Өте жоғары (партиялық БАҚ)	Орташа (тарихи байланыс бар, бірақ әлсіреген)	Төмен (формалды бейтараптық)
Журналистиканың кәсібилігі	Әлсіз	Өте жоғары	Жоғары
Мемлекет рөлі	Қатты араласу	Белсенді, бірақ институционалды реттелген	Шектеулі араласу
Негізгі медиа логикасы	Саяси және идеологиялық	Қоғамдық келісім (consensus-oriented)	Нарықтық (market-driven)
Журналистиканың басты функциясы	Саяси позицияны тарату	Қоғамдық диалог пен келісімді қолдау	Ақпарат тарату

Сонымен, журналистік нормалардың мақсаты не? Әрине, шынайы өмірде журналистика идеалдан алыстау болып жататын кез көп. Бірақ идеал құндылықтарды қазықтап қоймасақ, біз журналистиканы сынай да алмайтынымызды ескеру керек. Сол үшін біз нормалары берік, құндылығы биік, кәсіби мамандар ұмтылуға тиіс журналистика сипаты қандай болуы керек дегенде, бірнеше ғалымның өзекті ойларына сүйене аламыз. Журналистиканың негізгі элементтерінің бірі ретінде білім өндіруді (knowledge production) атайтын зерттеулер баршылық. Мәселен, Koljonen журналистиканың өзгерісін бес негізгі өлшеммен түсіндірсе, соның ең біріншісі ретінде білімді, содан кейін мақсатты аудиторияны, билікті, сосын уақыт пен әдепті қояды (Koljonen, 2020). Stephen Coleman болса журналистиканың қоғамдық қызмет моделі туралы жанжақты теориялық талдау жүргізе келе, оның қоғам мүддесіне жұмыс істеуі, демократиялық процестерге үлес қосуы қажеттігін ғылыми тұрғыдан негіздейді (Coleman, 2014).

Қазіргі журналистика туралы зерттеу жобаларын жасап жүрген ғалымдардың пайымдауына сүйене отырып, идеалды журналистиканың келесідей үш негізгі тірегі бар батыл сеніммен айта аламыз.

1. Білім өндіру (knowledge production)

Ақпарат жай қайталаудан тұрмайды, ол нақты, тың білім беруі қажет.

2. Қоғамға қызмет (public service)

Журналистика бизнеске, саясаткерлерге, мемлекет басшыларына немесе діни көшбасшыларға емес, қоғамға қызмет етуі тиіс.

3. Рационалдылық (rationality)

Журналистика «Мен айттым, бітті және бұл – абсолютті шындық» дегенге негізделсе, ол – қателікке апарар жол. Міндетті түрде кәсіби, конструктивті, қисынды, яғни рационалды көзқарас пен рационалды талқылау болуы қажет.

Үш тірек: білім өндіру, қоғам игілігі үшін қызмет және рационалдылық – нормативтік журналистиканың іргетасы. (Y. Zeng, personal communication, March 18, 2026). Осыны есте сақтай отырып, шынайы өмірдегі екі түрлі журналистиканы шатаспай ажырата алу абзал: шынайы журналистика және журналистикаға ұқсас, бірақ шын мәнінде оған жатпайтын жалған псевдожурналистика. Мәселен, YouTube-тен кездейсоқ бір видео көрдік делік. Ол видеода журналистік нормаға сай келмейтін контекст бар делік. Алайда ол «The Telegraph» газетінің әлеуметтік парақшасына жарияланған. Ал «The Telegraph» – Ұлыбританиядағы беделді газет ұжымы, журналистикамен кәсіби түрде айналысатын

ұйым. Бірақ көрген видеоңыз автоматты түрде журналистика өнімі деуге келе ме? Жоқ. Егер нормаға сай болмаса, қайда жарияланғаны маңызды болмай қалуы мүмкін. Өйткені журналистика білім өндіру, қоғамға қызмет ету және рационалды болу деген талапқа сай болса ғана нормативке сай қызмет ете алады. Сол үшін осы саланы меңгеріп жатқан болашақ кәсіби мамандарға журналистиканың демократиямен байланысы, қоғамға қызмет ретіндегі рөлі және нағыз журналистика мен басқа мүддені көздейтін медиаконтенттің айырмашылығын жиі талқылатып үйреудің маңызы зор болып тұр.

Әдейі редакциялық материалға ұқсас етіп жасалғана қылы контенттерді де ажырату өте маңызды. Ондай проблема бүгінгі таңда Ұлыбританиядан шығатын беделді газеттерде де ара-тұра кездесіп тұрады. Журналистикаға ұқсас, бірақ шын мәнінде журналистикаға жатпайтын материалдар өте көп. Оларды ажырату үшін Ұлыбританияның коммуникация ғалымы, PhD ғылым докторы Yuan Zeng (Y.Zeng, personal communication, March 18, 2026) үш тіректі арқау етуді ұсынады:

1. Бұл материал білім өндіруді, білім таратуды көздей ме?

2. Ол рационалдылыққа негізделген бе?

3. Бұл контент PR ма, корпоративтік немесе мемлекеттік мүдде ме, әлде қоғам игілігі үшін жасалған ба?

Осы тұста “қоғам” ұғымының мәнін де журналистика нормативі тұрғысынан айқындап алған дұрыс. Журналистика – жалпы өзінің табиғаты бойынша қоғамдық дүние. Сондықтан журналистика теориясын талқылағанда, қоғам ұғымы – ең негізгі ұғым. Джеймс Кэрей журналистиканың пайда болуынан бастап, яғни XVIII ғасырдан бері журналистика қоғамда және қоғам үшін өмір сүріп келе жатқанын айтады (Carey, 2007). Дәстүрлі түрде қарар болсақ, қоғам көбіне географияға байланысты ұйымдасқан. Адамдар бір жерде өмір сүргендіктен, бір қоғамды құраған. Ал қазіргі таңның шындығына сай, концептуалды тұрғыдан алғанда, қоғамның мүшесі кез келген адам бола алады. Біз үйімізден шығып, қоғамдық істерге қандай да бір деңгейде араласа бастаған сәттен бастап, тыңдау арқылы, талқылау арқылы, жазу немесе оқу арқылы біздің әрқайсымыз қоғамның мүшесіне айналамыз.

Бұқаралық ақпарат құралдары пайда болған соң, адамдар енді бұрынғы қоғам мүшелері сияқты қала алаңына жиналып, бетпе-бет жаңалық талқыламайтын болды. Оның орнына радио тыңдады, теледидар көрді немесе Ұлыбританияда «The Guardian», ал Қазақстанда «Жас Алаш» секілді газеттерді оқыды. Мысалы, британ азаматы «The Guardian» газетінен бір бағанды оқығанда, ол ешқашан кездестірмейтін, бәлкім ешқашан жолықпайтын басқа оқырмандармен бірге бір қоғамды құрайды. Неге? Өйткені «The Guardian» журналистика формасы ретінде қоғамдық қызмет атқарады: ол адамдарды байланыстырып, қоғам қалыптастырады.

Бұл «қоғам» бірдей ақпарат алады, рационалдылыққа негізделген контент тұтынады және соның арқасында саналы, ақпаратқа негізделген шешімдер қабылдай алады. Міне, қоғамдық мүдде журналистикасының мақсаты да осы. Бүгінде Ұлыбританияның өзінде көп адам дәстүрлі журналистиканы (BBC қарау, газет оқу) тұтынбауы мүмкін. Оның орнына TikTok, Instagram сияқты әлеуметтік платформаларда уақыт өткізеді. Енді осы жерде келесі сұрақ туындайды: TikTok-та миллиондаған, тіпті миллиардтаған адам бар. Сонда біз «TikTok қоғамы» деп айта аламыз ба? Саны жағынан – иә. Бірақ мәселе тек көлемде емесі түсінікті. Не үшін біз контент көреміз? Бұл бізді бір-бірімізбен байланыстыра ма? Бұл орта қоғамдық құндылық қалыптастыра ма? Мәселе сонда. Әлеуметтік медиа дәуірінде бәрі өзгерді. Бұл – қоғамдық мүдде журналистикасын

түсінудегі ең үлкен қиындықтардың бірі. (Y. Zeng, personal communication, March 18, 2026).

Егер заманауи журналистикаға нормативтік анықтама бергіміз келсе, Чарли Беккеттің анықтамасы ең ұтымдыларының бірі: “Журналистика – қоғамда болып жатқан оқиғаларды түсіндіру мақсатында оларды бақылау, зерттеу және хабарлау тәжірибесі; оның кең мақсаты – ақпараттанған әрі өзін-өзі басқара алатын қоғам қалыптастыру» (Beckett, 2008). Мұндағы ең маңызды бөлік – «өзін-өзі басқаруға қабілетті қоғам қалыптастыру». Журналистика ең алдымен, қоғам өзін-өзі басқара алуы үшін қажет қызмет. Міне, біз қоғамдық мүдде журналистикасы дегенде айтылатын дүние осы болса керек.

Қоғамда цифрлық өзгеріс қарқынды жүріп жатыр. Ендеше, “Цифрлық трансформация дәуірінде журналистиканың заманауи сипаты қандай болуы қажет?” деген сұрақ төңірегінде дәл қазір осы саланың көптеген ғалымы толғанып жатқаныны қисынды. Ұлыбританияның астанасындағы беделді UCL университетінің әлеуметтік және тарихи ғылымдар институтына қарасты журналистиканы зерттеуші ғалымдардың пайымдауынша, «БАҚ ақпарат пен пікір алмасу үшін ғана алаң ұсынып қана қоймайды, ол сондай ақ қоғамға, есеп беру көзі болып табылады...» (Farrell & James, 2025). Сондай-ақ олардың пікірінше, саясаткерлер БАҚ-тың қоғаммен байланыс орнатудағы және есеп беру механизмі ретіндегі рөлін, тіпті бұл «ыңғайсыз болған кезде де» құрметтеуі керек.

Журналистика – қоғам мүшелерінің хабардар болу құқын қамтамасыз ететін де қызмет. Өйткені “шынайы ақпараттан хабардар азаматтар демократия үшін өте маңызды: адамдар алған ақпаратына сүйене отырып өз келешегі үшін дауыс береді, наразылық білдіреді және саяси өмірге қатысу құқын қолдана алады” (Annadaly, 2025). Демек, “идеал журналистика” ақпаратқа еркін және жария кеңістікті қалыптастырады, демократиялық диалогты қолдайды және қоғамдық сенімге негізделеді екен. Алайда сол “қоғамға қызмет” принципі әмбебап па? Hallin мен Mancini ұсынған салыстырмалы теорияға сүйене отырып талдар болсақ (1-кесте), БАҚ жүйелері саяси, әлеуметтік және мәдени жағдайларға байланысты әртүрлі болады (Communication Research, 2026). Осыдан келіп келесі маңызды аралық тұжырым жасай аламыз: бір ғана әмбебап модель жоқ, өйткені әр елде саяси жүйе, мәдениет пен мемлекет рөлі әртүрлі, соған сай әр елдің журналистикасының сипаты да бір-бірінен өзгешелеу болады. Соған қарамастан, барлығына ортақ өзек бар, олар – қоғам мүддесі, дәл ақпарат ұсыну міндеті және қоғам алдындағы жауапкершілік. Мұны ғылым тілінде шектеулі әмбебаптық (weak universality) деп атайды.

Ұлыбританияның Оксфорд университетіндегі Журналистиканы зерттеудің Reuters институты былтыр жариялаған “Цифрлық жаңалықтар туралы есеп» (Digital News Report, 2025) біздің тақырыптың мәнін тереңірек ашуға көмектеседі. Онда ақпараттың ең басты көзі ретінде әлеуметтік желілер мен видео платформалардың көптеп қолданылуы, жастардың әлеуметтік желіге тәуелділігінің артуы, дәстүрлі медианың әлсіреуі мәселесі және “newsfluencers” феномені туралы сөз қозғалады. Аталған феноменнің мәні әлеуметтік желілерде блогерлер, YouTube-шылар, TikTok авторлары жаңалықты интерпретациялайтын негізгі тұлғаларға айнала бастайды дегенге саяды. Бұл жағдай бүкіл әлемдегі дәстүрлі журналистикаға баламалы медиа экожүйесін қалыптастырады. Алайда, ең қауіптісі сол, ол цифрлық құралдарды басты ақпарат көзі ретінде қолданған адамдардың 58%-ы онлайн ақпараттың дұрыстығын ажырату қиын екенін айтқан (2-кесте). Алаңдататын бір жайт, цифрлық платформалар өздері жаңалық жасамаса да,

алгоритмдерін қолданып, сол контентті қалың бұқараға ұсынады және жаңалықтарды адамдарға жекелендіріп (personalize) береді (Y. Zeng, personal communication, March 18, 2026).

2-кесте. Digital News Report-2025 бойынша цифрлық трансформацияның соңғы тенденциялары (Reuters institute, 2025)

№	Тенденция	Ғылыми сипаттамасы	Эмпирикалық дәлел
1	Әлеуметтік желі мен платформалардың үстемдігі	Жаңалық тұтыну дәстүрлі медиадан (TV, баспасөз, сайттар) әлеуметтік желі мен видео платформаларға ауысты.	Әлеуметтік медиаға тәуелділік артып, дәстүрлі медиаға қызығушылық төмендеген.
2	Видео-контенттің доминантқа айналуы	Жаңалықтарды мәтіннен гөрі видео форматта қабылдау деңгейі өсіп келеді.	Видео тұтыну 52%-дан 65%-ға артқан (2020-2025).
3	Жастар аудиториясы медиақолданысының өзгеруі	Жастар жаңалықты көбіне әлеуметтік желі мен платформалар арқылы алады, дәстүрлі медиадан алшақтаған.	18-24 жастағылардың 44%-ы жаңалықтың негізгі көзі ретінде цифрлық платформаларды атайды.
4	“Баламалы медиа экожүйесінің” қалыптасуы	Жаңалық өндірісі мен таратуда блогерлер, YouTube, TikTok-контент жасаушылар маңызды рөлге ие болуда.	«Newsfluencers» феномені қалыптасып жатыр.
5	Жаңалық пен аудиторияның фрагментациясы	Ақпарат тұтыну бір орталықтан емес, әртүрлі платформа арқылы бөлшектеніп жүзеге асып жатыр.	Аудитория бірнеше платформадан жаңалық алады, жаңалықты тұтас қабылдау қабілеті әлсіреп барады.
6	Дәстүрлі медианың дағдарысы	Дәстүрлі БАҚ аудиториямен байланысын жоғалтып, сенім мен қызығушылық деңгейі төмендеген.	Жаңалыққа қызығушылық деңгейі төмен, ал сенім деңгейі салыстырмалы түрде әлсіз.
7	Ақпараттық сенім дағдарысы және мисинформация	Әлеуметтік желілерде жалған ақпараттың таралу қаупі артып, аудитория ақпарат сапасына күмәнмен қарайды.	58% аудитория ақпараттың дұрыстығын ажырату қиын дейді.
8	Алгоритмдік және платформалық ықпал	Жаңалықты тұтыну редакциялық емес, алгоритмдік сүзгі (platform logic) арқылы қалыптасып жатыр.	Аудитория жаңалықты платформалар мен алгоритмдер арқылы қабылдайтын болды.

9	AI және жаңа технологиялардың енуі	Жаңалық табу және тексеруде AI құралдары (чатботтар т.б.) белсенді қолданылуда.	AI жаңалық көзі ретінде қарастырыла бастады.
10	Жаңалықтан саналы түрде бас тарту (news avoidance)	Аудиторияның бір бөлігі «ақпараттық шаршау» әсерінен жаңалықтан әдейі бас тартады.	Жаңалықтан саналы түрде бас тарту (news avoidance) көптеген елде артып келеді.

Бұл есеп пен кестедегі басты сипаттамалардан түйетініміз, цифрлық платформалар жаңалық таратуда жетекші арнаға айналып, аудитория мінез-құлқына түбегейлі әсер етіп бастады. Алайда бұл трансформация ақпарат сапасы мен медиа сенім деңгейіне қатысты жаңа тәуекелдер тудырып жатқанын да мойындауымыз қажет. Reuters институтының Digital News Report-2025 деректері цифрлық медиа кеңістіктің трансформациясы 1) платформалану (platformisation), 2) видеолану (video turn) және 3) аудиторияның фрагментациясы арқылы көрініс тауып жатқанын аңғартады. Сонымен бірге бұл өзгерістер жаңа ақпараттық тәуекелдерге, атап айтқанда сенім дағдарысы, мисфинформация және дәстүрлі журналистиканың институционалдық әлсіреуімен қатар жүріп жатыр.

Цифрлық трансформация журналистиканың технологиялық негізін ғана емес, оның нормативтік құрылымын да өзгертіп отыр. Дәстүрлі қағидалар (объективтілік, қоғамға қызмет, білім беру) алгоритмдік басқару, платформалық делдалдық және аудитория метрикаларына бейімделген жаңа нормалармен трансформацияланып бастады. Осы орайда журналистиканың бұрыннан келе жатқан нормативтері мен жаңа талаптарға сай болуды көздеген халықаралық жаңа ережеге назар аударуымыз шарт. Цифрлық платформаларды басқару жөніндегі нұсқаулықтар – UNESCO әзірлеген халықаралық құжат, оның мақсаты: Онлайн ортада сөз бостандығын, ақпаратқа қол жеткізу құқығын және адам құқықтарын қорғау, сонымен қатар жалған ақпарат, өшпенділік тілі және манипуляция мәселелерін реттеу. Оның басты жауапты тараптары: билік, цифрлық платформалар, медиа, азаматтық қоғам, академиялық орта және технологиялық қауымдастық деп көрсетілуі де көп жайды аңғартады (UNESCO, 2025) Ол нұсқаулыққа сүйене отырып, цифрлық трансформация кезіндегі басты нормативтік қағидалар қатарына келесілерді жатқыза аламыз:

1. Алгоритмдердің ашықтығы – платформалардың жұмыс принципін ашық ету.
2. Платформалардың жауапкершілігі – әлемдегі ең басты цифрлық платформаларды басқарып отырған Big Tech жауапкершілігін арттыру.
3. ЖИ этикасы – бейтараптықты, дәлдікті сақтау және авторлық құқықты қорғау.
4. Контенттің шынайылығы – AI/жасанды контентті белгілеу.
5. Қоғамдық мүдде журналистикасы – алгоритмге емес, қоғамға қызмет ету.

Соңғы жылдардағы цифрлық трансформация мен жаһандық геосаяси қысымдар бұрыннан келе жатқан мызғымас қағидаттарға өзгеріс енгізе бастағанын айттық. Негізі журналистика мен демократия ұғымы бұрыннан өте ұқсас, егіз түсінік десек болады. Журналистика туралы оқулық жазған Brian McNair пікірінше, «Журналистика мен демократия тарихы тығыз байланысты» (McNair, 2009). Өйткені демократиядағы ақпарат беру, қоғамдық пікір қалыптастыру және билікті бақылау сияқты негізгі функциялар журналистика міндетімен үндес. Бірақ соңғы жылдардағы сын-қатерлер

қатарына саяси поляризация, дезинформация (зиянды және әдейі жаңылыстыратын ақпарат), мисинформация (ақпараттық кеңістіктің кеңірек және байқаусызда ластануы) және әлеуметтік медианың өлшеусіз әлеуетінің күннен күнге кеңеюін жатқыза аламыз. Бір ғана ЖИ алгоритмдері тұтынушыға нені көріп, нені көрмеу керегін шешетін күшке айналып барады. Ал редакция басшыларының алдынан материалды тәжірибелі редакторға тексерткен жөн бе, әлде жылдам ЖИ құралына сенген жөн бе деген дилемма шыға бастады. Жоғарыда тілге тиек болған UCL зерттеуі (Farrell & James, 2025) БАҚ тәуелсіздігі мен плюрализм өте маңызды, бірақ оларға түрлі сипаттағы саяси және технологиялық қысым күшейе түсуде екенін анықтап отыр. Оның үстіне цифрлық трансформация жағдайында бұрынғы демократиялық ережелерге біраз өзгеріс ене бастады. Мәселен, зерттеуші Alem Febri Sonni (Sonni, 2025) пікірінше, «цифрлық трансформация дегеніміз – жаңалықтардың қалай жасалатынын, таратылатынын және тұтынылатынын өзгертетін түбегейлі революция». Яғни қазіргі заманда ақпараттың қалай таратылатыны мен оны қалай тұтылатынын да өзгерістер күтіп тұр.

Бір жаңа мысал. 2026 жылдың көктемінде әлеуметтік желіге Ramita Navai атты журналистің жасаған мәлімдеме шықты. Ол Ұлыбританияның басты қоғамдық телеарнасы BBC-дің палестиналық дәрігерлер туралы зерттеу фильміне тапсырыс беріп, бірақ кейін эфирге шығармай қойғанын мәлімдеді («The Guardian», 2025). Журналистің пікірінше, BBC басшылығы саяси қысымнан және «бейтараптық» стандартын ұстанбайтын болып көрінуден қорыққан. Бірақ «Gaza Doctors Under Attack» фильмін дәл сол Ұлыбританияның басқа телеарнасы – «Channel 4» көрсетіп, нәтижесінде сол фильмнің шығармашылық тобы беделді BAFTA TV Awards марапатын алды. Айта кетсек, сол батылдық танытқан Channel Four Television Corporation 1982 жылдан бері Англия жұртшылығына хабар таратып келеді.

Әрине, BBC сияқты ұйымдар да осы нормативтік, ортақ журналистік құндылықтарды, идеалдарды, қоғамдық консистенттілікті мойындайды. Алайда «BBC мұны айтуға уәде берді, бірақ орындамады» деп шағымдану тетігі әзірге жоқ. BBC инклюзивті болуға уәде береді, бірақ нақты бір хабарламасында олар толық инклюзивті немесе бейтарап емес болды деп кесіп айту қиындық тудыруы мүмкін. Дегенмен болған жағдай қоғам алдындағы медиаұйымның беделіне елеулі нұқсан келтірді дей аламыз. Ұлыбританиядағы журналистика саласының ғалымдарының өзі BBC-ді кейбір оқиғаларға байланысты үнемі сынға алып жатады. Бірақ сол сынға қарамастан, BBC-дің бар болуының және елдегі қоғамдық өмір үшін мәнінің жоғары екенімен де келіседі. (Y.Zeng, personal communication, March 18, 2026).

Осыдан келіп дәл қазіргі таңда журналистік норматив саласында біршама дағдарыс туып тұр дей аламыз. Күрделі дилеммалар кезеңі басталды деуге болады. Қайсысын таңдау қажет: бейтараптықты ма, адамгершілікті ме? Жылдамдықты ма, әлде дәлдікті ме? Одақтас ел мүддесін бе, әлде жалпыадамзаттық мейірімді ме? Қайсысына сенім арту керек: жасанды интеллектке негізделген алгоритмдерге ме, әлде бұрыннан келе жатқан редакторлық бақылауға ма? Сенім мәселесі де жаңа қиындықтарды еңсеруі керек болып тұр. Steensen және Ahva атты зерттеушілердің пайымдауынша, цифрландыру «журналистиканы түсінуге көмектесетін теорияларды қайта бағалау» қажеттілігін тудырды (Steensen & Ahva, 2014). Демек осы соңғы жылдарда жасалған ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, журналистік нормативтік теориялар қайта қарастырылып жатыр, алайда негізгі қазық болған басты құндылықтар сақталады деуге негіз бар.

Қорытынды

Ұлыбританиядағы журналистика саласы өзінің бай тәжірибесімен де, әлемге үлгі нормативтерімен де, сонымен бірге осы бағытты зерттеп, ғылыми әлеуетіне салмақты пайым жасаған зерттеушілерімен де танымал. Цифрлық трансформация кезінде жаңа шындыққа бейімделу барысы Қазақстан журналистика ғылымы үшін де маңызды деп санаймыз. Жаңа сын-қатерлер мен жасанды интеллект революциясы кезінде өзгеріске ұшырайтын және мызғымай қалатын құндылықтарға талдау жасап, Қазақстан ерекшелігіне сай салмақты тұжырымдар түзу аса маңызды деп санаймыз.

Қорытындылай келе, цифрлық революция кезеңіндегі журналистика қоғамдағы үдерістерді бақылау, түсіндіру және жариялау арқылы ақпараттанған, өзін-өзі басқара алатын азаматтық кеңістікті қалыптастыруға бағытталған маңызды әлеуметтік институт болуы қажет дей аламыз. Ол тек ақпарат пен пікір алмасу алаңы ғана емес, сонымен қатар билікке есеп беруді қамтамасыз ететін қоғамдық бақылау тетігі ретінде де қызмет атқарғаны абзал (Farrell & James, 2025). Ал азаматтардың сапалы әрі шынайы ақпаратқа қолжеткізуі олардың саяси белсенділігін, таңдау жасауын және демократиялық құқықтарын жүзеге асыруын айқындайды. Әрине, цифрлық трансформация жағдайында журналистиканың мазмұн өндіру, тарату және тұтыну тәсілдері түбегейлі өзгеріске ұшырап отыр (Sonni, 2025). Осыған сәйкес, заманауи журналистиканың тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі қағидаттар ретінде білім өндіру, қоғамға қызмет ету және рационалдылық принциптері айрықша маңызға ие екенін ұмытпауымыз қажет.

Дәстүрлі әдістер мен су жаңа құралдардың басын бір жерге тоғыстырып, жолайрықта тұрған, түрлі талап пен қысымға тап болған отандық журналистиканың бағдарын түзеп, негізгі миссиясын ұмыттырмай, өзегін мықты ету үшін, журналистік норматив тұрғысынан басты құндылықтарды айқындап, өзгермелі ережелерге ертерек сараптама жүргізген абзал. Ақпарат тасқыны заманында елімізде мықты кәсіби журналистерді дайындау мен оларға пайдалы, өзекті білім беру мақсаты сол кезде өз мақсатына жетеді деп пайымдауға негіз бар.

Авторлар үлесі:

Сайлауқызы А. – хат-хабар авторы. Шолу мақаланың тақырыбын, құрылымын түзіп, кіріспе мен негізгі бөлімді жазушы. Ұлыбритания ғалымдарының дәрістеріне тікелей қатысып, соңғы ғылыми тұжырымдар туралы пікір алмасушы.

Жамалова А. – екінші автор, әдебиетке шолу және қорытынды бөлімдерді жазған. Кестелерді ғылыми тақырыпқа бейімдеп дайындаған.

Алғыс білдіру

Авторлар осы ғылыми мақаланы дайындауға ғылыми тұрғыда бағыт-бағдар беріп, құнды пікір ұсынып, әрдайым әріптестік қолдау көрсеткені үшін Ұлыбританиядағы Лидс университеті Медиа және коммуникация мектебінің профессоры, PhD Dr. Юан Зенг ханымға шынайы алғыс білдіреді. Оның әлемдік және Ұлыбритания журналистикасын жан-жақты әрі терең зерттеудегі еңбегі, сондай-ақ қоғамдық мүдде журналистикасын дамытуға қосып жүрген үлесі зерттеу жұмысының мазмұнын байытуға ықпал етті.

Әдебиеттер тізімі:

Annadaly (2025) The journalist's role in democracy. In: Introduction to Journalism. College of Western Idaho Pressbooks. [Онлайн] Қолжетімді: <https://cwi.pressbooks.pub/introductiontojournalismandnewswriting/chapter/the-journalists-role-in-democracy/> (қаралған күні: 15.05.2026).

Байтұрсынұлы, А. (1913) «Қазақ» газеті (1913–1918). «Қазақ» газеті: мақалалар жинағы. Құраст.: Ү. Субханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сахов. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.

Beckett, C. (2008) SuperMedia: Saving journalism so it can save the world. Malden, MA: Wiley-Blackwell.

Carey, J.W. (2007) 'A short history of journalism for journalists: A proposal and essay', The International Journal of Press/Politics, 12(1), pp. 3–16. <https://doi.org/10.1177/1081180X06297603>

Cialdini, R.B. and Trost, M.R. (1999) 'Social influence: Social norms, conformity, and compliance', in Gilbert, D., Fiske, S. and Lindzey, G. (eds.) The Handbook of Social Psychology. Vol. 2. Boston: McGraw-Hill.

Coleman, S. (2014) 'Journalism and the public-service model: In search of an ideal', in The Oxford Handbook of Political Communication. Oxford: Oxford University Press, pp. 333–344. <https://doi.org/10.1093/oxfordhb/9780199793471.013.76>

Christians, C.G., Glasser, T.L., McQuail, D., Nordenstreng, K. and White, R.A. (2009) Normative theories of the media: Journalism in democratic societies. Urbana: University of Illinois Press.

Deuze, M. and Witschge, T. (2017) 'Beyond journalism: Theorizing the transformation of journalism', Journalism, 19(2), pp. 165–181. <https://doi.org/10.1177/1464884916688550>

Donsbach, W. (ed.) (2012) The International Encyclopedia of Communication. Malden, MA: Wiley-Blackwell. <https://doi.org/10.1002/9781405186407>

Farrell, C. and James, L. (2025) The role of the media in democracies: What is it and why does it matter? (2nd edn). London: UCL Constitution Unit. [Онлайн] Қолжетімді: <https://www.ucl.ac.uk/social-historical-sciences/constitution-unit/constitution-unit-publications/constitution-unit-briefings/role-media-democracies-what-it-and-why-does-it-matter> (қаралған күні: 15.05.2026).

Hallin, D.C. and Mancini, P. (2004) Comparing media systems: Three models of media and politics. Cambridge: Cambridge University Press.

Koljonen, K. (2020) 'The shift from high to liquid ideals: Making sense of journalism and its change through a multidimensional model', Nordicom Review, 34(S1), pp. 141–153. <https://doi.org/10.2478/nor-2013-0110>

LabioBernal, A., RubiraGarcía, R. and Pocevicienė, R. (2024) 'Comparing media systems: A new critical academic reading', Media and Communication, 12. <https://doi.org/10.17645/mac.8357>

McNair, B. (2009) 'Journalism and democracy', in Wahl-Jorgensen, K. and Hanitzsch, T. (eds.) The Handbook of Journalism Studies. London: Routledge, pp. 237–249. <https://doi.org/10.4324/9780203877685-27>

Media systems (n.d.) In: Communication Research. [Онлайн] Қолжетімді: <https://communication.iresearchnet.com/media/media-systems/> (қаралған күні: 15.05.2026).

Reporters Without Borders (2026) United Kingdom. [Онлайн] Қолжетімді: <https://rsf.org/en/country/united-kingdom> (қаралған күні: 16.07.2026).

Reuters institute (2025) Digital News Report. [Онлайн] Қолжетімді: <https://reutersinstitute.politics.ox.ac.uk/digital-news-report/2025/dnr-executive-summary> (қаралған күні: 16.07.2026).

Sonni, A.F. (2025) 'Digital transformation in journalism: Mini review on the impact of AI on journalistic practices', *Frontiers in Communication*, 10, 1535156. <https://doi.org/10.3389/fcomm.2025.1535156>

Steensen, S. and Ahva, L. (2014) 'Theories of journalism in a digital age: An exploration and introduction', *Journalism Practice*. <https://doi.org/10.1080/17512786.2014.928454>

The Guardian (2025) BBC Gaza medics documentary impartiality coverage. [Онлайн] Қолжетімді: <https://www.theguardian.com/world/2025/jun/20/bbc-gaza-medics-documentary-impartiality-coverage> (қаралған күні: 16.07.2026).

UNESCO (2025) Guidelines for the governance of digital platforms. [Онлайн] Қолжетімді: <https://www.unesco.org/en/articles/guidelines-governance-digital-platforms> (қаралған күні: 16.07.2026).

Zeng, Y. and Song, Y. (2018) 'The social foreign correspondent: Reconfiguring journalistic branding research in the age of social media', *Popular Communication*, 16(4), pp. 293-308.

А. Сайлауқызы*¹, А.Т. Жамалова²

¹ *Университет Лидса, Лидс, Великобритания*

² *Университет Максута Нарикбаева, Астана, Қазақстан*

Нормативные принципы журналистики в Великобритании в условиях цифровой трансформации

Аннотация. В данном научном обзоре представлен качественный анализ нормативных принципов журналистики Великобритании в условиях цифровой трансформации. Технологические и геополитические изменения глобального характера последних лет побуждают к переосмыслению ряда стандартов мировой журналистики. Вместе с тем существуют базовые нормы, которые должны сохраняться вне зависимости от происходящих изменений. Авторы статьи, опираясь на собственный опыт обучения и стажировки в Великобритании, проводят качественный и теоретический анализ, направленный на выявление ключевых принципов. Дизайн исследования основан на интерпретативном подходе и представлен в виде теоретически обоснованного сравнительного обзора. В рамках исследования нормативные теории рассматривают журналистику через ценностные критерии того, «какой она должна быть», тогда как методология сравнительных медиа-систем позволяет охарактеризовать Великобританию как пример либеральной модели.

В качестве источников использованы научные статьи, нормативные и институциональные документы, а также академические исследования, посвящённые трансформации журналистики в цифровую эпоху. Особое внимание уделено выводам ведущих исследователей, публикуемых в высокорейтинговых научных журналах. Проведён частичный сравнительный анализ с казахстанским контекстом, позволивший сформулировать актуальные исследовательские выводы. Результаты исследования могут быть полезны студентам, изучающим журналистику, преподавателям, а также исследователям, интересующимся данной проблематикой.

Ключевые слова: медиасистема Великобритании, принципы журналистики, нормативная журналистика, цифровая трансформация.

A. Sailaukyzy*¹, A.T. Zhamalova²

¹ *University of Leeds, Leeds, United Kingdom*

² *Maqsut Narikbayev University, Astana, Kazakhstan*

Normative Principles of Journalism in the United Kingdom in the Context of Digital Transformation

Abstract. This study presents a qualitative analysis of the normative principles of journalism in the United Kingdom in the context of digital transformation. Recent global technological and geopolitical shifts have prompted a reassessment of certain standards within contemporary journalism. However, despite these changes, there remain fundamental principles that must be preserved. Drawing on their academic studies and internship experience in the United Kingdom, the authors conduct a qualitative and theoretically grounded analysis aimed at identifying key normative principles. The research design is based on an interpretative approach and is structured as a theoretically informed comparative review. Within this framework, normative theories conceptualise journalism through value-based criteria of what journalism “ought to be,” while the comparative media systems approach allows the United Kingdom to be analysed within the liberal model.

The study draws on a range of sources, including scholarly articles, normative and institutional documents, as well as academic research focusing on the transformation of journalism in the digital era. Particular attention is given to the arguments of leading scholars publishing in high-impact academic journals. A partial comparison with the Kazakhstan’s context is also incorporated to develop relevant analytical insights. The findings of this study may be useful for journalism students, educators, and researchers interested in this field.

Keywords: UK media system, journalistic principles, normative theory of journalism, digital transformation.

References:

Annadaly (2025) The journalist’s role in democracy. In: Introduction to Journalism. College of Western Idaho Pressbooks. [Online] Available at: <https://cwi.pressbooks.pub/introductiontojournlismandnewsriting/chapter/the-journalists-role-in-democracy/> (Accessed: 15 May 2026).

Baytursynuly, A. (1913) «Qazaq» gazeti (1913–1918). «Qazaq» gazeti: maqala-lar zhinagy [«Kazakh» newspaper (1913–1918). «Kazakh» newspaper: collection of articles]. Compiled by: U. Subkhanberdina, S. Dautov and K. Sakhov. Almaty: Qazaq entsiklopediyasy, 1998. [In Kazakh]

Beckett, C. (2008) SuperMedia: Saving journalism so it can save the world. Malden, MA: Wiley-Blackwell.

Carey, J.W. (2007) ‘A short history of journalism for journalists: A proposal and essay’, The International Journal of Press/Politics, 12(1), pp. 3–16. <https://doi.org/10.1177/1081180X06297603>

Cialdini, R.B. and Trost, M.R. (1999) ‘Social influence: Social norms, conformity, and compliance’, in Gilbert, D., Fiske, S. and Lindzey, G. (eds.) The Handbook of Social Psychology. Vol. 2. Boston: McGraw-Hill.

- Coleman, S. (2014) 'Journalism and the public-service model: In search of an ideal', in *The Oxford Handbook of Political Communication*. Oxford: Oxford University Press, pp. 333-344. <https://doi.org/10.1093/oxfordhb/9780199793471.013.76>
- Christians, C.G., Glasser, T.L., McQuail, D., Nordenstreng, K. and White, R.A. (2009) *Normative theories of the media: Journalism in democratic societies*. Urbana: University of Illinois Press.
- Deuze, M. and Witschge, T. (2017) 'Beyond journalism: Theorizing the transformation of journalism', *Journalism*, 19(2), pp. 165-181. <https://doi.org/10.1177/1464884916688550>
- Donsbach, W. (ed.) (2012) *The International Encyclopedia of Communication*. Malden, MA: Wiley-Blackwell. <https://doi.org/10.1002/9781405186407>
- Farrell, C. and James, L. (2025) *The role of the media in democracies: What is it and why does it matter?* (2nd edn). London: UCL Constitution Unit. [Online] Available at: <https://www.ucl.ac.uk/social-historical-sciences/constitution-unit/constitution-unit-publications/constitution-unit-briefings/role-media-democracies-what-it-and-why-does-it-matter> (Accessed: 15 May 2026).
- Hallin, D.C. and Mancini, P. (2004) *Comparing media systems: Three models of media and politics*. Cambridge: Cambridge University Press.
- Koljonen, K. (2020) 'The shift from high to liquid ideals: Making sense of journalism and its change through a multidimensional model', *Nordicom Review*, 34(S1), pp. 141-153. <https://doi.org/10.2478/nor-2013-0110>
- LabioBernal, A., RubiraGarcía, R. and Pocevicienė, R. (2024) 'Comparing media systems: A new critical academic reading', *Media and Communication*, 12. <https://doi.org/10.17645/mac.8357>
- McNair, B. (2009) 'Journalism and democracy', in Wahl-Jorgensen, K. and Hanitzsch, T. (eds.) *The Handbook of Journalism Studies*. London: Routledge, pp. 237-249. <https://doi.org/10.4324/9780203877685-27>
- Media systems (n.d.) In: *Communication Research*. [Online] Available at: <https://communication.iresearchnet.com/media/media-systems/> (Accessed: 15 May 2026).
- Reporters Without Borders (2026) United Kingdom. [Online] Available at: <https://rsf.org/en/country/united-kingdom> (Accessed: 16 July 2026).
- Reuters Institute (2025) *Digital News Report*. [Online] Available at: <https://reutersinstitute.politics.ox.ac.uk/digital-news-report/2025/dnr-executive-summary> (Accessed: 16 July 2026).
- Sonni, A.F. (2025) 'Digital transformation in journalism: Mini review on the impact of AI on journalistic practices', *Frontiers in Communication*, 10, 1535156. <https://doi.org/10.3389/fcomm.2025.1535156>
- Steensen, S. and Ahva, L. (2014) 'Theories of journalism in a digital age: An exploration and introduction', *Journalism Practice*. <https://doi.org/10.1080/17512786.2014.928454>
- The Guardian (2025) *BBC Gaza medics documentary impartiality coverage*. [Online] Available at: <https://www.theguardian.com/world/2025/jun/20/bbc-gaza-medics-documentary-impartiality-coverage> (Accessed: 16 July 2026).
- UNESCO (2025) *Guidelines for the governance of digital platforms*. [Online] Available at: <https://www.unesco.org/en/articles/guidelines-governance-digital-platforms> (Accessed: 16 July 2026).
- Zeng, Y. and Song, Y. (2018) 'The social foreign correspondent: Reconfiguring journalistic branding research in the age of social media', *Popular Communication*, 16(4), pp. 293-308.

Авторлар туралы мәлімет:

Сайлауқызы А. – хат-хабар авторы, журналистика бойынша PhD ғылым докторы, Лидс университетінің шақырылған қонақ-ғалымы, LS6 2PG, Alma көшесі, Луптон резиденциясы, Лидс, Ұлыбритания.

Жамалова А.Т. – журналистика ғылымдарының магистрі (UK), Мақсұт Нәрікбаев университеті Халықаралық журналистика мектебінің деканы, MNU, Қорғалжын тас жолы 8, 010000, Астана, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Сайлауқызы А. – авторкорреспонденции, PhD в области журналистики, приглашённый исследователь Университета Лидса, LS6 2PG, улица Alma, резиденция Lupton, Лидс, Великобритания.

Жамалова А.Т. – магистр журналистики (Великобритания), декан Международной школы журналистики Университета имени Максута Нарикбаева, MNU, Коргалжинское шоссе, 8, 010000, Астана, Казахстан.

Information about the authors:

Sailaukyzy A. – corresponding author, PhD in Journalism, Visiting Scholar at the University of Leeds; LS6 2PG, Alma Road, Lupton Residences, Leeds, United Kingdom.

Zhamalova A. T. – Master of Journalism (UK), Dean of the International School of Journalism, Maqsut Narikbayev University. MNU, 8 Korgalzhyn Highway, 010000, Astana, Kazakhstan.



ХҒТАР 19.31

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2026-155-2-23-35>

Цифрлық медиадағы құқықтық реттеу және этикалық жауапкершілік

Ф.К. Култаева¹ , А.М. Шурентаев^{*2} , Г.С. Амангелдиева³ 

^{1,2,3} Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹kultaevafk@gmail.com, ^{*2}aman.shurentayev@gmail.com, ³gulmirasabyr8@gmail.com)

Аңдатпа. Мақалада цифрлық медиадағы журналистің кәсіби этикасы, құқықтық жауапкершілік мәселелері, ақпараттық кеңістіктің трансформациясы мен жаңа технологиялардың журналистік қызметке ықпалы қарастырылады. Автор цифрлық журналистикадағы этикалық нормалар мен құқықтық реттеудің байланысы және жалған ақпарат, авторлық құқық, жеке өмірді қорғау сынды өзекті мәселелерді талдап, таразылайды. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, медиакеңістіктің цифрлануы жағдайында журналистік қызметтің мазмұны, жұмыс әдістері және жауапкершілік өлшемдері түбегейлі өзгеріске ұшырады. Зерттеу жұмысының мақсаты – цифрлық медиадағы құқықтық нормалар, этикалық қағидалардың тиімділігін бағалау және үйлесімді қолданылу аясын талдау. Талқылау бөлімінде журналистік этиканың іргелі қағидаттарын цифрлық коммуникациялық орта талаптарына бейімдеу тетіктері, жалған ақпараттың (дезинформация) алдын алу және жеке деректерді қорғау мәселелері халықаралық және қазақстандық тәжірибелер негізінде салыстырмалы-талдамалық әдіс арқылы зерделенеді, тиімділігі сараланады. Нәтижелер цифрлық журналистика жағдайында кәсіби жауапкершілік пен институционалдық этикалық реттеуді күшейтуге бағытталған ғылыми-негізделген ұсынымдарды жүйелеуге септігін тигізеді. Құқықтық нормаларды жетілдірумен қатар, кәсіби этикалық стандарттарды күшейту қажеттілігі негізделді. Зерттеу медиа құқық пен коммуникация саласының дамуына үлес қосады және жауапты цифрлық орта қалыптастыруға бағытталған.

Түйін сөздер: цифрлық журналистика, медиаэтика, құқықтық жауапкершілік, жалған ақпарат, авторлық құқық.

Түсті: 1.05.2026; Мақұлданды: 14.06.2026; Онлайн қолжетімді: 30. 06. 2026

Кіріспе

Соңғы жылдары цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы, әлеуметтік желілер мен түрлі онлайн-платформалардың көбеюі ақпаратты жасау мен тарату тәсілдерін айтарлықтай өзгертті. Заманауи журналистика қоғамдық пікір қалыптастырудың, әлеуметтік жауапкершілік пен этикалық мәдениетті дамытудың негізгі тетігіне айналды. Ақпараттық қоғамда медианың тізгінін ұстаған журналистің қызметі аса жауапты, жауапкершілік жүгі әрдайым салмақты.

Бүгінгі медианың басты құндылығы – ақпараттың шынайылығы мен сенімділігі. Десек те медиакеңістікте жалған ақпараттың таралуы, манипулятивті контент, жеке өмірге қол сұғу және авторлық құқықты бұзу сынды өткір мәселелер жиі кездеседі. Журналист кәсібінің этикалық және құқықтық өлшемдерін сақтау қоғам сенімін қамтамасыз етудің шешуші факторы деп есептейміз.

Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» (1999 ж.) және «Ақпараттандыру туралы» (2015 ж.) заңдары ақпараттық материалдардың сапасына, дәлдігіне және жариялау кезіндегі жауапкершілікке нақты талаптар қойып отыр. Халықаралық ЮНЕСКО, Internews және MediaNet (2023) сынды ұйымдар медианың этикалық стандарттарын жетілдіру және жалған ақпаратпен күрес бағытында түрлі бастамаларды жүзеге асырып келеді.

Зерттеу жұмысымыздың өзектілігі цифрлық журналистиканың дамуы мен ақпараттық ортадағы жаңа сын-қатерлердің артуымен айқындалады. Айта кетейік, жылдам өзгермелі әлемде журналистің кәсібилігі этикалық жауапкершілік пен құқықтық сауаттылықпен өлшенеді. Цифрлық медиадағы журналистің этикасы мен құқықтық жауапкершілігін талдап, таразылау медиа саласының тұрақты әрі сенімді дамуының маңызды алғышарты. Зерттеу нәтижелері қазіргі медиада кәсіби жауапкершілікті арттыруға және этикалық мәдениетті нығайтуға бағытталған.

Әдебиетке шолу

Цифрлық медиа кеңістігінің қарқынды дамуы журналистикадағы этикалық және құқықтық өлшемдердің қайта қаралуын талап етуде. Бұқаралық ақпарат құралдары мен онлайн-платформаларда ақпараттың шынайылығы, жариялану тәсілі және қоғамдық салдары ерекше өзектілікке ие (Есімова, Jinsheng және Ким, 2023). Журналистік этика – журналист пен медиа ұйымдардың кәсіби міндеттерін, қоғам алдындағы жауапкершілігін анықтайтын жүйе. Ғылыми зерттеулерде журналистік этика мен жауапкершіліктің мазмұны және қоғам алдындағы рөлі егжей-тегжейлі қарастырылған (Даутбек және Каршиғаева, 2023). Этикалық практика мен теория арасындағы алшақтыққа назар аударып, әлеуметтік-экономикалық, саяси және жеке факторлар кейде этикалық нормалардың бұзылуына әсер ететінін көрсеткен зерттеулер де бар (Жақсылықбаева және Бакенова, 2023).

Цифрлық журналистика дәстүрлі журналистикадан ақпарат тарату жылдамдығы, интерактивтілік деңгейі, мультимедиялық тәсілдердің кең қолданылуы және аудиторияның белсенді қатысуы секілді маңызды ерекшеліктерімен сипатталады (Reuters Institute, 2023). Америкалық медиа-зерттеуші Джон Павлик (2013) өзінің «Journalism and New Media» атты еңбегінде цифрлық платформалардың дамуы журналистиканы «реалтайм мәдениетіне» итермелеп, ақпаратты дәл әрі жылдам жеткізуді басты талапқа айналдырғанын атап өтеді.

Цифрлық ортада ақпараттың таралуы жоғары жылдамдықпен жүріп, аудитория белсенділігі артқан сайын этика мәселелері күрделене түседі. Онлайн мәдениетке тән кликбейт, манипулятивті тақырыптар және әлеуметтік желінің ықпалы этикалық стандарттарға қарсы келетін практикаларды күшейтеді.

Құқықтық жауапкершілікті журналистік этикамен тығыз байланыста зерделейміз. Журналист материалы құқықтық жағынан дұрыс болуы қажет, заң талаптарын сақтауы тиіс. Аталмыш мәселелерде құқықтық аспектілер мен кәсіби кодекс қатар қойылады (Бакенова, 2022). Яғни, этикалық нормаларды сақтау және заңнамалық талаптарды орындау журналистиканың беделі мен қоғамның сенімін қамтамасыз етудің маңызды шарты (UNESCO, 2018).

Америкалық медиа зерттеуші, коммуникация және журналистика профессоры, Оңтүстік Калифорния университетінің оқытушысы Генри Дженкинс «Медиа конвергенциясы» ұғымын ғылыми айналымға енгізіп, жаңа медиа дәуіріндегі дәстүрлі және цифрлық ақпарат көздерінің өзара бірігуін сипаттады.

Г.Дженкинстің (2006) «Convergence Culture: Where Old and New Media Collide» атты еңбегінде журналист тек ақпарат жеткізуші ғана емес, медиажүйенің барлық кезеңінде белсенді қатысушы тұлғаға айналғаны айтылады. Профессордың пікірінше, қазіргі журналистика аудиториямен интерактивті байланысқа негізделген десек, аудитория енді пассивті қабылдаушы емес, ақпаратты өндіруші және таратушы белсенді субъект деп көрінеді.

Амстердам университетінде қызмет атқаратын нидерландтық медиа және коммуникация профессоры М. Деузе цифрлық журналистиканы мәдени және ұйымдастырушылық трансформация деп қарастырған. М. Деузенің (2008) «Understanding Journalism as Newswork» атты зерттеуінде цифрлық журналистиканың үш негізгі өлшемі көрсетіледі:

Технологиялық өлшем – ақпарат өндіру мен тарату құралдарының цифрлануы және жаңа платформалардың (интернет, әлеуметтік желілер, мобильді қосымшалар) пайда болуы;

Ұйымдастырушылық өлшем – жаңалық өндірісінің дәстүрлі редакциялардан тәуелсіз онлайн платформаларға, блогтар мен подкасттарға көшуі;

Мәдени өлшем – аудиторияның енді тек ақпарат тұтынушыдан контент өндірушіге айналуы, яғни журналистика мен қоғам арасындағы шекараның жойылуы.

М. Деузенің пікірінше, үдеріс журналистің рөлін түбегейлі өзгертіп, ақпараттық мәдениетті қалыптастырушы және қоғамдық диалог жүргізуші тұлғаға айналдырады.

Цифрлық журналистика дәуіріндегі этикалық стандарттардың трансформациясын медиаэтика және журналистика философиясы саласының халықаралық деңгейде танылған зерттеушісі, профессор Стивен Джеймс Энтони Уорд (2015) алғашқылардың бірі болып «digital ethics» (цифрлық этика) ұғымын ғылыми айналымға енгізіп, онлайн кеңістіктегі журналистік мінез-құлықтың жаңа өлшемдерін ұсынған. С. Уорд пікірінше, қазіргі журналистің басты міндеті тек ақпарат жеткізу емес, сонымен қатар қоғамдық диалог мәдениетін дамыту және ақпараттың этикалық тұтастығын сақтау. Профессор цифрлық дәуірдегі журналистиканы жаһандық жауапкершілік пен қоғамдық сенімге негізделген кәсіби жүйе деп қарастырады. Көптеген халықаралық бұқаралық ақпарат құралдары мен редакциялар өздерінің «Digital Ethics Guidelines» (цифрлық этика нұсқаулықтарын) қабылдап, журналистердің әлеуметтік желілердегі әрекетіне,

дереккөздерді пайдалануына және онлайн-коммуникациядағы этикалық шектеулерге қатысты нақты стандарттар енгізуде (Ward, 2018).

Әдіснама

Зерттеу мақаламыз Қазақстандағы цифрлық медиадағы журналистік этика мен құқықтық жауапкершіліктің қазіргі жағдайын талдау мәселесіне арналған. Әдеби шолу бөлімінде Қазақстандық және шетелдік ғылыми еңбектер, мақалалар және ресми құжаттар сараланды.

Жұмыста сауалнама әдісі журналистер арасында этикалық нормалар мен құқықтық жауапкершілікке қатысты пікірлерді жинауға қолданылды. Мәліметтер, деректер мен дәйектер статистикалық өңдеуден өткізіліп, жиілік талдаулар мен пайыздық көрсеткіштер есептелді. Контент-анализ әдісі БАҚ-тағы және онлайн платформалардағы жарияланымдарды талдауда пайдаланылып, журналистік практикадағы этикалық және құқықтық аспектілерді анықтауға көмектесті. Құқықтық-нормативтік талдау барысында Қазақстан Республикасының заңнамасы мен медиа саласындағы ережелер зерттелді.

Нәтижелер мен талқылау

Цифрлық медиада жиі кездесетін этикалық мәселелердің бірі – кликбейт (clickbait) құбылысы. Ұғым интернеттегі материалдардың оқырман назарын тарту үшін қасақана сенсациялық немесе адастыратын тақырыптармен безендірілуін білдіреді. Кликбейт мақсаты – қолданушыны сілтемеге клик жасауға итермелеу және сайтқа трафик тарту (Chen, Z. and Rubin, 2021).

Кликбейттің негізгі белгілері сенсациялық немесе арандатушы тақырыптар (мысалы, «Бәрі таң қалды!»), нақты емес немесе асыра сілтеген уәделер («Сен бұған сенбей қаласың!»), эмоцияға әсер ететін мазмұн мен манипулятивті иллюстрациялар. Кликбейт этикалық емес тәсіл. Аудиторияны адастырады, сенімділікті төмендетеді және ақпараттың мазмұнын бұрмалайды.

Қазақстандық медиа кеңістікте этикалық нормалардың сақталмауы мен манипулятивті контенттің таралуы жиі кездеседі. Әсіресе жаңалықтық Telegram арналары мен әлеуметтік желідегі пабликтер аудитория назарын аудару үшін тақырыпты әдейі бұрмалап немесе мазмұнмен сәйкес келмейтін кликбейт тәсілдерін қолданады.

Халықаралық тәжірибеде 2025 жылдың маусым айында Le Monde (2025) басылымы Мексиканың ірі медиахолдингтерінің бірі – «Televisa» компаниясына қатысты деректердің таралғанын жариялады.

Тергеу нәтижесінде кейбір журналистермен продюсерлер белгілі тұлғалармен ұйымдар қарсы тараптардың беделін түсіру және қоғамдық пікірді бағыттау үшін жалған ақпарат пен манипуляциялық сюжеттер дайындаған. Іс журналистік этиканың шындыққа сай ақпарат тарату, бейтараптық және адалдық нормаларының бұзылғанын көрсетті. Оқиға қоғамда үлкен наразылық тудырып, мексикалық журналистиканың беделіне нұқсан келтірді. Сарапшылар БАҚ-та этикалық бақылау мен ішкі жауапкершілікті күшейту қажеттігін атап өтті.

Қазіргі медиажүйенің тұрақты дамуы үшін редакцияларда фактчекинг бөлімдерін күшейту, кликбейт және манипулятивті контентке қарсы кәсіби стандарттар енгізу, медиаэтика бойынша тренингтер мен семинарлар өткізу, онлайн контентті автоматты түрде мониторингтеу үшін ЖИ құралдарын қолдану өзекті (Internews Kazakhstan, 2025).

Қазақстанда медиаэтиканы реттеу саласында соңғы жылдары бірқатар оң өзгерістер байқалады. Журналисттердің құқықтық және этикалық жауапкершілігі «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» (1999) және «Ақпараттандыру туралы» (2015) заңында айқын көрсетілген. Құжаттар ақпаратты тарату кезінде дәлдік пен шынайылықты қамтамасыз етуге, жеке өмір мен ар-намысты қорғауға, авторлық құқықты сақтау міндеттерін бекітеді.

«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» және «Ақпараттандыру туралы» Заңында жарияланатын ақпараттың шындыққа сәйкестігі мен дәлдігіне жауапкершілік, жеке өмірге қол сұқпау, адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғау, жалған немесе расталмаған ақпарат таратуға тыйым салу, авторлық құқықты сақтау және дереккөзді көрсету міндеттілігі сынды нормалар бекітілген.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі бастамасымен 2022 жылы «Журналистердің кәсіби этикасы кодексі» (2012) жаңартылып, онлайн-контент өндірушілердің, блогерлер мен цифрлық медиа қызметкерлерінің этикалық жауапкершілігі айқындалды.

Кодексте ақпарат көзін міндетті түрде көрсету, авторлық құқықты сақтау, фейк және манипулятивті контент таратпау, көпұлтты қоғамда мәдени және діни сезімталдықты сақтау секілді жаңа нормалар енгізілді. Тәжірибеде нормалардың орындалуы әлі де тұрақты мониторинг пен кәсіби қоғамдастықтың белсенді қатысуын талап етеді.

Қазақстандағы медиасауаттылықты арттыру және журналистердің кәсіби этикасын қолдау бағытында бірнеше ұйым белсенді жұмыс істеуде. Мысалы, Factcheck.kz, Mass Media Alliance of Kazakhstan, және Internews Kazakhstan ұйымдары журналистерге арналған тренингтер, семинарлар және практикалық оқыту бағдарламаларын жүзеге асырып келеді. Бастамалар ақпараттық сенімділікті арттыруға және журналистердің этикалық және құқықтық жауапкершілігін нығайтуға бағытталған.

Зерттеу барысында цифрлық медиада журналистің кәсіби этикасы мен құқықтық жауапкершілігінің өзара тығыз байланысы бар екені айқындалды.

1-кесте. Құқықтық және этикалық аспектілерді талдау

Цифрлық журналистика			
Этика	Құқықтық жауапкершілік	Қоғам алдындағы сенім	Ақпараттың жылдам таралуы
Фактчекинг Деректерді тексеру Аудиторияға жауапкершілік	Авторлық құқық Жеке өмірді сақтау Дербес деректер	Ақпараттың шынайылығы Медианың беделі	Цифрлық орта ерекшелігі

Ескерту: деректер MediaNet сайтының негізінде құралған [1]

1-кестеге көрсетілгендей, цифрлық журналистика жаңа құқықтық және этикалық мәселелерге тап болуда. Қазіргі медиа саласында ақпараттың шынайылығы мен әділдігі аса маңызды. Журналистер өз қызметін заң шеңберінде атқаруы тиіс. Этикалық нормаларды сақтау қоғам сенімін арттыруға ықпал етеді. Цифрлық платформалардың дамуымен фейк жаңалықтар мен манипуляциялардың таралуы күшейді.

Этикалық нормаларды сақтау қазіргі журналистиканың негізгі сапалық көрсеткішіне айналып отыр. Журналист қоғам сенімін сақтау үшін ақпараттың шынайылығын тексеруге, жеке өмірге қол сұқпауға және деректердің құпиялығын қорғауға міндетті. Материалды бірінші болып жариялау немесе аудитория назарын аудару мақсатында тексерілмеген ақпарат қолданылса журналистің кәсіби беделіне, медианың қоғам алдындағы сенімділігіне де нұқсан келтіреді.

Жалған ақпаратпен күрес цифрлық журналистикадағы өзекті мәселе. Ақпарат тарату жылдамдығы артқан сайын фактчекингтің маңызы күшейе түскенімен көптеген журналистер мен медиа қызметкерлер деректерді тексерудің жүйелі әдістерін қолданбайды. Медиа сауаттылық деңгейін көтеру және фактчекинг дағдыларын кәсіби тұрғыда жетілдіру қажеттігін айғақтайды.

Дамыған медиажүйелерде этикалық және құқықтық бақылау тиімді жұмыс істейді. Мысалы, BBC мен Reuters секілді агенттіктерде арнайы этикалық кеңестер мен ішкі бақылау механизмдері бар. Қазақстанда тетік әлі де даму сатысында. Көбіне редакциялық деңгейде ғана жүзеге асады.

Медиа саласындағы қызметкерлер мен білім алушылардың цифрлық журналистикадағы этика мен құқықтық жауапкершілікке көзқарасын анықтау мақсатында онлайн әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға Астана, Алматы, Қарағанды облыстарынан 50 респондент қатысты (20-сы кәсіби журналист, 30-ы журналистика білім беру бағдарламасының студенті).



2-кесте. Аудиторияға жүргізілген сауалнама мазмұны мен нәтижесі

№	Сұрақ мазмұны	«Иә» (%)	Жоқ» (%)
1	Этикалық нормаларды сақтау маңызды деп санайсыз ба?	92 %	8%
2	Фейк ақпаратпен күресте фактчекингті қолданасыз ба?	77 %	23%
3	Құқықтық жауапкершілігіңізді білесіз бе?	55%	45%
4	Ақпараттық манипуляциялар мен дезинформация журналистік қызметке қауіп төндіреді деп санайсыз ба?	70%	30%
5	Медиа этика пәні жеткілікті деңгейде оқытылады ма?	50%	50%

Сауалнама нәтижелері практикалық тұрғыда этикалық нормалардың сақталмайтынын және журналистердің едәуір бөлігі авторлық құқық, жеке өмірді қорғау және дербес деректерді жариялау нормаларын меңгермегенін байқатты. Ендеше, әр бөлім бойынша жеке-жеке талдау жүргізіп көрелік.

1-сурет. Этикалық нормалар (сауалнама нәтижесі)

1-суретте көрсетілгендей, этикалық нормалардың маңыздылығы бойынша 92% респондент этиканы сақтауды өте маңызды деп есептесе, 8% респондент мәселеге мән бермейтінін көрсетті. Кәсіби және студенттік ортада этикалық сана жоғары. Респонденттердің басым бөлігі этикалық нормаларды журналистикадағы кәсіби жауапкершіліктің негізгі бөлігі деп таниды.





2-сурет. Фейк ақпаратпен күрестегі фактчекинг (сауалнама нәтижесі)

Фейк ақпаратпен күресте фактчекингті қолдану бойынша респонденттің 77% фактчекинг тәсілін қолданатынын, 23% респондент қолданбайтынын немесе сирек қолданатынын көрсетті. Нәтижеге сүйенсек, цифрлық журналистикада фактчекинг мәдениетінің әлі де қалыптасу кезеңінде екенін, фактчекингті кәсіби стандарт деп дамыту маңыздылығын аңғартады.


3-сурет. Құқықтық сауаттылық деңгейі (сауалнама нәтижесі)

Құқықтық сауаттылық деңгейін анықтау бойынша сұраққа респонденттің 55% өз құқықтық міндеттерін білетінін, 45% респондент заңнаманы толық білмейтінін мойындады. Респонденттер жалған ақпарат тарату, жеке өмірге қол сұғу және авторлық құқықты бұзу сияқты нақты құқықтық нормалар мен санкциялар туралы хабарсыз екендерін көрсетті.



4-сурет. Ақпараттық манипуляциялар мен дезинформация қаупі (сауалнама нәтижесі)

Ақпараттық манипуляциялар мен дезинформация журналистер үшін кәсіби қызметтегі басты қауіп-қатердің бірі. 4-суретте көрсетілгендей, ақпараттық манипуляциялар мен дезинформация қаупіне қатысты 70% респондент құбылыс журналистиканың беделі мен қоғам сеніміне қауіп төндіреді деп есептейді. Респонденттің 30% қауіптің маңызын төмен бағалайды.



5-сурет. Медиаэтиканың білім беру сапасы (сауалнама нәтижесі)

«Медиа этика пәні жеткілікті деңгейде оқытылады ма?» деген сұраққа 50% респондент медиаэтика пәні жеткілікті деңгейде оқытылады деп есептейді. Қалған 50% респондент пәннің сапасы мен мазмұнына қанағаттанбайтынын жеткізеді. Студенттердің жартысы медиаэтика пәнінің мазмұны қазіргі заман талаптарына сәйкес келмейтінін, оқу бағдарламаларын жаңарту қажеттігін атап өтті.

Сауалнама нәтижелерін қорытындылай келе, цифрлық журналистика саласында үш негізгі үрдісті сараладық. Алғашқы үрдіс кәсіби этика мойындалғанымен, сақтау деңгейі біркелкі емес. Яғни редакциялық бақылау мен өзін-өзі реттеу жүйесін жетілдіру қажет. Келесі үрдіс фейк ақпаратқа қарсы мәдениет қалыптасып келеді. Десек те фактчекингті жүйелі түрде енгізу және оқу процесінде кеңінен қолдану маңызы күн сайын артуда. Біз байқаған соңғы үрдіс құқықтық және этикалық білім беруді күшейту, студенттер мен жас журналистерге арналған тәжірибелік курстар мен тренингтер ұйымдастырудың өзектілігі.

Зерттеу нәтижесіне сүйеніп, цифрлық журналистика қоғамдық сенім мен этикалық жауапкершілікті қалыптастыратын орта ретінде дамуы тиіс.

Қорытынды

Цифрлық журналистика дәуірі ақпарат өндіру мен тарату мәдениетін жаңғыртуда. Аталған үдеріс медиа кеңістіктің ашықтығын арттырып, аудиториямен байланыс қарқынын күшейтіп, құқықтық және этикалық мәселелер күрделене түсті. Ақпараттың жылдам таралуы, әлеуметтік желілер ықпалы, кез келген пайдаланушының контент авторына айналуы дәстүрлі журналистика қағидаттарын қайта пайымдауды қажет етті. Нәтижесінде жалған ақпарат, манипуляция, жеке өмірге қол сұғу, авторлық құқықтың бұзылуы сынды қауіптер айқын көріне бастады.

Зерттеу нәтижелері Қазақстанда цифрлық журналистиканың этикалық және құқықтық негіздері әлі де даму сатысында екендігін көрсетті. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» және «Ақпараттандыру туралы» заңында журналистің құқықтық міндеттері айқындалғанымен, этикалық реттеу жүйесі жетілдіруді қажет етеді. Елімізде «Медиа Альянс Қазақстан» сияқты кәсіби бірлестіктердің рөлі артып келеді. Бірлестіктер халықаралық тәжірибені бейімдеп, редакциялар мен медиа ұйымдарда өзін-өзі реттеу тетіктерін енгізу арқылы этикалық мәдениетті нығайтуға ықпал етуде.

Халықаралық тәжірибе (IPSO, SPJ, CDJM) журналистиканың тұрақтылығы мен қоғам сенімінің деңгейі кәсіби қауымдастықтардың ашықтығы мен жауапкершілігіне тәуелді екенін дәлелдейді. Қазақстан медиасында этикалық кодекстерді тиімді іске асыру, кликбейт пен фейк контентке қарсы кәсіби стандарттарды енгізу, журналистердің цифрлық этика саласындағы біліктілігін арттыру ақпараттық кеңістіктің сенімділігі мен сапасын қамтамасыз етудің негізгі шарты.

Зерттеу деректері цифрлық медианы реттеу тек заңнамалық шаралармен шектелмеуі

керектігін көрсетті. Құқықтық нормалар ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі тетігі саналады және кәсіби этика талаптарымен ұштасқанда ғана тиімділік артады. Медиа сауаттылықты арттыру да өзекті бағыттардың бірегейі. Аудитория ақпаратты сыни тұрғыдан талдай алғанда жалған контенттің таралу қарқыны төмендейді. Журналистер мен медиа өкілдері кәсіби стандарттарды сақтаумен қатар, қоғамдық жауапкершілікті де терең сезінуі қажет.

Түйіндей айтқанда, цифрлық медиада құқықтық реттеу мен этикалық жауапкершілік өзара тығыз байланыста дамиды. Үйлесімді ұстаным ақпарат сапасын жақсартып, қоғамдағы сенім деңгейін нығайтады. Цифрлық журналистикадағы этикалық мәдениетті дамыту мен құқықтық жауапкершілікті күшейту заманауи медианың кәсіби деңгейін көтерудің және қоғам сенімін нығайтудың басты бағыты.

Авторлардың қосқан үлесі:

Култаева Ф.К. – ақпараттарды жинау, әлеуметтік сауалнама жүргізу, жұмыс нәтижелерін талдау, деректерді дәйектеу.

Шурентаев А.М. – хат-хабар авторы, зерттеу жұмысын терең талдап, ғылыми дереккөздермен салыстырмалы зерттеу жүргізу, редакциялау, толықтырулар енгізу.

Амангелдиева Г.С. – мақаланың мазмұнын сыни тұрғыдан қарау, библиографиялық талдау жасау, академиялық сапасын арттыру.

Әдебиеттер тізімі:

MediaNet International Centre for Journalism (2023) Fake News Monitoring Report. Алматы. [Онлайн] Қолжетімді: <https://medianet.ngo/> (қаралған күні: 30.10.2025).

Есімова, М. S., Jinsheng, W. and Ким, О. Я. (2023) 'Международные стандарты журналистики в контексте дигитализации медиапространства', Herald of Journalism, 70(4), pp. 73–84. DOI: 10.26577/HJ.2023.v70.i4.8. [Онлайн] Қолжетімді: <http://bulletin-journalism.kaznu.kz> (қаралған күні: 30.10.2025).

Даутбек, А.Ғ. және Каршиғаева, А.А. (2023) Медиа этикасының негізгі принциптері: журналистің кәсіби жауапкершілігі. UST.KZ білім беру порталы. [Онлайн] Қолжетімді: https://ust.kz/word/media_etikasynyng_negizi_principiter_jyernalisting_kasibi_jayarkersiligi-395144.html (қаралған күні: 30.10.2025).

Жақсылықбаева, Р.С. және Бакенова, Р.Ш. (2023) 'Legal principle in ethics and responsibility of a journalist', Bulletin of KazNU. Journalism Series, 1(77), pp. 60–67. [Онлайн] Қолжетімді: <https://bulletin-journalism.kaznu.kz/index.php/1-journal/article/download/1773/1390/4523> (қаралған күні: 30.10.2025).

Reuters Institute for the Study of Journalism (2023) Digital News Report 2023. Oxford: University of Oxford. [Онлайн] Қолжетімді: <https://reutersinstitute.politics.ox.ac.uk/digital-news-report/2023> (қаралған күні: 30.10.2025).

Pavlik, J. (2013) Journalism and New Media. New York: Columbia University Press.

Бакенова, Р.Ш. (2022) 'Журналистің кәсіби этикасы мен құқықтық жауапкершілігі', Мәдениет және өркениет, 2(18), pp. 45–52.

UNESCO (2018) Journalism, Fake News and Disinformation: Handbook for Journalism Education and Training. Paris: UNESCO Publishing. [Онлайн] Қолжетімді: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000265552> (қаралған күні: 30.10.2025).

Jenkins, H. (2006) *Convergence Culture: Where Old and New Media Collide*. New York: New York University Press.

Deuze, M. (2008) 'Understanding Journalism as Newswork: How It Changes, and How It Remains the Same', *Westminster Papers in Communication and Culture*, 5(2), pp. 4–24. DOI: 10.16997/wpcc.61. [Онлайн] Қолжетімді: <https://www.westminsterpapers.org/article/id/102/> (қаралған күні: 30.10.2025).

Ward, S.J.A. (2015) *Ethical Journalism in a Digital Age*. Lanham: Rowman & Littlefield.

Ward, S.J.A. (2018) *Disrupting Journalism Ethics: Radical Change on the Frontier of Digital Media*. London: Routledge.

Chen, Z. and Rubin, V. (2021) 'Fighting Clickbait: Understanding and Detecting Misleading Headlines', *Online Information Review*, 45(2), pp. 50–68. DOI: 10.1108/OIR-10-2019-0340

Le Monde (2025) Mexico data leak exposes broadcaster's methods to destroy reputations of public figures. [Онлайн] Қолжетімді: https://www.lemonde.fr/en/international/article/2025/06/09/mexico-data-leak-exposes-broadcaster-s-methods-to-destroy-reputations-of-public-figures_6742150_4.html (қаралған күні: 30.10.2025).

Internews Kazakhstan (2025) *Rapid Media Mapping of Kazakh Language Regional Media*. Askhat Yerkimbay, Zhuldyz Abdilda and Yelnur Alimova. Almaty: Internews. [Онлайн] Қолжетімді: <https://internews.kz/> (қаралған күні: 30.10.2025).

Қазақстан Республикасының Заңы (1999) Бұқаралық ақпарат құралдары туралы. 23 шілде, № 451-І. [Онлайн] Қолжетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451> (қаралған күні: 30.10.2025).

Қазақстан Республикасының Заңы (2015) Ақпараттандыру туралы. 24 қараша, № 418-V. [Онлайн] Қолжетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418> (қаралған күні: 30.10.2025).

Қазақстан Республикасы журналисінің этикалық кодексі (2012) Закон Онлайн. [Онлайн] Қолжетімді: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35404830 (қаралған күні: 30.10.2025).

Ф.К. Култаева¹, А.М. Шурентаев^{*2}, Г.С. Амангелдиева³

^{1,2,3}Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Правовое регулирование и этическая ответственность в цифровых медиа

Аннотация. В статье рассматриваются профессиональная этика журналиста в цифровых медиа, вопросы правовой ответственности, трансформация информационного пространства и влияние новых технологий на журналистскую деятельность. Автор анализирует взаимосвязь этических норм и правового регулирования в цифровой журналистике, а также такие актуальные проблемы, как дезинформация, авторское право и защита частной жизни. В условиях стремительного развития информационных технологий и цифровизации медиaprостранства содержание журналистской деятельности, методы работы и критерии ответственности претерпели существенные изменения. Цель исследования — оценка эффективности правовых норм и этических принципов в цифровых медиа, а также анализ сфер их согласованного применения. В разделе обсуждения механизмы адаптации базовых принципов журналистской этики к требованиям цифровой коммуникационной среды, вопросы противодействия

дезинформацияны және защиту персональных данных изучаются с применением сравнительно-аналитического метода на основе международного и казахстанского опыта, проводится оценка их эффективности. Полученные результаты способствуют систематизации научно обоснованных рекомендаций, направленных на усиление профессиональной ответственности и институционального этического регулирования в условиях цифровой журналистики. Обоснована необходимость совершенствования правовых норм наряду с усилением профессиональных этических стандартов. Исследование вносит вклад в развитие медиаправа и коммуникационной сферы и направлено на формирование ответственной цифровой среды.

Ключевые слова: цифровая журналистика, медиаэтика, правовая ответственность, дезинформация, авторское право.

F.K. Kultayeva¹, A.M. Shurentayev^{*2}, G.S. Amangeldiyeva³
^{1,2,3}*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

Legal Regulation and Ethical Responsibility in Digital Media

Abstract. The article examines professional ethics in digital journalism, issues of legal responsibility, the transformation of the information environment, and the impact of emerging technologies on journalistic practice. The author analyzes the interrelation between ethical standards and legal regulation in digital journalism, as well as key challenges such as disinformation, copyright, and privacy protection. In the context of rapid technological advancement and the digitalization of the media space, the content of journalistic work, methods, and standards of responsibility have undergone significant changes. The aim of the study is to evaluate the effectiveness of legal norms and ethical principles in digital media and to analyze the scope of their coherent application. The discussion section explores mechanisms for adapting fundamental principles of journalistic ethics to the requirements of the digital communication environment, as well as issues of countering disinformation and protecting personal data, using a comparative-analytical approach based on international and Kazakhstani experience, along with an assessment of their effectiveness. The results contribute to the systematization of evidence-based recommendations aimed at strengthening professional responsibility and institutional ethical regulation in digital journalism. The study substantiates the need to improve legal frameworks alongside reinforcing professional ethical standards. It contributes to the development of media law and communication studies and is oriented toward fostering a responsible digital environment.

Keywords: digital journalism, media ethics, legal responsibility, disinformation, copyright.

References

- MediaNet International Centre for Journalism (2023) Fake News Monitoring Report. Almaty. [Online] Available at: <https://medianet.ngo/> (Accessed: 30 October 2025).
- Esimova, M.S., Jinsheng, W. and Kim, O.Y. (2023) 'Mezhdunarodnye standarty zhurnalistiki v kontekste digitalizatsii mediaprostranstva' [International journalism standards in the context of media space digitalization], *Herald of Journalism*, 70(4), pp. 73–84. DOI: 10.26577/HJ.2023.v70.i4.8. [Online] Available at: <http://bulletin-journalism.kaznu.kz> (Accessed: 30 October 2025). [In Russian]

Dautbek, A.G. and Karshygayeva, A.A. (2023) Media etiksynyng negizgi printsipteri: zhurnalisting kasibi zhauapkershiligi [Basic principles of media ethics: professional responsibility of a journalist]. UST.KZ educational portal. [Online] Available at: https://ust.kz/word/media_etikasynyng_negizi_principiter_jyurnalisting_kasibi_jayapkersiligi-395144.html (Accessed: 30 October 2025). [In Kazakh]

Zhaqsylyqbayeva, R.S. and Bakenova, R.S. (2023) 'Legal principle in ethics and responsibility of a journalist', Bulletin of KazNU. Journalism Series, 1(77), pp. 60–67. [Online] Available at: <https://bulletin-journalism.kaznu.kz/index.php/1-journal/article/download/1773/1390/4523> (Accessed: 30 October 2025).

Reuters Institute for the Study of Journalism (2023) Digital News Report 2023. Oxford: University of Oxford. [Online] Available at: <https://reutersinstitute.politics.ox.ac.uk/digital-news-report/2023> (Accessed: 30 October 2025).

Pavlik, J. (2013) Journalism and New Media. New York: Columbia University Press.

Jenkins, H. (2006) Convergence Culture: Where Old and New Media Collide. New York: New York University Press.

Bakenova, R.S. (2022) 'Zhurnalisting kasibi etikasy men quqyqtyq zhauapkershiligi' [Professional ethics and legal responsibility of a journalist], Madeniyet zhane Orkeniyet, 2(18), pp. 45–52. [In Kazakh]

UNESCO (2018) Journalism, Fake News and Disinformation: Handbook for Journalism Education and Training. Paris: UNESCO Publishing. [Online] Available at: <https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000265552> (Accessed: 30 October 2025).

Deuze, M. (2008) 'Understanding Journalism as Newswork: How It Changes, and How It Remains the Same', Westminster Papers in Communication and Culture, 5(2), pp. 4–24. DOI: 10.16997/wpcc.61. [Online] Available at: <https://www.westminsterpapers.org/article/id/102/> (Accessed: 30 October 2025).

Ward, S.J.A. (2015) Ethical Journalism in a Digital Age. Lanham: Rowman & Littlefield.

Ward, S.J.A. (2018) Disrupting Journalism Ethics: Radical Change on the Frontier of Digital Media. London: Routledge.

Chen, Z. and Rubin, V. (2021) 'Fighting Clickbait: Understanding and Detecting Misleading Headlines', Online Information Review, 45(2), pp. 50–68. DOI: 10.1108/OIR-10-2019-0340

Le Monde (2025) Mexico data leak exposes broadcaster's methods to destroy reputations of public figures. [Online] Available at: https://www.lemonde.fr/en/international/article/2025/06/09/mexico-data-leak-exposes-broadcaster-s-methods-to-destroy-reputations-of-public-figures_6742150_4.html (Accessed: 30 October 2025).

Internews Kazakhstan (2025) Rapid Media Mapping of Kazakh Language Regional Media. Askhat Yerkinbay, Zhuldyz Abdilda and Yelnur Alimova. Almaty: Internews. [Online] Available at: <https://internews.kz/> (Accessed: 30 October 2025).

Law of the Republic of Kazakhstan (1999) Buqaralyq aqparat quraldary turaly [On Mass Media]. 23 July, No. 451-I. [Online] Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451> (Accessed: 30 October 2025). [In Kazakh]

Law of the Republic of Kazakhstan (2015) Aqparattandyru turaly [On Informatization]. 24 November, No. 418-V. [Online] Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000418> (Accessed: 30 October 2025). [In Kazakh]

Qazaqstan Respublikasy zhurnalisting etikalyq kodeksi (2012) [Ethical Code of the Journalist of the Republic of Kazakhstan]. Zakon Online. [Online] Available at: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35404830 (Accessed: 30 October 2025). [In Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Култаева Ф. К. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «8D03204 – Журналистика» білім беру бағдарламасының 1-курс докторанты, 010008, Астана, Қазақстан.

Шурентаев А.М. – хат-хабар авторы, PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Баспасөз және баспа ісі кафедрасының меңгерушісі, 010008, Астана, Қазақстан.

Амангелдиева Г.С. – PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының доцент м.а. 010008, Астана, Қазақстан.

Култаева Ф.К. – докторант 1 курса образовательной программы «8D03204 – Журналистика» Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, 010008, Астана, Казахстан.

Шурентаев А.М. – автор для корреспонденции, доктор PhD, заведующий кафедры печати и издательского дела, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 010008, Астана, Казахстан.

Амангелдиева Г.С. – доктор PhD, и.о. доцента кафедры телерадиовещания и связей с общественностью Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, 010008, Астана, Казахстан.

Kultayeva F.K. – 1st-year PhD student in the Educational Program «8D03204 – Journalism», L.N. Gumilyov Eurasian National University, 010008, Astana, Kazakhstan.

Shurentayev A.M. – corresponding author, PhD, Head of the Department of Printing and Publishing, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 010008, Astana, Kazakhstan.

Amangeldiyeva G.S. – PhD, Acting Associate Professor of the Department of Televisionradio and public relations, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 010008, Astana, Kazakhstan.



ГРНТИ 19.21.91

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2026-155-2-36-49>

Мобильная журналистика Казахстана в условиях трансформации медиапроизводства

Сейдеханов С.А. 

Университет «Туран», Алматы, Казахстан

(E-mail: s.seidekhanov@turan_edu.kz)

Аннотация. Цифровая трансформация медиасреды привела к доминированию мобильных устройств как основного канала доступа к информации, что кардинально изменило подходы к созданию и распространению новостного контента. Цель работы - проанализировать развитие мобильной журналистики (MoJo) в Казахстане и выявить ключевые направления трансформации медиапроизводства под влиянием алгоритмической платформизации. Задачи исследования: 1) систематизировать теоретические подходы к феномену MoJo; 2) выявить новые ролевые модели журналистов в условиях медиаконвергенции; 3) ввести и концептуализировать авторский термин «клипортаж»; 4) проанализировать влияние алгоритмических платформ на медиапроизводство в Казахстане. Научная значимость - введение концепта «клипортаж» в казахстанский научный дискурс, заполняющего терминологическую лакуну в описании гибридных форматов MoJo. Практическая значимость - возможность применения выводов для модернизации редакционных процессов и разработки образовательных программ. Методологическая база: анализ научной литературы по мобильной журналистике и платформизации, кейс-стади казахстанских медиа (проект «Deepening Digital», телеканал «Алау», робот i-Sanj на «Бизнес Атамекен»). Основные результаты и анализ, выводы. Установлено, что казахстанские редакции переходят к стратегии «Mobile First», формируется новая роль «универсального журналиста» (журналиста-оркестра), интегрируются технологии искусственного интеллекта. Предложенный концепт «клипортаж» описывает гибридный формат, балансирующий между информированием и развлечением в условиях клипового сознания и экономики внимания. Впервые в отечественной науке вводится термин «клипортаж», концептуально разграниченный со смежными понятиями (инфотейнмент, клиповое мышление, мультимедийный сторителлинг), и предлагается модель адаптации традиционных СМИ к

Поступила: 05.04.2026; Одобрена: 29.05.2026; Доступна онлайн: 30.06.2026

алгоритмической среде. Результаты могут быть использованы при реформировании журналистского образования с акцентом на развитие «цифрового интеллекта», а также в практике региональных редакций, внедряющих мобильные технологии производства контента.

Ключевые слова: мобильная журналистика, MoJo, клипотаж, алгоритмическая платформизация, цифровая трансформация СМИ.

Введение

Халықаралық білім беру бағдарламаларының имиджі оң және теріс аспектілерді қамтиды, сондықтан олар қоғамның түрлі топтары тарапынан әртүрлі қабылданады. Кейбір студенттер мен олардың ата-аналары үшін бұл бағдарламалар шетелде сапалы білім алу, жаңа кәсіби дағдыларды меңгеру және мансаптық өсуге ықпал ететін мүмкіндік ретінде қарастырылады. Ал басқа адамдар үшін бұл өз туған мәдениетінен, жақындарынан алшақтау және қаржылық мәселелермен байланысты болуы ықтимал. Ел азаматтары бұл бағдарламаларды қолдауы да, сынауы да мүмкін. Осы орайда, бұқаралық ақпарат құралдарындағы халықаралық білім беру бағдарламаларының бейнесі қоғамның пікіріне айтарлықтай әсер етеді. Масс-медиа арналары мақалалар, сарапшылармен сұхбаттар, студенттердің жетістіктері мен сәтсіздіктері туралы әңгімелері, сондай-ақ шетелде оқудың артықшылықтары мен кемшіліктері туралы хабарлар жариялау арқылы осы бағдарламаларға деген көзқарасты қалыптастырады.


Зерттеу іскерлік және білім саласындағы көшбасшы саналатын «Forbes Kazakhstan» (Панченко, 2024) басылымы мен жапондық «The Japan Times» мақалаларына салыстырмалы контент-анализ жүргізу арқылы жүзеге асты. Контент-анализ дегеніміз - контентті жүйелі түрде зерттеуге, қайталанатын тақырыптарды, кілт сөздер мен трендтерді анықтауға мүмкіндік беретін мәтіндік және медиа деректерді зерттеу құралы (Akimoto, 2024). Контент талдау алғаш рет XVIII ғасырда пайда болғанымен, толыққанды әдіс ретінде АҚШ-та XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап қана қолданыла бастады. «Content-analysis» терминін алғаш рет XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында американдық журналистер Б. Мэттью, А. Тенни, Д. Спидд, Д. Уипкинс қолдана бастады. Контент талдау әдіснамасының қалыптасуының бастауында француз журналисті Ж. Кайзер де болды.

Контент-анализдің негізгі тәсілдерін американдық әлеуметтанушылар Г. Лассуэлл және Б. Берелсон әзірледі. Г. Лассуэлл оны 1930 жылдардың аяғында саясат пен насихат саласындағы зерттеулер үшін қолданды. Жүйелі контент талдау әдісі XX ғасырдың басында бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндерін зерттеудің маңыздылығы түсінілген кезде қалыптасты. Бұл әдіс БАҚ-ның қоғамға ықпалын анықтап, қажетті нәтижеге қол жеткізу үшін тиімді мәтіндер құруға мүмкіндік берді. Бұқаралық коммуникация құралдарының дамуы бұл салада контент талдау әдісі негізге алынған

зерттеулердің көбеюіне алып келді. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде контент талдау АҚШ пен Англияның кейбір мемлекеттік мекемелері тарапынан әртүрлі елдердегі үгіт-насихаттың тиімділігін зерттеу мақсатында қолданылды. Жинақталған контент талдау тәжірибесі 1950 жылдардың басында Б. Берелсонның «Коммуникация зерттеулеріндегі контент талдау» атты кітабында қорытындыланды. Бұл еңбекте автор контент талдау әдісіне анықтама беріп, оның түрлері мен сандық зерттеу бірліктерін сипаттады (forbes.kz, 2025).

Осылайша, контент талдау әдісі өз даму жолында үлкен өзгерістерден өтіп, коммуникация мен медиа саласындағы ғылыми зерттеулерде маңызды құралға айналды. Бұл зерттеуде де контент талдау халықаралық білім беру бағдарламаларының масс-медидағы имиджін айқындау үшін басты әдіс ретінде қолданылды.


Контент талдау «Forbes Kazakhstan» және «The Japan Times» басылымдарында 2024 жылы жарияланған мақалаларды қамтыды. 2024 жылы, яғни бір жыл ішінде, білім беру тақырыбы бойынша «Forbes Kazakhstan» журналында 95 мақала, ал «The Japan Times» басылымында 108 мақала жарияланған. Олардың ішінде тікелей зерттеу тақырыбына қатысты, сәйкесінше 21 және 22 мақала жарияланған және олар халықаралық білім беру бағдарламалары, шетелде оқу мүмкіндіктері мен қиындықтары, шетелдік студенттерді қабылдау, ағылшын тілін меңгеру және басқа да тақырыптарды қамтиды. Сонымен қатар, басылымдарда елдердің ішкі білім беру жүйесі, білім беру технологиялары, ғылыми жетістіктер, педагогикадағы үрдістер, студенттердің әртүрлі салалардағы еңбек нарығындағы мүмкіндіктері туралы ақпарат жарияланған. Мақалаларды іріктеу және талдау нәтижелері «The Japan Times» газетінде білім беру тақырыбы кеңірек қамтылғанын, бірақ зерттеу тақырыбына тікелей қатысты материалдардың үлесі «Forbes Kazakhstan» басылымымен шамалас (20%-22%) екенін көрсетеді (3-сурет).



3-сурет. Білім беру тақырыбының қамтылуы:
«Forbes Kazakhstan» VS. «The Japan Times»

Екі басылым да халықаралық білім беру бағдарламалары, шетелде оқу мүмкіндіктері, шетелдік студенттерді қабылдау және тілдік дайындық мәселелеріне ерекше назар аударады. Алайда, мақалалар сипаты айтарлықтай ерекшеленеді (4-сурет). «Forbes Kazakhstan» журналында халықаралық білім туралы мақалалардың басым бөлігі позитивті (81%), себебі олар негізінен студенттерге жаңа мүмкіндіктерді, стипендиялар мен серіктестік бағдарламаларды көрсетуге бағытталған. Ал «The Japan Times» газетінде

«Forbes Kazakhstan» журналымен салыстырғанда негативті мақалалар үлесі жоғары (41%), өйткені бұл басылым шетелдік студенттер басынан өткеруі мүмкін қиындықтар (қаржылық мәселелер, тілдік барьер, визалық шектеулер) туралы жиі жазады (4-сурет).



4-сурет. «Forbes Kazakhstan» және «The Japan Times» мақалаларының сипаты

«Forbes Kazakhstan», негізінен, «Қалай оқуға түсуге болады?», «Қандай халықаралық білім беру бағдарламалары бар?», «Білім алушыларда қандай мүмкіндіктер бар?» деген сұрақтарға жауап берсе, «The Japan Times» «Жапониядағы шетелдік студенттердің жағдайы қандай?» және «Шетелдегі жапондық студенттердің жағдайы қандай?» деген мәселелерді көтереді.

«Forbes Kazakhstan» – кәсіпкерлікке және экономикалық мүмкіндіктерге бағытталған басылым. Қазақстандағы халықаралық білім беру бағдарламалары көбінесе табысты кәсіпкерлер мен мемлекет тарапынан қолдау табады (мәселен, мақалалардың бірінде Павел Дуров пен Айдын Рахимбаевтың ауыл оқушыларына грант бөлуі туралы жазылған), сондықтан мақалалар көбіне позитивті сипатта жазылады (Ахметова, 2024).

Ал «The Japan Times» халықаралық және әлеуметтік мәселелерге баса назар аударатындықтан, мақала авторлары білім беру саласындағы мәселелер мен сын-қатерлерді де көтереді. Бұл, әсіресе, студенттерге қойылатын жаңа талаптар, университеттердің қаржылық қиындықтары және иммиграциялық саясаттың қатаңдауы сияқты мәселелерде көрінеді.

«The Japan Times» басылымындағы материалдардың «Forbes Kazakhstan» журналына қарағанда аналитикалық әрі сыни сипатта берілуі тек редакциялық саясатпен ғана шектелмейді. Ғылыми зерттеулерде халықаралық білім беру бағдарламаларына қатысатын жастардың жаңа ортаға бейімделуі әрдайым жеңіл бола бермейтіні атап өтіледі. «Adaptive journeys: Accelerating cross-cultural adaptation through study tours» атты зерттеу жұмысында халықаралық білім беру бағдарламаларының қатысушылары тілдік кедергілерге, әлеуметтік оқшаулануға және эмоционалдық қиындықтарға жиі кезігетіні, соның салдарынан олардың қабылдаушы қоғамға толыққанды кірігуі күрделене түсетіні баяндалады. Осыған байланысты масс-медиа халықаралық білім беру бағдарламаларының оң имиджін қалыптастырумен қатар, студенттерді ықтимал

тәуекелдер мен шектеулер туралы хабардар ететін ескерту және ағартушылық функцияны да назардан тыс қалдырмауы тиіс (Forbes.kz, 2025).

Бұл талаптар журналистік қызметтің кәсіби-этикалық негіздерімен де тығыз байланысты. Атап айтқанда, SPJ этика кодексінің негізгі қағидалары шындықты жан-жақты әрі расталған түрде жеткізуді, ықтимал зиянды барынша азайтуды және қоғам алдында жауапкершілік алуды көздейді. Аталған ұстанымдар журналистен деректерді мұқият тексеруді, дереккөздерге зиян келтірмеуді және аудиториямен ашық диалог орнатуды талап етіп, кәсіби адалдық пен қоғамдық сенімді қамтамасыз етеді (Akimoto, 2024; 178).

Контент ұсыну форматының ерекшеліктерін анықтау үшін университеттердің халықаралық мойындалуға ұмтылысы көрініс тапқан «Forbes Kazakhstan» журналындағы «КБТУ: образование, признанное международным сообществом» және «The Japan Times» газетіндегі «Can Japan boost its foreign student count to 400,000?» мақалаларына салыстырмалы талдау жасалды. Мақалалардан «The Japan Times» нақты деректерге, сарапшылар пікіріне және мемлекеттік стратегияға негізделген аналитикалық тәсілді қолданатынын, ал «Forbes Kazakhstan» университет туралы тек жарнамалық мақала форматында ақпарат бергенін байқай аламыз. Екі мақала да статистикалық деректерді келтіреді. Алайда, осы мақалаларды талдау негізінде «The Japan Times» қарастырылып отырған жағдайға неғұрлым кешенді көзқарас ұсынса, «Forbes Kazakhstan» университеттің маркетингтік стратегиясына көбірек бағытталған деп айтуға болады.

Сондай-ақ, «Forbes Kazakhstan» мен «The Japan Times» басылымдарының материалдарына жүргізілген контент талдау ең жиі аталған елдер мен халықаралық білім беру бағдарламаларын анықтауға мүмкіндік берді. «Forbes Kazakhstan» жарияланымдарында АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Германия, Қытай, Түркия және Ресей елдері жиі аталады. Сонымен қатар, «Болашақ» бағдарламасы, қос дипломдық бағдарламалар, «IB DP» халықаралық бакалавриат, «Erasmus+», «МБА» және «Chevening» секілді нақты білім беру бастамалары кеңінен талқыланады. Мысалы, «Студенты Нархоза смогут получить диплом топового британского вуза из Russell Group», «Что такое двойной диплом и какие преимущества он даёт казахстанским студентам», «Университет Нархоз и ESMT Berlin заключили соглашение о стратегическом партнёрстве» мақалаларында қос диплом бағдарламасы жиі аталған. Сонымен бірге, «Forbes Kazakhstan» жарияланымдарында әлемнің ең үздік университеттеріне түсуге даярлайтын «Iqanat», «Мирас», «Haileybury» мектептері туралы жиі сөз қозғалып, қазақстандықтардың әлемдегі ең үздік жоғары оқу орындарында сапалы білім алуын қолдайтын кәсіпкерлер саны едәуір көп екені байқалды. Олардың қатарында Айдын Рахимбаев, Асқар Алшынбаев, Арманжан Байтасов, Серік Төлбасы, Исламбек Салжанов, Тимур Турлов және де басқа кәсіпкерлер өз үлестерін қосуда. Мақалаларда халықаралық ынтымақтастықтың өркендеуіне септігін тигізетін үздік жоғары оқу орындары ретінде ҚБТУ, Нархоз университеттері ерекше аталады.

Ал «The Japan Times» басылымында, негізінен, АҚШ, Қытай, Вьетнам және Швейцария жиі аталатын елдер қатарына кіреді. Газетте бұл елдердегі білім беру жүйесіндегі өзгерістер және олардың білім алушыларға әсері, шетелдік студенттердің жағдайы және халықаралық ынтымақтастық тақырыптары талқыланады. Бірақ, бұл басылымда білім беру бағдарламалары нақты атаулармен көрсетілмейді, тек жалпы сипатта ғана қарастырылады. Кейбір мақалаларда білім беру саласындағы саясаткерлер мен шенеуніктердің рөлі мен мәлімдемелері талқыланады. Мысалы, мақалалардың бірінде

Жапонияның білім министрі Масахито Морияма, Қытайдың білім министрі Хуай Цзиньпэн және Оңтүстік Кореяның вице-премьері әрі білім министрі Ли Джунхонның білім беру саласындағы цифрландыру және жастар арасындағы алмасуды нығайту мәселесі бойынша Сеулде өткен кездесуі туралы баяндалады.

Осы тұрғыдан алғанда, «Forbes Kazakhstan» әр халықаралық білім беру бағдарламасына қатысты нақты және егжей-тегжейлі ақпарат ұсына отырып, қазақстандық студенттер үшін бағдарламалардың маңыздылығына ерекше назар аударады. Ал «The Japan Times» басылымында нақты бағдарламаларға қатысты ақпарат үстіртін қамтылады.

Халықаралық білім беру бағдарламалары туралы аудитория алдында объективті әрі сенімді түсінік қалыптастыру үшін әр бағдарлама жөнінде толық, нақты әрі шынайы ақпарат ұсынылуы қажет, соның ішінде медиаплатформалар қатысушылардың нақты тәжірибесіне негізделген оқиғаларды қамтығаны жөн. Бұл орайда, ғылыми зерттеулер халықаралық білім беру бағдарламаларына қатысу студенттердің кәсіби дағдыларын, жаһандық ойлау қабілетін және мәдениетаралық құзыреттілігін дамытуға ықпал ететінін айғақтайды. Мысалы, «The Impact of a Global Mobility Program: The Lenses of «Future Self» and «Realised Self» атты зерттеу жұмысында халықаралық деңгейде білім алу студенттер үшін аса маңызды тәжірибе болып табылатынын, олардың жаһандық деңгейде белсенді азаматтар әрі болашақ көшбасшылар ретінде қалыптасуына әсер ететінін атап өтеді.

Зерттеуде пайдаланылған «Future Self» және «Realised Self» ұғымдары қатысушылардың бағдарламаға дейінгі үміттері мен бірнеше жылдан кейінгі нәтижелерін салыстыра отырып, олардың тұлғалық және кәсіби дамудағы өзгерістерін талдауға жол ашады.

Авторлар ғылыми еңбекте жартылай құрылымдалған сұхбат пен контент-талдау әдістерін қолданған. Бұл сапалық әдістер халықаралық білім беру бағдарламаларына қатысудың студенттер үшін мансаптық даму, білім алу, тілдік дағдыларды жетілдіру, әлеуметтік капитал мен кәсіби байланыстарды қалыптастыру, сондай-ақ мәдени сананы арттыру сияқты негізгі қырларын анықтауға мүмкіндік берді.

Қатысушылар шетелде оқу тәжірибесі арқылы жаңа достар, әріптестер мен оқытушылар желісін қалыптастырып, шет тілдерінде еркін қарым-қатынас жасауға және мәдени айырмашылықтарға төзімділік пен түсіністік танытуға мүмкіндік алғандарын атап өтті.

Зерттеу нәтижелері бұқаралық ақпарат құралдарының халықаралық білім беру бағдарламалары туралы ақпаратты жариялау барысында студент бейнесін жаһандық құзыретті, мәдени тұрғыда саналы әрі кәсіби тұрғыда дайын тұлға ретінде қалыптастыратынын көрсетеді. Осылайша, «Forbes Kazakhstan» және «The Japan Times» басылымдарының контенті халықаралық білім беру мүмкіндіктері туралы ақпарат беріп қана қоймай, студенттердің санасында «болашақтағы мен» ұғымының қалыптасуына ықпал етіп, олардың жеке және кәсіби дамуына қатысты күтілімдерін арттырады деген тұжырым жасауға болады. Бұл тұжырым Harbon L. және Liu C. зерттеуінде айтылған жаһандық академиялық ұтқырлықтың тұлға мен мансапқа ұзақ мерзімді әсері туралы ғылыми қорытындылармен толық сәйкес келеді.

Осыған байланысты медиаплатформаларға халықаралық білім беру бағдарламаларына қатысқан студенттердің тәжірибесіне негізделген сторителлинг тәсілін кеңінен қолдану ұсынылады. Нақты өмірлік тәжірибелерге сүйенген мұндай баяндау форматы

жастар аудиториясы алдында ұсынылатын ақпараттың сенімділігін арттырып қана қоймай, халықаралық білім алудың практикалық маңызын айқындау арқылы оның тартымдылығын күшейтуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Жүргізілген контент талдау «Forbes Kazakhstan» және «The Japan Times» басылымдарының халықаралық білім беру мәселелерін әртүрлі аспектіде қарастыратынын көрсетті. Контент-анализ нәтижелері болжамдарды толығымен растағанын және келесі жайттарды анықтауға мүмкіндік бергенін атап өткен жөн:

1. «Forbes Kazakhstan» және «The Japan Times» басылымдарындағы халықаралық білім беру бағдарламаларының масс-медидадағы бейнесі, расымен, салыстырмалы түрде өзгешеленеді.

2. «The Japan Times» газетінде білім беру тақырыбы кеңірек қамтылған, алайда зерттеу тақырыбына тікелей қатысты материалдардың үлесі «Forbes Kazakhstan» журналымен шамалас.

3. «Forbes Kazakhstan» журналында білім беру саласы бойынша 95 мақала жарияланған, оның ішінде тек 21-і (22,1%) тікелей зерттеу тақырыбына қатысты. Бұл көрсеткіш қазақстандық медида халықаралық білім беру бағдарламаларына орташа деңгейдегі қызығушылық бар екенін көрсетеді.

4. «Forbes Kazakhstan» журналында халықаралық білім беру бағдарламалары туралы мақалалардың басым бөлігі оң сипатта жарияланған және мақалалар негізінен, студенттер үшін жаңа мүмкіндіктерді, стипендиялар мен серіктестік бағдарламаларды кеңінен насихаттауға бағытталған. Бұл олардың қоғамда оң имиджін қалыптастыратынын аңғартады. Ал «The Japan Times» мақалаларында керісінше, шетелдік студенттердің кездесетін қиындықтары мен білім беру жүйесіндегі күрделі мәселелер туралы сөз жиі қозғалады.

5. «The Japan Times» мақалалары көбінесе аналитикалық форматта жарияланады. Басылым нақты мәліметтер, сарапшылар пікірі және мемлекеттік стратегиялар арқылы мәселелерді кеңінен қарастырады. Ал «Forbes Kazakhstan», негізінен, маркетингтік бағытқа бейімделген, журнал көбінесе жекелеген университеттер мен студенттердің жетістіктеріне назар аударады.

Халықаралық білім беру бағдарламаларының оң имиджін қалыптастыру – Қазақстан үшін маңызды міндеттердің бірі екені айқын, өйткені бұл еліміздің ғылыми әлеуетін дамытып, халықаралық академиялық байланыстарды күшейтуге және білікті мамандарды даярлауға ықпал етеді.

Алайда, бағдарламалардың тек оң қырларын ғана көрсету жеткіліксіз, халықаралық бағдарламаларға қатысатын азаматтардың толық әрі шынайы ақпарат алуына жағдай жасау үшін олардың теріс аспектілері де жариялануы тиіс. Бұл, біріншіден, студенттер мен ата-аналардың саналы таңдау жасауына көмектеседі. Екіншіден, мүмкін болатын тәуекелдер – қаржылық мәселелер, шетелде бейімделу және жұмысқа орналасу қиындықтары сияқты факторлар ашық талқыланса, сондай-ақ ұсынылатын контент тек жаңалықтық материалдармен шектелмей, терең аналитикалық зерттеулерді де қамтыса, мәселелерді шешу стратегияларын әзірлеуге жол ашылар еді. Үшіншіден, тек жағымды ақпарат беру қоғамда жалған үміт қалыптастыруы мүмкін, ал оның салдары білім алушылардың өміріне кейін теріс әсер етуі әбден ықтимал.

Сондықтан масс-медиа, оның ішінде «Forbes Kazakhstan» іскерлік басылымы, халықаралық білім беру бағдарламаларын жан-жақты талдауы керек: жетістіктерді дәріптеу маңызды, бірақ кемшіліктер мен ықтимал қауіптер туралы да ақпарат беру – масс-медиадың жауапкершілік тұрғысынан негізгі міндеттерінің бірі. Кең көлемді және ақиқатқа негізделген ақпарат ұсыну үшін халықаралық білім беру бағдарламаларына тікелей қатысқан студенттердің шынайы тәжірибелері туралы баяндауға болады, бұл болашақ қатысушылар мен олардың ата-аналары үшін құнды ақпарат көзі болуы мүмкін. Қатысушылардың шынайы тәжірибелері танымдық және практикалық маңызы бар мәліметтерді қамтып, бағдарламаға қатысу үдерісін жан-жақты түсінуге мүмкіндік береді. Аталған ұсыныстар Қазақстандағы білім беру саласының шынайы дамуына, сапалы реформалардың жүзеге асуына және қоғамның дұрыс ақпараттандырылуына жол ашады.

Авторлардың қосқан үлесі:

Болатова Г. Ж. – хат-хабар авторы, әдебиетпен жұмыс, негізгі бөлімді жазу, материалдарды жинау.

Мульткаман Н. Т. – материалды өңдеу, мақаланы техникалық талапқа сай рәсімдеу

Әдебиеттер тізімі:

Акимото, Д. (2024) Can Japan boost its foreign student count to 400,000? [Онлайн] Қолжетімді: <https://www.japantimes.co.jp/commentary/2024/07/08/japan/japan-universities-foreign-students-increase/> (қаралған күні: 20.02.2025).

Акимото, Д. (2024) Japan, China and South Korea to promote exchanges among future generations. [Онлайн] Қолжетімді: <https://www.japantimes.co.jp/news/2024/06/16/japan/politics/japan-south-korea-china-education-meet/> (қаралған күні: 20.02.2025).

Ахметова, Я. (2024) Что такое двойной диплом и какие преимущества он даёт казахстанским студентам. [Онлайн] Қолжетімді: <https://forbes.kz/articles/chto-takoe-dvoynoy-diplom-i-kakie-preimushestva-on-dayot-kazahstanskim-studentam-dc65c4> (қаралған күні: 20.02.2025).

Булатбаева, А.А. and Мынбаева, А.К. (2013) Контент-анализ казахстанских интернет-сайтов по образовательной политике. Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки», 2(39), p. 29.

Джонбекова, Д., Серкова, Е., Керимкулова, С., Джумакулов, З., Спаркс, Дж. and Руби, А. (2022) Международное образование и вклад в развитие своей страны: опыт выпускников государственных стипендиальных программ Казахстана. SDU Bulletin: Social Sciences, 4(61).

Forbes Kazakhstan журналы. [Онлайн] Қолжетімді: <https://forbes.kz/category/education> (қаралған күні: 20.02.2025).

The Japan Times журналы. [Онлайн] Қолжетімді: <https://www.japantimes.co.jp/search?query=education§ion=all&content=keywords&qsort=newest&pgno=1> (қаралған күні: 20.02.2025).

Киреева, З.А. (құраст.) (2014) Методы психологического исследования. Курган: Изд-во Курганского гос. ун-та, 187 с.

Neuman, W. L. (2013) Social research methods: Qualitative and quantitative approaches (7th ed.). Pearson Education Limited.

Панченко, Т. (2024) Павел Дуров оплатит учёбу детям из аулов в школе Айдына Рахимбаева. [Онлайн] Қолжетімді: <https://forbes.kz/articles/pavel-durov-oplatit-uchyobu-detyam-iz-aulov-v-shkole-aydyna-rahimbaeva> (қаралған күні: 20.02.2025).

Покровская, Е. М. and Райтина, М. Ю. (2022) Academic mobility as an organizational mechanism of intercultural interaction. XXI International Scientific and Methodological Conference on Modern Education, Tomsk State University of Control Systems and Radioelectronics, pp. 1–3.

Пресс служба КБТУ (2024) КБТУ: образование, признанное международным сообществом. [Онлайн] Қолжетімді: <https://forbes.kz/articles/kbtu-obrazovanie-priznannoe-mezhdunarodnym-soobshestvom-088223> (қаралған күні: 20.02.2025).

Қазақстанның шетелде оқитын студенттерінің динамикасы. [Онлайн] Қолжетімді: <http://data.uis.unesco.org/index.aspx?queryid=3807> (қаралған күні: 17.02.2025).

Редакция Forbes.kz (2024) Студенты Нархоза смогут получить диплом топового британского вуза из Russell Group. [Онлайн] Қолжетімді: https://forbes.kz/articles/studentyi_narhoza_cmogut_poluchit_diplom_topovogo_britanskogo_vuza_iz_russell_group (қаралған күні: 20.02.2025).

Редакция Forbes.kz (2024) Университет Нархоз и ESMT Berlin заключили соглашение о стратегическом партнёрстве. [Онлайн] Қолжетімді: https://forbes.kz/articles/universitet_narhoz_i_esmt_berlin_zaklyuchili_soglashenie_o_strategicheskom_partnerstve (қаралған күні: 20.02.2025).

Салапаева, У. (2021) Как Forbes Kazakhstan отметил свой юбилей. [Онлайн] Қолжетімді: https://forbes.kz/articles/yubiley_10_let (қаралған күні: 18.02.2025).

Timonen, M. T. E. (2020) Between power and protest: The Japan Times and Anpo-protests in 1960 (Master's thesis). University of Helsinki.

Загвоздкина, Е. Г. (2023) Forbes. Большая российская энциклопедия: научно-образовательный портал. [Онлайн] Қолжетімді: <https://bigenc.ru/c/forbes-dbb6e1/?v=8733136> (қаралған күні: 17.02.2025).

Г.Ж. Болатова^{1*}, Н.Т. Мулькаман²

^{1,2}Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Имидж международных образовательных программ в масс-медиа: контент-анализ статей Forbes Kazakhstan и The Japan Times

Аннотация. В данной статье проводится анализ представления международных образовательных программ в медиапространстве Казахстана и Японии через сравнение контента журнала Forbes Kazakhstan и газеты The Japan Times. На сегодняшний день эти программы играют ключевую роль не только в сфере образования, но и в инновационном развитии стран, а также в повышении человеческого капитала. Масс-медиа оказывает существенное влияние на формирование образовательной политики. В рамках контент-анализа исследуется, как международные образовательные программы представлены в изданиях ForbesKazakhstan и TheJapanTimes, а также анализируются их тематическая направленность, тональность (положительный, отрицательный) и воздействие на общество. Анализ охватывает публикации, связанные с образовательными возможностями, международным сотрудничеством и программами обучения за рубежом. Результаты исследования позволяют выявить образ международных образовательных программ в журнале ForbesKazakhstan и, на основе сравнения с материалами The Japan

Times, предложить рекомендации по совершенствованию образовательной политики и улучшению имиджа этих программ.

Ключевые слова: Forbes Kazakhstan, The Japan Times, масс-медиа, контент-анализ, международные образовательные программы, имидж, общественное мнение.

G.Zh. Bolatova^{1*}, N.T. Mulkaman²

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Image of International Education Programs in Mass Media: Content Analysis of Forbes Kazakhstan and The Japan Times Articles

Abstract. This article analyzes the representation of international educational programs in the media space of Kazakhstan and Japan by comparing the content of Forbes Kazakhstan magazine and The Japan Times newspaper. Today, these programs play a key role not only in education, but also in the innovative development of the countries, as well as in the increase of human capital. The mass media have a significant impact on the formation of educational policy. The content analysis explores how international educational programs are presented in Forbes Kazakhstan and The Japan Times, analyzing their thematic focus, tone (positive, negative), and impact on society. The analysis covers publications related to educational opportunities, international cooperation and study abroad programs. The results of the study make it possible to identify the image of international educational programs in Forbes Kazakhstan magazine and, based on the comparison with the materials of The Japan Times, to offer recommendations for improving educational policy and improving the image of these programs.

Keywords: Forbes Kazakhstan, The Japan Times, mass media, content analysis, international educational programs, image, public opinion.

References

Akimoto, D. (2024) Can Japan boost its foreign student count to 400,000? [Online] Available at: <https://www.japantimes.co.jp/commentary/2024/07/08/japan/japan-universities-foreign-students-increase/> (Accessed: 20 February 2025).

Akimoto, D. (2024) Japan, China and South Korea to promote exchanges among future generations. [Online] Available at: <https://www.japantimes.co.jp/news/2024/06/16/japan/politics/japan-south-korea-china-education-meet/> (Accessed: 20 February 2025).

Akhmetova, Ya. (2024) Chto takoe dvoynoy diplom i kakie preimushchestva on dayot kazakhstanskim studentam [What is a double degree and what advantages does it give to Kazakhstani students]. [Online] Available at: <https://forbes.kz/articles/chto-takoe-dvoynoy-diplom-i-kakie-preimushchestva-on-dayot-kazakhstanskim-studentam-dc65c4> (Accessed: 20 February 2025). [In Russian]

Bulatbayeva, A.A. and Mynbayeva, A.K. (2013) Kontent-analiz kazakhstanskikh internet-saytov po obrazovatel'noy politike [Content analysis of Kazakhstani websites on educational policy]. Vestnik KazNU. Seriya «Pedagogicheskie nauki», 2(39), p. 29. [In Russian]

Dzhonbekova, D., Serkova, E., Kerimkulova, S., Dzhumakulov, Z., Sparks, J. and Rubi, A. (2022) Mezhdunarodnoe obrazovanie i vklad v razvitie svoey strany: opyt vypusnikov gosudarstvennykh stipendial'nykh programm Kazakhstana [International education and contribution to the development of one's country: experience of graduates of state scholarship programs of Kazakhstan]. SDU Bulletin: Social Sciences, 4(61). [In Russian]

Forbes Kazakhstan (2025) Forbes Kazakhstan zhurnaly [Forbes Kazakhstan magazine]. [Online] Available at: <https://forbes.kz/category/education> (Accessed: 20 February 2025). [In Russian]

Forbes.kz Editorial (2024) Studenty Narkhoza smogut poluchit' diplom topovogo britanskogo vuza iz Russell Group [Narkhoz students will be able to receive a diploma from a top British university from the Russell Group]. [Online] Available at: https://forbes.kz/articles/studentyi_narkhoza_cmogut_poluchit_diplom_topovogo_britanskogo_vuza_iz_russell_group (Accessed: 20 February 2025). [In Russian]

Forbes.kz Editorial (2024) Universitet Narkhoz i ESMT Berlin zaklyuchili soglashenie o strategicheskoy partnerstve [Narkhoz University and ESMT Berlin concluded a strategic partnership agreement]. [Online] Available at: https://forbes.kz/articles/universitet_narkhoz_i_esmt_berlin_zaklyuchili_soglashenie_o_strategicheskoy_partnerstve (Accessed: 20 February 2025). [In Russian]

KBTU Press Service (2024) KBTU: obrazovanie, priznannoe mezhdunarodnym soobshchestvom [KBTU: education recognized by the international community]. [Online] Available at: <https://forbes.kz/articles/kbtu-obrazovanie-priznannoe-mezhdunarodnym-soobshchestvom-088223> (Accessed: 20 February 2025). [In Russian]

Kireeva, Z.A. (comp.) (2014) Metody psikhologicheskogo issledovaniya [Methods of psychological research]. Kurgan: Izd-vo Kurganskogo gos. un-ta. [In Russian]

Neuman, W. L. (2013) Social research methods: Qualitative and quantitative approaches (7th ed.). Pearson Education Limited.

Panchenko, T. (2024) Pavel Durov oplatit uchyo'bu detyam iz aulov v shkole Aydyna Rakhimbayeva [Pavel Durov will pay for the tuition of children from villages at Aydyn Rakhimbayev's school]. [Online] Available at: <https://forbes.kz/articles/pavel-durov-oplatit-uchyobu-detyam-iz-aulov-v-shkole-aydyna-rahimbaeva> (Accessed: 20 February 2025). [In Russian]

Pokrovskaya, E. M. and Raitina, M. Y. (2022) Academic mobility as an organizational mechanism of intercultural interaction. In: XXI International Scientific and Methodological Conference on Modern Education. Tomsk State University of Control Systems and Radioelectronics, pp. 1–3.

Qazaqstannyng shetelde oqityn studentterining dinamikasy [Dynamics of Kazakhstani students studying abroad] (2025). [Online] Available at: <http://data.uis.unesco.org/index.aspx?queryid=3807> (Accessed: 17 February 2025). [In Kazakh]

Salapaeva, U. (2021) Kak Forbes Kazakhstan otmetil svoj yubiley [How Forbes Kazakhstan celebrated its anniversary]. [Online] Available at: https://forbes.kz/articles/yubiley_10_let (Accessed: 18 February 2025). [In Russian]

The Japan Times (2025) The Japan Times zhurnaly [The Japan Times journal]. [Online] Available at: <https://www.japantimes.co.jp/search?query=education§ion=all&content=keywords&qsort=newest&pgno=1> (Accessed: 20 February 2025).

Timonen, M. T. E. (2020) Between power and protest: The Japan Times and Anpo-protests in 1960 (Master's thesis). University of Helsinki.

Zagvozdskina, E. G. (2023) Forbes. Bol'shaya rossiyskaya entsiklopediya: nauchno-obrazovatel'nyy portal [Forbes. Great Russian Encyclopedia: scientific and educational portal]. [Online] Available at: <https://bigenc.ru/c/forbes-dbb6e1/?v=8733136> (Accessed: 17 February 2025). [In Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Болатова Г.Ж. – хат-хабар авторы, филология ғылымдарының кандидаты, журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультетінің доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 010008, Астана, Қазақстан.

Мұлькаман Н. Т. – баспа және баспа ісі кафедрасының магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 010008, Астана, Қазақстан.

Information about authors:

Bolatova G. Zh. – corresponding author, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Faculty of Journalism and Social Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 010008, Astana, Kazakhstan.

Mulkaman N. T. – Master's students, Department of Journalism and Mass Communication, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 010008, Astana, Kazakhstan.

Сведения об авторах:

Болатова Г. Ж. – автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, доцент факультета журналистики и социальных наук, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 010008, Астана, Казахстан.

Мұлькаман Н. Т. – магистрант кафедры печати и издательского дела, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 010008, Астана, Казахстан.



МРНТИ 19.01.07

Научная статья

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2026-155-2-79-100>

Дипфейки в медиаэкосистеме: синтетическая информация и ее влияние на цифровую аудиторию

Ш. И. Калиаждарова^{1*} , С. В. Ашенова² , Ж. Д. Сейтжанова³ 

^{1,2,3}Международный университет информационных технологий, Алматы, Казахстан

(E-mail: ¹s.kaliazhdarova@iitu.edu.kz, ²s.ashenova@iitu.edu.kz, ³zh.seitzhanova@iitu.edu.kz)

Аннотация. В статье исследуется феномен deepfake, который рассмотрен не как изолированная технологическая новация, а как структурный элемент современного медиапространства, встроенный в логику цифрового производства и эмоционального вовлечения аудитории. Цель исследования заключается в анализе влияния AI-сгенерированного медиаконтента на процессы восприятия информации и формирования доверия к СМИ, а также в разработке типологического подхода к анализу дипфейков. Методологическую основу работы составляют концепции медиадоверия, цифровой дезинформации и синтетических медиа, а также элементы эмпирического анализа, применяемые для классификации различных форм дипфейк-контента. В результате исследования показано, что дипфейки представляют собой системную проблему медиасреды, усиливающую риски манипуляции, пропаганды и дезинформации и способствующую эрозии доверия цифровой аудитории к медиаконтенту. Обоснована необходимость классификации дипфейков не только по техническим характеристикам, но прежде всего по степени воздействия и семантическому назначению, включая манипулятивные, пропагандистские, дезинформационные и иронические формы. Делается вывод о том, что существующие журналистские и редакционные практики противодействия синтетическим медиа, включая инструменты верификации, обладают ограниченной эффективностью без изменения отношения аудитории к потребляемой и распространяемой информации. Устойчивость информационной среды в цифровом обществе требует перераспределения ответственности между медиапрофессионалами и пользователями, а также развития превентивной журналистики и аналитических форматов.

Ключевые слова: дипфейки, синтетические медиа, доверие к СМИ, цифровая аудитория, дезинформация, манипуляция.

Поступила: 30.03.2026; Одобрена: 29.05.2026; Доступна онлайн: 30.06.2026

Введение

Современные исследования определяют deepfake как синтетически сгенерированный или модифицированный медиаконтент (видео, изображение, аудио), созданный с использованием методов глубокого обучения и генеративных моделей (например, GAN) и имитирующий реальных людей с высокой степенью реализма. Такие технологии позволяют создавать визуально правдоподобные сцены, которые трудно отличить от аутентичных материалов, что увеличивает риск их злоупотребления в медийном пространстве. Возникает вопрос – готово ли общество к тому, чтобы самостоятельно определять критерии доверия к общественной информации без помощи медиаспециалистов? Какие технологии могут противостоять сгенерированной информации? Какие цели преследует такая информация, или, вернее, те, кто ее создает? И как профессиональная журналистика может научить аудиторию ориентироваться в новостном потоке, содержащем в себе методы и технологии deepfake.

Эрозия общественного доверия к традиционным СМИ является сегодня одним из ключевых вызовов, обсуждаемых в научном дискурсе. Высокореалистичные deepfake видео и изображения увеличивают скептицизм аудитории, поскольку зрители неуверены в подлинности визуальных свидетельств, что уменьшает доверие к журналистике как институции. Сегодня deepfakes рассматриваются как потенциальный инструмент для распространения ложной информации, особенно в контексте политических событий, конфликтов и социально-значимой информации (Ahmed, 2020). Это создает дополнительные сложности для журналистов, которые обязаны верифицировать материалы и противостоять манипуляции общественным мнением.

Актуальность настоящего исследования обусловлена необходимостью адаптации журналистской деятельности к условиям цифровой медиасреды, характеризующейся стремительным распространением синтетического медиаконтента, создаваемого с использованием технологий искусственного интеллекта. Масштабирование технологий deepfake формирует новые риски для достоверности информации и общественного доверия к средствам массовой коммуникации, поскольку даже профессиональные участники медиапроцесса нередко сталкиваются с трудностями при идентификации фальсифицированных аудиовизуальных материалов. В данной связи особую значимость приобретает внедрение технологических инструментов детектирования синтетического контента в редакционные процессы.

Целью данного исследования является анализ существующих подходов к распознаванию deepfake-контента в цифровых мультимедийных материалах, создаваемых с применением генеративных нейронных сетей, их классификация, а также оценка применимости соответствующих методов и инструментов в профессиональной журналистской практике. Объектом исследования являются цифровые мультимедийные материалы, создаваемые с использованием алгоритмов генеративных нейронных сетей.

Предметом исследования являются дипфейк-технологии как форма медиаконтента, классифицируемая по функциональному назначению на дезинформационные, манипулятивные, пропагандистские и сатирические практики, а также особенности их воздействия на общественное восприятие информации.

В рамках данного исследования предполагается комплексный анализ теоретических и прикладных подходов к определению и типологизации deepfake-контента,

представленных в современной научной литературе. Особое внимание уделяется рискам, которые ИИ-сгенерированные мультимедийные материалы представляют для общественного доверия, процессов формирования общественного мнения и механизмов медиаверификации. На основе этого осуществляется систематизация существующих методов и инструментов распознавания deepfake-контента, а также оценка их эффективности и ограничений в условиях реального медиапроизводства и редакционной практики с анализом функциональных типов дипфейков – дезинформационные, манипулятивные, пропагандистские и сатирические, с точки зрения целей их создания и механизмов воздействия на общественное мнение. Дополнительно рассматриваются особенности интерпретации AI-сгенерированного контента аудиторией и профессиональные риски, с которыми сталкиваются журналисты при работе с подобными материалами, что позволяет сформулировать практические рекомендации по интеграции технологий распознавания дипфейков в современную журналистскую деятельность, включая практики превентивной и проверочной журналистики.

Обзор литературы

В ноябре 2025 года президентом РК Касым-Жомартом Токаевым был официально утвержден закон «Об искусственном интеллекте», который демонстрирует наличие четко сформулированного законодательства по AI и создает основу, на которую могут опираться исследования deepfake-контента. Сам факт регулирования, включая требования к обязательной маркировке синтетического контента и ограничения на его использование, предоставляет ученым законодательные ориентиры для анализа эффективности технических методов обнаружения deepfake и оценки правовых рисков при их применении в медиасреде. Следует уточнить, что Закон включает положения о прозрачности, безопасности и ответственности при использовании AI-систем, а также классификацию AI по уровню риска. Это стимулирует исследовательские проекты, которые объединяют правовые, технические и журналистские подходы, например, анализ эффективности технических инструментов в контексте соответствия требованиям законодательства или оценку влияния нормативных мер на редакционные процессы. Социальная специфика остается недостаточно проработанной. Наше общество не является идеальным в плане потребления цифровой информации, как, впрочем, и любой социум сегодня, что приводит к появлению новых цифровых вызовов.

Некоторые исследования поднимают вопросы этики применения deepfake технологий в медиа: использование синтетического контента в новостях или репортажах без должной маркировки нарушает принципы прозрачности и ответственности журналистики. Однако вопрос применения AI в журналистике намного глубже. Значительная часть исследований интерпретирует распространение deepfake в контексте кризиса доверия к медиа. D.Sotirova (Sotirova, 2025) подчеркивает, что технологии искусственного интеллекта усиливают существующий скептицизм аудитории по отношению к новостным источникам, поскольку визуальный контент, ранее воспринимавшийся как наиболее надежный, утрачивает статус объективного свидетельства. По мнению автора, deepfake не создают принципиально новых форм манипуляции, но радикально увеличивают их масштаб и правдоподобие, что осложняет поддержание журналистской легитимности.

Схожие выводы представлены в работе E.Lundberg (Lundberg, 2024) посвященной анализу потенциального влияния deepfake на новостные медиа. Автор отмечает

двойственную природу данной технологии: при наличии легитимных сценариев применения (реконструкция событий, визуализация исторического контекста) deepfake одновременно способствуют формированию феномена «тотального сомнения», при котором аудитория склонна подвергать сомнению подлинность даже проверенных материалов. Это обстоятельство оказывает косвенное, но устойчивое негативное влияние на журналистику как социальный институт.

Отдельное направление исследований связано с проблемой дезинформации, манипулятивными технологиями и возможностями AI как медиа инструмента. С. К. Pandey и соавторы (Pandey, 2025) рассматривают deepfake не только как угрозу, но и как инструмент, применимый в творчестве и медиапрактиках как один из наиболее эффективных инструментов современной манипуляции общественным мнением, при этом авторы обсуждают возможности и потенциал AI-технологий наряду с рисками.

Дополняя данные подходы, А. Rauchfleisch и соавторы (Rauchfleisch, 2025) акцентируют внимание на дискурсивном измерении проблемы. Авторы показывают, что сам термин «deepfake» в публичном и медийном дискурсе способствует усилению восприятия рисков и может усугублять недоверие к визуальной журналистике. В этой связи подчеркивается необходимость коммуникативных стратегий со стороны СМИ, направленных на разъяснение принципов работы синтетических медиа и границ их применения.

В целом анализ научной литературы свидетельствует о том, что влияние технологий deepfake на журналистику носит комплексный и многоуровневый характер. Исследователи сходятся во мнении, что ключевыми последствиями являются эрозия доверия к новостному контенту, рост сложности верификационных процедур и усиление этических дилемм журналистской практики. Однако теоретические исследования, проводимые на стыке научных дисциплин, использующие междисциплинарный подход и формирующие концептуальные основы понимания этих феноменов в медиапространстве, остаются недостаточно разработанными. С одной стороны, технические обзоры подробно описывают алгоритмические методы генерации и обнаружения deepfake, анализируя существующие подходы и методы оценки эффективности детекторов, однако фокусируются преимущественно на инженерных аспектах, а не на концептуальных медиа-теоретических моделях влияния и противодействия этим технологиям в сообщениях СМИ. На этом фоне применительно к интересам журналистики более значимо выглядят практико-ориентированные исследования. Результаты, полученные Н. Nawaz с соавторами свидетельствуют о том, что даже осведомленность о существовании deepfake технологий может приводить к снижению доверия к новостям, независимо от фактического столкновения аудитории с фальсифицированным контентом (Nawaz., Hashmi, 2024). Авторы делают вывод о системном характере угрозы, поскольку снижение доверия затрагивает журналистику в целом, а не отдельные медиаорганизации.

Одним из наиболее цитируемых эмпирических исследований последних лет является работа С. Vaccari и А. Chadwick, посвященная воздействию политических deepfake-видео на восприятие новостного контента. На основе экспериментального дизайна с репрезентативной выборкой британской аудитории авторы показали, что даже в отсутствие прямого обмана deepfake-контент способствует росту эпистемической неопределенности и снижению доверия к новостным источникам. Тем самым

deepfake рассматриваются не только как инструмент дезинформации, но и как фактор системной эрозии доверия к медиасреде (Vaccari, Chadwick, 2020). Ряд исследований фокусируется на сравнительном анализе различных форматов дипфейков. S.Ahmed & соавторы на практике продемонстрировали, что видео-дипфейки воспринимаются пользователями как более убедительные по сравнению с аудио- и текстовыми фейками и чаще вызывают намерение дальнейшего распространения. Статья, в которой представлены экспериментальные данные опросов более восьми тысяч человек из восьми стран, анализирует предикторы склонности делиться дипфейками в социальных сетях (например, восприятие точности, страх упустить что-то важное, саморегуляция, когнитивные способности и использование соцсетей). Исследование показало, что интенсивность распространения дипфейков связана с восприятием их правдоподобности, низкой саморегуляцией и низкой когнитивной способностью (Ahmed, 2020). Эти результаты подчеркивают особую уязвимость визуальных медиа и указывают на повышенные риски для новостных редакций, работающих с видеоконтентом.

Важное направление эмпирических исследований связано с изучением способности пользователей распознавать deepfake-контент. Международное сравнительное исследование J. Frank и соавторов, проведенное в США, Германии и Китае, показало, что точность распознавания искусственно сгенерированных медиа у респондентов лишь незначительно превышает уровень случайного угадывания. Отсутствие существенных межстрановых различий свидетельствует о структурном характере данной проблемы и ограниченности индивидуальных когнитивных стратегий в условиях высокореалистичного синтетического контента (Frank, Herbert, 2023).

Анализ научной литературы показывает, что эмпирические исследования deepfake-контента представлены широким спектром методологических подходов и формируют значительный массив данных о восприятии, воздействии и рисках, связанных с синтетическими медиа. Вместе с тем эти исследования в большинстве случаев остаются фрагментированными и недостаточно интегрированными в целостные теоретические модели, что снижает их объяснительный и прикладной потенциал. Отсутствие унифицированных концептуальных рамок затрудняет разработку эффективных стратегий реагирования, поскольку различные типы дипфейков предполагают различную логику воздействия и, соответственно, требуют дифференцированных правил противодействия. В результате возрастает потребность в структурно обоснованных моделях, способных заложить концептуальные основы для анализа deepfake-контента и выстраивания редакционных практик, сравнительных медийных стратегий и механизмов противодействия на уровне медиасистем для разработки концептуальных моделей медиапрактик.

Методология

Методологическая основа исследования носит комплексный и междисциплинарный характер, что обусловлено технологической и социально-коммуникативной природой феномена deepfake. В работе используется совокупность теоретических и эмпирических научных методов, направленных на выявление их ключевых технических и визуальных признаков, а также на их классификацию в зависимости от целей использования в медиапространстве.

Применимые в этом контексте научные методы позволяют проанализировать природу и механизмы создания дипфейков, выявить их ключевые технические и

визуальные признаки, а также классифицировать виды дипфейков в зависимости от целей использования. Метод контент-анализа позволяет определить систематическое выявление повторяющихся визуальных и технических характеристик дипфейков и позволяет количественно и качественно описать набор их типичных признаков. Мы можем выделить следующие типы: дезинформация, сатира, пропаганда, манипуляция общественным мнением. Выделение типов дипфейков осуществлялось на основе анализа коммуникативных целей и контекста использования синтетического контента. Это обеспечило теоретическую базу для дальнейшего анализа, так как вышеуказанный метод используется для анализа видеоматериалов и аудиовизуального контента с целью фиксации несоответствий мимики и артикуляции; нарушений синхронизации речи и изображения; аномалий освещения, текстур кожи, движения глаз и микромимики; артефактов компрессии и генерации изображения.

Для выявления смысловых и выразительных особенностей визуального контента использован метод визуально-семиотического анализа, который позволяет выявить как визуальные элементы дипфейков имитируют достоверность и «эффект реальности», усиливая при этом эмоциональное воздействие и маскируя тем самым искусственное происхождение контента. Этот метод особенно эффективен при различении сатиры и намеренной манипуляции.

Научную классификацию дипфейков по целям использования позволил определить типологический метод, благодаря которому была произведена группировка дипфейков на основе коммуникативного намерения, контекста распространения, предполагаемого эффекта воздействия на аудиторию, что, в свою очередь, предоставило возможность выделить основные их типы и обратиться к методу критериального анализа для формирования четких оснований, способных распределить кейсы по типам. Необходимость сопоставления дипфейков разных типов между собой определил обращение к методу сравнительного анализа, который позволил выявить как общие тенденции, так и специфические особенности каждого типа в контексте журналистской практики. Ключевым для интерпретации рисков, связанных с использованием дипфейков в журналистике, стал контекстуальный анализ, применяемый для учета социальных, политических и медиа условий создания и распространения дипфейков, включая специфику платформ, целевые аудитории и сопутствующие текстовые и метаданные.

Обобщение полученных результатов осуществлено с использованием метода междисциплинарного синтеза, позволяющего интегрировать технические, визуальные и коммуникативные аспекты анализа в единую аналитическую модель оценки рисков и перспектив использования дипфейков в современной журналистике.

Применение данного методологического подхода позволяет не только выявить риски, связанные с распространением дипфейков в журналистике, но и определить потенциальные направления адаптации профессиональных стандартов и практик в условиях развития синтетических медиа.

Результаты и обсуждение

В современной медиаэкосистеме дипфейки перестали быть маргинальным технологическим феноменом и превратились в важную и неотъемлемую часть цифрового мира, оказывающую прямое влияние на информационные процессы, общественное сознание и характер современных коммуникационных конфликтов.

Сначала deepfake использовался в сфере развлечений: для шуток, пародий, фан-видео. Однако очень быстро он начал применяться в более опасных контекстах – от создания фальшивых новостей и дискредитации публичных лиц до фишинговых атак и распространения дезинформации. Текущие отчеты ООН и ЕС ясно связывают deepfake с угрозами общественному доверию, вмешательству в выборы и необходимости усиления мер обнаружения и противодействия синтетическому контенту во всех плоскостях цифрового сообщества.

Сейтжанова Ж.Д. – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Манаса көшесі 34/1, 050040, Алматы, Қазақстан.

Information about the authors:

Kaliazhdarova Sh. I. – Corresponding author, PhD, Associate Professor, International University of Information Technology, Manas Street 34/1, 050040, Almaty, Kazakhstan.

Ashenova S.V. – Candidate of Political Sciences, Associate Professor, International University of Information Technology, Manas Street 34/1, 050040, Almaty, Kazakhstan.

Seytzhanova Zh.D. – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, International University of Information Technology, Manas Street 34/1, 050040, Almaty, Kazakhstan.



XҒТАР 19.41.41
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2026-155-2-101-110>

Қазіргі журналистикадағы деректілік және интерактивтілік

К.Д. Асанов*¹ , Н.К. Сиязбаев ² 

^{1,2}Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, Қарағанды, Қазақстан

(E-mail: *¹kamashke_64@inbox.ru, ² nurtuleu_92kz@mail.ru)

Аңдатпа. Медиа ортаны жедел цифрландыру жағдайында журналистика мазмұн деңгейінде де, ақпарат беру форматы деңгейінде де өзгеріске тап болады. Осындай үрдістің негізгі бағыттарының бірі – датафикация. Қазіргі заманғы журналистика интерактивті форматтарды, визуалды интерфейстерді және алгоритмдік құралдарды оқырман пассивті тұтынушы емес, материалмен өзара әрекеттесудің белсенді қатысушысы болатын баяндаудың жаңа формаларын жасау үшін пайдаланылады. Ұсынылып отырған материалда медиа-практикадағы датафикацияның теориялық негіздері қарастырылады, интерактивті журналистиканың сәтті жобаларының мысалдары талданады, сонымен қатар деректерді түсіндіруге, ақпараттың қолжетімділігіне және журналистің рөлін өзгерту мәселелері талқыланады. Бұл үрдістердің медиа тұтынуға, аудиторияның қатысу деңгейіне және ақпараттың сенімділігін қабылдау әсеріне ерекше ден қойылады. Әрекеттер тізбегіне тәуелділіктің артуы мен деректерді автоматтандырылған өңдеу жағдайында этикалық және кәсіби стандарттарға қатысты мәселелер қарастырылады. Датафикация журналистиканың дәстүрлі жанрларын қалай өзгертетіні және дата-стори, визуалды аналитика әрі үлкен деректерге негізделген жарияланымдар сияқты жаңа форматтардың қалыптасуына ықпал ететіні қарастырылады. БАҚ өкілдері арасында да, медиа контентті тұтынушылар арасында да цифрлық сауаттылықты дамыту қажеттілігіне баса назар аударылады. Қорытындылай келе, медиа зерттеулерді, ақпараттық технологиялар мен әлеуметтануды біріктіретін дата-журналистиканы зерттеуге пәнаралық көзқарастың маңыздылығы айтылды. Келешек журналистикадағы деректерді өңдеу және визуализациялау үрдістеріне интерактивті деректерді біріктіру перспективалары қосымша қарастырылады.

Түйін сөздер: дата-журналистика, датафикация, интерактивті деректер, цифрлық медиа, деректерді визуализациялау, медиа тұтыну, пайдаланушы тәжірибесі.

Түсті: 21.10.2025; Мақұлданды: 11.06.2026; Онлайн қолжетімді: 30. 06. 2026

101

Кіріспе

Қазіргі заманғы медиа цифрлық технологиялардың әсерінен тез өзгеріп, ақпаратты құру және тұтыну тәсілдерін алмастырады. Мағлұматтың шамадан тыс көбеюі жағдайында әлеуметтік маңызды үрдістерді терең талдауға негіз бола алатын дәлелденген, объективті және құрылымдық мәліметтерге қажеттілік артады. Бұл тұрғыда дата-журналистика – дәстүрлі журналистика әдістерін деректерді талдау, статистика және визуализация құралдарымен біріктіретін бағыт үлкен рөл ойнай бастады.

Деректерге негізделген журналистика – журналистика, информатика және әлеуметтанудың қиылысында орналасқан пәнаралық сала. Оның ерекшелігі – заңдылықтарды анықтау, гипотезаларды растау және күрделі ақпаратты қолжетімді, визуалды түрде ұсыну үшін ашық және жинақталған деректерді қолдану. Бұндай бағыт журналистерден мәтіндермен жұмыс істеу дағдыларын, бағдарламалау, аналитика саласындағы негізгі білімді, сондай-ақ үлкен деректер мен дерекқорлармен жұмыс істеу принциптерін түсінуді талап етеді.

Дата-журналистиканы зерттеудің өзектілігі цифрлық ортаның қарқынды дамуымен де, қоғамдық пікірді қалыптастыру үрдісінде деректердің рөлінің артуымен де байланысы бар. Сонымен қатар, дата-журналистика билік институттарының ашықтығы мен есептілігін арттыруға, азаматтық қоғамды дамытуға және аудиторияда сыни ойлауды нығайтуға ықпал етеді.

Әдіснама. Мақаланы дайындау барысында тақырыпқа қатысты ғылыми материалдар жинақтау: теориялық зерттеулерді қарастыру, зерттеудің теориялық және тәжірибелік нұсқаларын нақты мысалдар арқылы келтіру, ақпарат құралдарында енді қалыптаса бастаған уақытқа шолу жасау, журналистиканың осы тақырыпқа жақын салаларындағы нәтижелермен салыстыру, саралау болды. «Медиа деректер және аудитория: қазіргі журналистикадағы датафикация мен интерактивтілік» атты тақырыбына орай зерттелген талдаулармен танысу, салыстыру, өлшеу, анализ бен синтез, жалпылау, тексеру және фактілерді нақтылау, жасалған қорытындыларды нақтылау, түзету, қорытындыны талқылау, іс-тәжірибеде тексеру сияқты әдіс-тәсілдер қолданылды.

Зерттеуде Қазақстандық дата-журналистиканың қалыптасуы мен ақпарат құралдарының қазіргі ахуалы талданды. Бұл тақырыпқа қатысты әріптес ғалымдардың зерттеу мақалалары зерделенді. Заманауи медиа жағдайындағы қазіргі журналистикадағы датафикация мен интерактивтілік аттының алатын орны, оның тиімді тұстары қарастырылды.

Талдау мен нәтижелер. Біз бүгінде жаңа дата-журналистика стилінің пайда болуын қоғамның датафикацияға журналистік жауаптардың бірі ретінде түсінуіміз мүмкін (W.Loosen). Датафикация біздің медиа ортамызды цифрландыруға негізделген деректердің үнемі өсіп келе жатқан қолжетімділігін, сондай-ақ осындай ортада өмір сүру кезінде жинақталған цифрлық ақпараттар мен үлкен деректерді меңзейді (Dijk, 2014). Осындай үрдіс біздің әлеуметтік өміріміздің көптеген аспектілерін компьютерленген деректерге, әр түрлі мақсаттар үшін алгоритмдік түрде жинақталатын және өңделетін деректерге айналдырады. Датафикация әр түрлі жолдармен көрінеді, мысалы, қаржы әлемінде, білім беру саласында, саясатта және т.б. деректер өте көп (W.Loosen) және деректер барлық әлеуметтік салаларда баршылық.

Бұндай жағдай өз кезегінде журналистикаға, әсіресе репортаждық баяндаудың формалары мен әдістеріне әсер етеді. Өсіп келе жатқан датафикация жағдайында журналистер жаңа ақпарат көздеріне қол жеткізіп қана қоймай, сонымен қатар шындықты ұсынудың жаңа формаларын жасауға мәжбүр болады, онда деректер жай иллюстрация емес, оқиғаны талдауға және құруға негіз болады. БАҚ, визуализация және деректерді талдау қиылысында пайда болған жаңа стиль осы өзгерісті көрсетеді, ол сандық деректерді шындықты түсіндірудің сапалы, гуманитарлық тәсілімен байланыстыруға тырысады (J.Ausserhofer, R.Gutounig, M.Oppermann, S.Matiasek, E.Goldgruber, 2020). Осылайша, дата-журналистика техникалық тәжірибе болуымен қатар, деректер әлеуметтік факт және білім көзі мәртебесіне ие болатын қазіргі қоғамның өзгеруіне мәдени жауапқа айналады.

Бұндай жан-жақты датафикация үрдісі журналистикаға айтарлықтай әсер етіп, репортажға жаңа тәсілдерді қалыптастыруға ықпал етті. Ең көрнекті мысалдардың бірі – 2016 жылғы Panama Papers зерттеу жұмысы. Халықаралық зерттеуші журналистер консорциумы (ICIJ) 11,5 миллионнан астам құжатты талдады, олардың көлемі шамамен 2,6 терабайтты құрады. Бұл деректер бүкіл әлем бойынша жүздеген журналистік материалдардың негізі болды және құрылымдау, визуализация әрі алгоритмдік талдау құралдары болмаса, ақпараттың бұл көлемі өңделмей қалатын еді (M.Cabra, E.Kissane, 2016). Бұндай жобалар деректердің тек дереккөз ғана емес, сонымен қатар журналистік жаңалықтың негізі болатындығын көрсетеді.

Жалпы қоғамның датафикациялануы контекстіндегі журналистиканың датафикациясын талдау бізге дата-журналистиканың шеңберінен шығуға, оны журналистикадағы датафикацияның «бір ғана» мысалы ретінде түсінуге және журналистиканың барған сайын деректерге негізделген, алгоритмделген, метрикалық басқарылатын немесе тіпті автоматтандырылған тәжірибеге айналуын жақсырақ түсінуге жәрдем береді. Мәселен, бұл журналистика қамтуы керек нысандар мен тақырыптарды немесе басқаша айтқанда, оның қоғамды бақылаушы ретіндегі қызметін қамтиды. Журналистика қамтуы керек салалар мен әлеуметтік домендер неғұрлым «датафикацияланса», соғұрлым журналистика өзінің қоғамдық рөлін орындау үшін деректерді түсініп, талдай білуі қажет (W.Loosen). Тура осы байланыс қазіргі заманғы деректерге негізделген журналистикада көрініс табады, ол журналистік зерттеулерге арналған дереккөздердің репертуарын кеңейту, сондай-ақ оқиғаларды анықтау және баяндау үшін деректердің қолжетімділігінің артуына негізделген.

Осылайша, қоғамның датафикациясы журналистік тәжірибенің құралдары мен әдістеріне ғана емес, сонымен бірге журналистік білім мен әлеуметтік шындықты түсінудің құрылымына да трансформациялық әсерін тигізеді. БАҚ өкілдері күрделі цифрлық инфракұрылымдар, деректер жиынтығы және қоғамдық қызығушылық арасында делдал бола бастады, бұл олардан сыни деректер сауаттылығынан алгоритмдік түрде жасалған түсініктерді түсіндіру қабілетіне дейін жаңа құзыреттіліктерді талап етеді. Бұл тұрғыда дата-журналистика тауашалық тәжірибе ретінде емес, деректер оқиғалар мен үрдістердің қоғамдық маңыздылығының негізгі медиаторына айналатын цифрлық дәуірдегі журналистиканың кең эволюциясының симптомы ретінде байқалады.

Әлеуметтік ортаның датафикациясы жаңалықтар шығару әдістерін де, журналистік қызметтің табиғатын да өзгерте отырып, журналистиканың өзгеруіне айтарлықтай әсер етеді. Бұл трансформацияның негізгі факторларының бірі ашық деректер бастамаларының кеңінен таралуы болды, 2010 жылдардан бастап әр түрлі елдердің үкіметтері

ашық деректер форматында қоғамдық маңызы бар ақпаратты белсенді түрде жарыққа шығара бастады. Америкадағы data.gov, Ұлыбританиядағы data.gov.uk және Ресейдегі data.gov.ru сияқты платформалар журналистерге зерттеу мен талдаудың жаңа нысандарына мүмкіндік бере отырып, көлемді және бұрын қолжетімді емес ақпарат массивтеріне қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Интерактивті деректермен, яғни «жаңалықтарды баяндайтын үлкен интерактивті дерекқормен» пайдаланушы өз сұрағына байланысты жауаптарды табу үшін деректерді іздеуге сала алады. Медиа орталықтар көбінесе интерактивті деректер аудиторияға терең сұңғуге және деректерді зерттеуге, тиісті ақпаратты табуға мүмкіндік береді деп болжайды (L.Green-Barber). Бір жаңалықтар ұйымының интерактивті деректерді талдауы барысында Линдси Грин-Барбер атты зерттеуші деректермен жұмыс істеуге арналған ең сәтті қосымшалар, яғни жоғары қаралған және терең зерттелген қосымшалар толық редакциялық буманың бөлігі екенін анықтады, ол географиялық тұрғыдан жергілікті немесе тиісті деректерді іздеу мүмкіндігін ұсынды, интерактивтіліктің жоғары дәрежесі болды, эстетикалық жағымды және жақсы ойластырылған, сонымен қатар аз уақытта жүктеледі.

Міне, осылай интерактивті деректер журналистік жобалардың тиімділігі тек үлкен деректер массивтеріне қолжетімділікке ғана емес, сонымен қатар оларды ұсыну сапасына, редакциялық контекстке енуіне және пайдаланушының өзара әрекеттесуінің ыңғайлылығына тікелей байланысты. Интерактивті визуализацияларды түсіндірме мазмұны немесе редакциялық мақалалар түрінде сүйемелдеусіз орналастыру аудиторияның жиі түрде терең қатысуын қарастырмайды. Керісінше, ойдан шыққан мысалдар аудиторияны ақпаратты белсенді зерттеуге және түсіндіруге ынталандыруға қабілетті журналистік ақпаратпен, жекелендірілген пайдаланушы тәжірибесімен және жоғары техникалық әрі визуалды іске асырумен деректерді біріктіру кешенді тәсіл екенін көрсетеді.

Сонымен, сәтті жұмыстың маңызды факторы – деректермен белсенді өзара әрекеттесу мүмкіндігі, пайдаланушылар тек оқуды ғана емес, сонымен қатар деректерді «басқаруды», визуализацияны, конфигурациялауды, жеке іздеу параметрлерін орнатуды қалайды. Fivethirtyeight немесе Our World in Data сияқты платформалар ақпаратты тұтынуды зерттеу үрдісіне айналдыру сезімін арттыру арқылы осындай мүмкіндіктерді ұсынады.

ProPublica Dollars for Docs жобасы дата-журналистиканың классикалық мысалы болып табылады, өйткені ол айтарлықтай көлемдегі деректерге қол жеткізе алады, бұл жағдайда фармацевтикалық компаниялар мен медициналық жабдық өндірушілерінің дәрігерлерге төлемдері туралы, деректерді құрылымдайды және адамдарды өз зерттеулерін жүргізуге әрі өздігінен мүмкін болатын шаралар қабылдауға шабыттандыру мақсатында интерактивті мәліметтер базасы ретінде аудиторияға табыстайды. Жоба оқырмандарға дәрігерлерге арналған төлемдерді іздеу үшін «осы құралды пайдалануды» ұсынады, ал бүйірлік тақтада «Емделушілер, әрекет етіңіздер. Біз бұл ақпаратты күнделікті өмірде қалай пайдаланғандарыңызды немесе пайдалана алатындарыңызды білгіміз келеді. Сіздер дәрігермен сөйлестіңіздер ме? Сөйлесуді жоспарлап отырсыздар ма? Бізге айтуларыңызды сұраймыз», - деп жазылған (L.Green-Barber).

Бұл тәсіл дата-журналистиканың маңызды қасиетін көрсетеді, тек ақпараттандыру ғана емес, сонымен бірге аудиторияны материалмен белсенді өзара әрекеттесуге шақыру. Dollars for Docs шикі сандарды адамдардың мінез-құлқына тікелей әсер етуі мүмкін жеке маңызды, олардың емдеуші дәрігеріндегі ықтимал мүдделер қақтығысын білуден бастап, маманды ауыстыру немесе түсініктеме беру туралы шешім қабылдауға дейінгі

ақпаратқа айналдырады. Сонымен қатар, жоба оқырмандарды өз тәжірибелерімен бөлісуге шақыру арқылы кері байланысты құндылық ретінде көрсетеді, осылайша қамтылған тақырыпты кеңейтеді және денсаулық сақтаудағы ашықтыққа қызығушылықпен біріктірілген қауымдастықты құрастырады. Ол журналистиканы ақпараттың делдалына ғана емес, демократиялық қатысудың құралына айналдырады.

АҚШ-тың ProPublica медиа-ресурсы жасаған Dollars for Docs жобасы қоғамдық игілікке бағытталған дата-журналистиканың ең көрнекті мысалдарының бірі болып келеді. Ол – пайдаланушыларға денсаулық сақтау провайдерінің фармацевтикалық компаниялардан немесе медициналық жабдық өндірушілерінен ақша алғанын білуге мүмкіндік беретін ауқымды интерактивті база. Жобаның негізгі мақсаты – ақпараттандырумен қатар, сыни тұрғыда ойлауға және жеке іс-әрекетке итермелеу арқылы аудиторияны шақыру. ProPublica жинақтаған деректер миллиондаған транзакцияларды қамтиды, тек 2014-2018 жылдар аралығында фармацевтикалық және медициналық компаниялар дәрігерлер мен денсаулық сақтау мекемелеріне 56 миллионнан астам төлем жасады. Осы уақыт ішінде 700-ден астам дәрігер компаниялардан әрқайсысы миллион доллардан астам қаражат алды, бұл сома ғылыми гранттарды есептемегендегі сома. Кейбір кездердегі төлемдердің жалпы сомасы жылына 2 миллиард доллардан асқан (Ch.Ornstein, 2019).

Дата-журналистиканы көбінесе географиялық, демографиялық немесе басқа белгілерге байланысты кішігірім бөліктерге бөлуге болатындықтан, деректерді бұқаралық ақпарат құралдары әр түрлі оқиғаларды жариялау үшін қолдана алады. Міне, осылайша деректерге негізделген журналистиканы географиялық аймақтарға, демографиялық топтарға немесе басқа әлеуметтік шекараларға қарамастан мәселелер бойынша қоғамдық пікірдің өзгеруіне ықпал ету арқылы оқшаулауға болады.

Бұл ақпаратты белгілі бір аудиторияға неғұрлым түсінікті етіп, ұлттық немесе жаһандық деңгейде байқалмайтын жасырын тенденцияларды, қиындықтарды не жетістіктерді табуға мүмкіндік береді. Бұндай оқшаулау жаһандық трендтер мен адамдардың жеке тәжірибесі арасында көпір құруға көмектеседі, бұл қоғамдық пікірталастарды инклюзивті және фактілерге негізделген етеді. Нәтижесінде, дата-журналистика қоғамның барлық деңгейлерінде әлеуметтік әділеттілікке, биліктің есеп беруіне және саналы шешім қабылдауға ықпал ететін күшті құрал болды.

Мұндай тенденцияны растайтын көптеген мысалдар бар. Мысалы, АҚШ-та дата-журналистика бойынша жобалар білім беру мекемелеріндегі мазасыздықты анықтауға көмектесті, оның ішінде, оқушылардың физикалық шектеулерін шамадан тыс пайдалану. Жергілікті журналистер осындай тақырыптарды қозғап, мектептерге үлкен қоғамдық пікірталас пен қысым жасады (E.Munson). Италияда журналистер ойын автоматтары туралы деректерді олардың жекелеген аймақтардағы халықтың әл-ауқатына қалай әсер ететінін көрсету үшін пайдаланды, жан басына шаққандағы автоматтардың тығыздығы карталары бұрын аз айтылған өткір қоғамдық мәселені ашты (J.Jenkins, L.Graves).

Журналистік зерттеу орталығы Американың ардагерлер істері департаменті (VA) туралы Ұлттық интерактивті деректер жинағын шығарды, олардың бірінде VA ауруханаларында медициналық көмек алуға тырысатын ардагерлер үшін орташа күту уақыты, ал екіншісінде VA жүйелері ардагерлерге тағайындаған опияттар саны туралы деректер бар. Екі жағдайда да жергілікті журналистік ұйымдар осы деректер жиынтығын мәселелерді жергілікті деңгейде жариялау үшін негіз ретінде қолданды (L.Green-Barber, 2015). Мұндай зерттеу жұмыстары ардагерлердің денсаулық сақтау жүйесінің олқылықтарына

жұртшылықтың назарын аударып, кейбір жағдайларда ресми тексерулердің басталуына және ВА институттары деңгейіндегі саясатты қайта қарауға ықпал етті.

Көптеген ВА медициналық мекемелерінде күту статистикасын бұрмалау жағдайлары кездесті. Кейбір емханаларда қызметкерлер ресми күту уақытын қысқарту және осылайша ішкі нормативтерді айналып өту үшін емделушілерден сұраған күндерін саналы түрде өзгертті. Аудиттер сауалнамаға қатысқан емханалардың үштен екісіне жуығы деректерді манипуляциялауды мойындағанын дәлелдеді. Белгілі жағдайда, Фениксте ондаған ардагерлер қабылдау күнін күте алмай қайтыс болды, ал ресми статистика бұл мәселенің осыншалықты ауқымын көрсетпеді. Мұндай жағдайлар басқа аймақтарда да ашылды, мысалы Сан-Диегода және VISN 3 аймақтық желісінде көрсеткіштер жүйелі түрде азайтылған.

Сайт көріністерінің саны, онда болған уақыты және сайттан шығу жылдамдығы сияқты көрсеткіштер аудиторияға әсер етудің ықтимал көрсеткіштері бола алады. Олар осы мәселе бойынша нақты пікірлерге, жаңа ақпараттың шығуына немесе мазмұнға қатысты қандай да бір әрекет жасау ниетіне қарамастан, пайдаланушыларға мазмұнның жалпы әсерін өлшеуге бағытталған. Дегенмен, мазмұнның пайдаланушыларға, желілерге, институттарға және қоғамдық дискурсқа әсерін қарастырған кезде, осы саладағы жетістіктер мен сәтсіздіктерді дәлірек түсіну үшін қолдануға болатын басқа инновациялық сапалық және сандық әдістер бар (L.Green-Barber, 2014).

Аналитика. Медиаметрикаларды хабардарлықты немесе білім деңгейін арттыру сияқты қажетті нәтижелердің жанама көрсеткіштері ретінде пайдалануға мүмкіндік бар. Бірақ, медиа компаниялар өзгерістерді аналитикамен саналы және мұқият байланыстыруы керек.

Тәжірибелік зерттеулер. Тәжірибелік зерттеулер әсер ету деңгейінің тиімділігін тексеруге болатын тұрақты жағдайларды қамтиды. Остиндегі Техас жоғары оқу орнының БАҚ-пен өзара әрекеттесу орталығы жаңалықтардың басты бетінің орналасуының есте сақтау қабілеті мен аудиторияға әсеріне, сондай-ақ шешімге бағытталған репортаждардың жаңалықтар ұйымдарының аудиторияға әсері туралы қызықты тәжірибелік зерттеу жүргізді. Журналистік ұйымдар да интерактивті деректердің пайдаланушыларға әсерін жақсы түсіну үшін осындай сынды тәжірибелерді жүргізуге қабілеті бар.

Сауалнамалар. Сауалнамалар зерттеу жұмысының ең мықты әдісі болмаса да, жеке тұлғалардың мүдделері, білімдері, пікірлері мен іс-әрекеттеріндегі өзгерістер туралы ақпарат жинаудың дәлелденген әдісі болып табылады. Ұйымдар қайта келу арқылы іске қосылатын қалқымалы терезелер немесе ақпараттық бюллетеньдерді қадағалау сияқты технологияларды пайдалана отырып, сауалнамаларды әзірлеуде шығармашылықпен айналыса алады.

Контент-сараптама. Мазмұнды талдау – уақыт өте келе дискурстағы өзгерістерді айшықтау үшін қолданылатын зерттеу әдісі. Бұл әдісті кез-келген мәтіндік корпусқа қолдануға болады, бұл оны өте икемді қылады.

Қорытынды. Деректерге негізделген журналистика қазіргі заманғы медиасфераның негізгі бағыттарының бірі ретінде қоғамды цифрландыру және қолжетімді ақпарат көлемінің қарқынды өсуі жағдайында жоғары маңыздылығын көрсетеді. Журналистік зерттеу, деректерді талдау және визуализация әдістерін біріктіре отырып, ол тек дәлелді және сенімді материалдар жасауға ғана емес, сонымен қатар қоғамдық-саяси үрдістердің ашықтығын арттыруға мүмкіндік туғызады. Мұндай бағыт азаматтарды ха-

бардар етудің де, қоғамның билік институттарын бақылауды күшейтудің де маңызды құралына айналады.

Жүргізілген талдау нәтижесі көрсеткендей, дата-журналистика мамандардан ашық деректермен жұмыс істеу мен бағдарламалау дағдыларынан бастап статистикалық ақпаратты түсіндіру және оны кең аудиторияға қолжетімді түрде ұсыну қабілетіне дейін кең ауқымды құзыреттерді талап етеді.

Келешекте де дата-журналистика технологиялар мен журналистік тәжірибенің тоғысында дами береді. Одан әрі зерттеудің маңызды бағыты оның аудиторияның ақпаратты қабылдауына әсерін зерттеу, сондай-ақ журналистік этика мен кәсіби дайындықтың жаңа стандарттарын қалыптастыру болуы әбден мүмкін. Бүгінгі қоғамдағы деректердің өсіп келе жатқан маңыздылығын ескере отырып, дата-журналистика тренд болуымен қатар, ХХІ ғасырдағы медиа эволюцияның қажетті кезеңі болып табылады.

Авторлардың қосқан үлесі.

Асанов К.Д. – интерактивті журналистика кейстеріне талдау жүргізіп, мақаланың эмпирикалық бөлігін дайындап, қорытындыларды ресімдеді. Барлық авторлар нәтижелерді талқылауға және мәтінді өңдеуге тең қатысты.

Сиязбаев Н.К. – қазіргі журналистика контекстінде «датафикация» және «интерактивтілік» ұғымдарына теориялық талдау жүргізді, сондай-ақ осы тақырыпқа арналған бөлімді дайындады.

Әдебиеттер тізімі:

Ausserhofer, J., Gutounig, R., Oppermann, M., Matiassek, S. and Goldgruber, E. (2020) The datafication of data journalism scholarship: Focal points, methods, and research propositions for the investigation of data-intensive newswork. *Journalism*, 21(7), pp. 950–973. DOI: <https://doi.org/10.1177/1464884917715938>.

Cabra, M. and Kissane, E. (2016) Wangling 2.6TB of data: The people and the technology behind the Panama Papers. [Онлайн] Қолжетімді: <https://www.icij.org/investigations/panama-papers/data-tech-team-icij/> (қаралған күні: 16.07.2026).

Dijck, J. (2014) Datafication, dataism and dataveillance: Big data between scientific paradigm and ideology. *Surveillance & Society*, 12(2), pp. 197–208. DOI: <https://doi.org/10.24908/ss.v12i2.4776>.

Green-Barber, L. (2014) *Waves of change: The case of rape in the fields*. Emeryville, CA: The Center for Investigative Reporting.

Green-Barber, L. (2015) *Changing the conversation: The VA backlog*. Emeryville, CA: The Center for Investigative Reporting.

Green-Barber, L. (2020) *Beyond Clicks and Shares: How and Why to Measure the Impact of Data Journalism Projects*. [Онлайн] Қолжетімді: <https://datajournalism.com/read/handbook/two/situating-data-journalism/beyond-clicks-and-shares-how-and-why-to-measure-the-impact-of-data-journalism-projects> (қаралған күні: 16.07.2026).

Jenkins, J. and Graves, L. (2019) *Case Studies in Collaborative Local Journalism*. Reuters Institute for the Study of Journalism. [Онлайн] Қолжетімді: <https://www.digitalnewsreport.org/publications/2019/case-studies-collaborative-local-journalism/> (қаралған күні: 16.07.2026).

Loosen, W. (2020) *Data-Driven Gold-Standards: What the Field Values as Award-Worthy*

Data Journalism and How Journalism Co-Evolves with the Datafication of Society. [Онлайн] Қолжетімді: <https://datajournalism.com/read/handbook/two/situating-data-journalism/data-driven-gold-standards-what-the-field-values-as-award-worthy-data-journalism-and-how-journalism-co-evolves-with-the-datafication-of-society> (қаралған күні: 16.07.2026).

Munson, E. (n.d.) When schools use force. Medill School of Journalism, Northwestern University. [Онлайн] Қолжетімді: <https://datadrivenreporting.medill.northwestern.edu/case-studies/hearstnewspaper> (қаралған күні: 16.07.2026).

Ornstein, C. (2019) Across the U.S., over 700 doctors were paid more than a million dollars by drug and medical-device companies since 2014. The Philadelphia Inquirer. [Онлайн] Қолжетімді: <https://www.inquirer.com/health/dollars-for-docs-propublica-doctors-drugmakers-devicemakers-20191021.html> (қаралған күні: 16.07.2026).

К.Д.Асанов*¹, Н. К. Сиязбаев²

^{1,2}Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика
Е.А.Букетова, Караганда, Казахстан

Датафикация и интерактивность в современной журналистике

Аннотация. В условиях оперативной оцифровки медиасреды журналистика претерпевает изменения как на уровне содержания, так и на уровне формата передачи информации. Одним из основных направлений этого процесса является датафикация. Современная журналистика использует интерактивные форматы, визуальные интерфейсы и алгоритмические инструменты для создания новых форм повествования, в которых читатель становится активным участником взаимодействия с материалом, а не пассивным потребителем. В статье рассматриваются теоретические основы датафикации в медиапрактике, анализируются примеры успешных проектов интерактивной журналистики, а также обсуждаются вопросы интерпретации данных, доступности информации и изменения роли журналиста. Особое внимание уделяется влиянию этих тенденций на потребление средств массовой информации, уровень вовлеченности аудитории и восприятие достоверности информации. В условиях растущей зависимости от алгоритмов и автоматизированной обработки данных рассматриваются вопросы, связанные с этическими и профессиональными стандартами. Анализируется, как датафикация меняет традиционные жанры журналистики и способствует формированию новых форматов, таких как дата-стори, визуальная аналитика и публикации, основанные на больших данных. Акцент делается на необходимости развития цифровой грамотности как среди журналистов, так и среди потребителей медиаконтента. В заключение подчеркнута важность междисциплинарного подхода к изучению дата-журналистики, сочетающего медиаисследования, информационные технологии и социологию. Дополнительно рассматриваются перспективы интеграции интерактивных данных в будущие тенденции обработки и визуализации данных в журналистике.

Ключевые слова: дата-журналистика, датафикация, интерактивные данные, цифровые медиа, визуализация данных, потребление мультимедиа, пользовательский опыт.

K.D. Asanov*¹, N. K. Siyazbaev²

^{1,2}Karaganda National Research University named after academician Ye.A. Buketov,
Karaganda, Kazakhstan

Datafication and Interactivity in Modern Journalism

Abstract. In the context of the rapid digitization of the media environment, journalism is changing in terms of both content and the way information is transmitted. One of the main directions of this process is datafication. Modern journalism uses interactive formats, visual interfaces, and algorithmic tools to create new forms of storytelling in which the reader becomes an active participant in interacting with the material rather than a passive consumer. The article examines the theoretical foundations of datafication in media practice, analyzes examples of successful interactive journalism projects, and discusses issues of data interpretation, information accessibility, and the changing role of a journalist. Special attention is paid to the impact of these trends on media consumption, the level of audience engagement and the perception of information reliability. In the context of increasing dependence on algorithms and automated data processing, issues related to ethical and professional standards are being considered. The article analyzes how datafication is changing traditional genres of journalism and contributing to the formation of new formats such as data stories, visual analytics and publications based on big data. The emphasis is on the need to develop digital literacy among both journalists and consumers of media content. In conclusion, the importance of an interdisciplinary approach to the study of data journalism, combining media research, information technology and sociology, is emphasized. Additionally, the prospects for integrating interactive data into future trends in data processing and visualization in journalism are being considered.

Keywords: data journalism, datafication, interactive data, digital media, data visualization, multimedia consumption, user experience.

References

Ausserhofer, J., Gutounig, R., Oppermann, M., Matiassek, S. and Goldgruber, E. (2020) The datafication of data journalism scholarship: Focal points, methods, and research propositions for the investigation of data-intensive newswork. *Journalism*, 21(7), pp. 950–973. DOI: <https://doi.org/10.1177/1464884917715938>.

Cabra, M. and Kissane, E. (2016) Wangling 2.6TB of data: The people and the technology behind the Panama Papers. [Online] Available at: <https://www.icij.org/investigations/panama-papers/data-tech-team-icij/> (Accessed: 16 July 2026).

Dijck, J. (2014) Datafication, dataism and dataveillance: Big data between scientific paradigm and ideology. *Surveillance & Society*, 12(2), pp. 197–208. DOI: <https://doi.org/10.24908/ss.v12i2.4776>.

Green-Barber, L. (2014) Waves of change: The case of rape in the fields. Emeryville, CA: The Center for Investigative Reporting.

Green-Barber, L. (2015) Changing the conversation: The VA backlog. Emeryville, CA: The Center for Investigative Reporting.

Green-Barber, L. (2020) Beyond Clicks and Shares: How and Why to Measure the Impact of

Data Journalism Projects. [Online] Available at: <https://datajournalism.com/read/handbook/two/situating-data-journalism/beyond-clicks-and-shares-how-and-why-to-measure-the-impact-of-data-journalism-projects> (Accessed: 16 July 2026).

Jenkins, J. and Graves, L. (2019) Case Studies in Collaborative Local Journalism. Reuters Institute for the Study of Journalism. [Online] Available at: <https://www.digitalnewsreport.org/publications/2019/case-studies-collaborative-local-journalism/> (Accessed: 16 July 2026).

Loosen, W. (2020) Data-Driven Gold-Standards: What the Field Values as Award-Worthy Data Journalism and How Journalism Co-Evolves with the Datafication of Society. [Online] Available at: <https://datajournalism.com/read/handbook/two/situating-data-journalism/data-driven-gold-standards-what-the-field-values-as-award-worthy-data-journalism-and-how-journalism-co-evolves-with-the-datafication-of-society> (Accessed: 16 July 2026).

Munson, E. (n.d.) When schools use force. Medill School of Journalism, Northwestern University. [Online] Available at: <https://datadrivenreporting.medill.northwestern.edu/case-studies/hearstnewspaper> (Accessed: 16 July 2026).

Ornstein, C. (2019) Across the U.S., over 700 doctors were paid more than a million dollars by drug and medical-device companies since 2014. The Philadelphia Inquirer. [Online] Available at: <https://www.inquirer.com/health/dollars-for-docs-propublica-doctors-drugmakers-devicemakers-20191021.html> (Accessed: 16 July 2026).

Авторлар туралы мәлімет:

Асанов К.Д. – хат-хабар авторы, филология ғылымдарының докторы, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің профессоры, Университет көшесі, 28, 100024, Қарағанды, Қазақстан.

Сиязбаев Н.К. – әлеуметтік ғылымдар магистрі, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің аға оқытушысы, Университет көшесі, 28, 100024, Қарағанды, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Асанов К.Д. – автор корреспонденции, доктор филологических наук, профессор Карагандинского национального исследовательского университета имени академика Е.А.Букетова, улица Университетская, 28, 100024, Караганда, Казахстан

Сиязбаев Н.К. – магистр социальных наук, старший преподаватель Карагандинского национального исследовательского университета имени академика Е.А.Букетова, улица Университетская, 28, 100024, Караганда, Казахстан.

Information about the authors:

Asanov K.D. – corresponding author, Doctor of Philology, Professor, Karaganda National Research University named after academician Ye.A. Buketov, Universitetskaya street, 28, 100024, Karaganda, Kazakhstan

Siyazbaev N.K. – Master of Social Sciences, Senior lecturer of Karaganda National Research University named after academician Ye.A.Buketov, Universitetskaya street, 28, 100024, Karaganda, Kazakhstan.



XFTAP 19.41.07.

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2026-155-2-111-130>

Қазақ тілді медиамәтіндегі англицизмдердің прагматикалық-функционалдық ерекшеліктері (БАҚ материалдары негізінде)

А.Р. Мұханбетжанова^{*1} , С.Е. Тапанова² , Г.Т.Маркабаева³ 

^{1,3}Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹muhamedzhanova_90@mail.ru, ²sauletapanova@gmail.com, ³gulshat.tuleuovna@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілді БАҚ мәтіндеріндегі англицизмдердің қолданысы қарастырылып, прагматикалық және қолданыстық ерекшеліктері талданып, таразыланды. Зерттеудің мақсаты – қазақ тілді медиадискурста қолданылатын англицизмдердің семантикалық, прагматикалық және нормативтік сипаттарын айқындау, баспа және онлайн медиа кеңістігіндегі функционалдық қызметін, белсенділігін салыстырмалы тұрғыдан анықтау. Жұмыстың негізгі кезеңдері БАҚ (баспа және цифрлық басылымдар) материалдарын іріктеп, англицизмдердің қолданыс жиілігін анықтауды, тақырыптық таралуын саралауды және мәтін ішіндегі функционалдық рөлін талдауды қамтыды. Зерттеу барысында англицизмдердің графикалық берілу формалары, морфологиялық бейімделуі және қазақ тіліндегі баламаларымен арақатынасы жүйеленді. Англицизмдердің медиадискурстағы ықпал ету әлеуетін айқындауға, экспрессивтік мағына үстеу қызметіне назар аударылды. Міндеттер контент талдау, семантикалық талдау, прагматикалық талдау және нормативтік талдау әдістері арқылы жүзеге асырылды. Салыстырмалы талдау нәтижесінде баспа БАҚ пен цифрлық медида англицизмдерді қолдану қарқындылығы мен қызметтік жүктемесінде айырмашылық бар екені анықталды. Авторлар цифрлық медида англицизмдердің экспрессивтік, имидждік және заманауилық реңк қалыптастыру функциясы басым екенін дәлелдеді. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы қазақ тілді медиамәтіндердегі англицизмдердің прагматикалық-функционалдық табиғатын кешенді түрде сипаттауда және тілдік жүйедегі орны мен нормативтік мәртебесін айқындауда, медиатипке байланысты қолданыс ерекшелігін анықтауда көрінеді. Практикалық маңыздылығы – алынған нәтижелерді журналистік мәтіндерді редакциялау, тіл саясатын жетілдіру және контент сапасын арттыру үдерісінде, медиалингвистика саласында қолдануында. Мақалада англицизмдердің терминологиялық мәртебесі, тілдік бейімделу деңгейі және дискурстық қызметі жүйеленіп, қазақ тілді ақпарат кеңістігіндегі (баспа және цифрлық БАҚ) даму үдерістеріне ықпалы жөнінде қорытындылар жасалды.

Кілт сөздер: англицизм, медиамәтін, прагматика, семантика, нормативтік бейімделу, баспа БАҚ, цифрлық БАҚ.

Түсті: 28.05.2025; Мақұлданды: 06.06.2026; Онлайн қолжетімді: 30. 06. 2026

Кіріспе

Жаһандану үдерісі мен цифрландырудың қарқынды дамуы БАҚ тілінің лексикалық құрамына айтарлықтай әсер етуде. Ағылшын тілінен енген тілдік бірліктер қазіргі медиамәтінде белсенді қолданысқа түсіп, атауыштық қызмет атқарып, медиамәтіннің прагматикалық, бағалауыштық және дискурстық құрылымына да ықпал етіп отыр. БАҚ тілдік инновациялар жедел таралатын әлеуметтік институт болғандықтан, англицизмдердің функционалдық жүктемесін зерттеу мәселесі медиалингвистиканың өзекті мәселелерінің бірі.

Аталмыш тақырыпқа қатысты халықаралық ғылыми зерттеулер англицизмдерді лексикалық құбылыс қана емес, сандық және баспа медиадағы стилистикалық және идеологиялық құбылыс ретінде де қарастырады. Мысалы, онлайн-журналистикадағы англицизмдердің қолданыс жиілігі мен тілдік паттерндері туралы С.Planchon өз зерттеуінде интернет-басылымдарда қолданылатын англицизмдердің медиадағы көрсеткіштері мен локальды тілдік саясат арасындағы байланысын анықтайды. Олардың қолданыс жиілігі бұқаралық ақпарат құралдарының түріне қарай талданады (Planchon, 2014). Англицизмдердің функциялары мен доминантты лексикалық категориялары зерттелген еңбектерде олардың технология саласында айрықша белсенді қолданылатынын көрсетеді. Мақалада аталмыш тілдік бірліктер медиакоммуникацияның әртүрлі тақырыптық салаларда кеңінен қолданылатыны көрсетіліп, олардың технология, мәдениет және медиаиндустрияның дамуына байланысты пайда болған жаңа құбылыстарды атауда нақтылау қызметін атқаратыны айқындалған. Зерттеу нәтижелері ағылшын тілінен енген кірме сөздердің қазіргі медиадискурстың тұрақты элементіне айналғанын және тілдік кеңістіктегі интернационалдану үдерістерін бейнелейтінін көрсетеді (Czech Rogoyska & Zboch, 2016). N. Shulska, N. Kostusiak, R. Zinchuk және басқа авторлар зерттеулерінде қазіргі медиадискурстағы англицизмдердің қызмет ету ерекшеліктері түсіндірілген. Авторлар ағылшын тілінен енген кірме сөздердің медиамәтінге белсенді ену себептерін талдап, олардың таралуын жаһандану үдерістерімен, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы және медиасаланың цифрлануымен байланысты екенін атап өтеді. Зерттеуде англицизмдердің жаңа медиа құбылыстарды атау үшін қолданылатыны және көбіне транслитерация немесе транскрипция арқылы қолданысқа енетіні көрсетіледі. Нәтижелер медиадискурстағы кірме сөздердің басым бөлігі зат есімдерден тұратыны, терминологиялық бірліктер немесе кәсіби сленг элементтері қызметін атқара алатыны анықталған (Shulska et al., 2023). Ж.Жусубалина, Б.Тлеубердиев, Б.Тасполатов сынды авторлар «Радио, телехабар тілінің англицизмдерді қалыптастырудағы рөлі» атты мақалада англицизм мәселесін социалингвистикалық және медиалингвистикалық тұрғыдан қарастырады. Яғни авторлар англицизмдерді БАҚ (радио мен телехабар) арқылы қалыптасып, таралатын коммуникативтік-функционалдық бірлік ретінде зерттейді. Зерттеуде англицизмдердің қазақ тіліндегі бейімделуі (фонетикалық, грамматикалық, семантикалық), медиамәтіндегі қолданылу жиілігі, прагматикалық қызметі және аудиторияға ықпалы талданады. Медиа кеңістік англицизмдерді тілдік айналымға енгізетін және термин орнығуына ықпал ететін басты фактор деп бағаланады (Жусубалина, Тлеубердиев, Тасполатов, 2022). М.Бейсенова англицизмдерді медиамәтін шеңберінде коммуникативтік-прагматикалық құбылыс деп қарастырып, бұқаралық

ақпарат құралдарындағы тілдік ықпалын жүзеге асыру тетіктерін айқындаған. Зерттеудің ғылыми жаңалығы англицизмдердің аудиторияға ықпал ету құралы ретіндегі функционалдық ерекшеліктерін айқындаумен сипатталады. Автор қазақстандық Telegram-медиадискурсы негізінде англицизмдердің назар аударту, экспрессивтік реңк қалыптастыру, заманауилық пен беделділік әсерін тудыру, әлеуметтік-топтық идентификацияны айқындау және тілдік үнем принципін жүзеге асыру қызметтерін жүйелейді.

Сонымен қатар, англицизмдердің кей жағдайда баламасы бола тұра қолданылуы прагматикалық мақсатпен мәтіннің эмоционалдық әсерін күшейту немесе адресатпен жақындасу үшін жүзеге асатыны дәлелденді. Зерттеу жұмысы жаңа ғылыми тұжырымдарды ұсынып, англицизмдердің қазіргі қазақ медиадискурсындағы функционалдық рөлін нақтылайды (Бейсенова, 2023). Аталған еңбектерде англицизмдердің баспа және онлайн БАҚ материалдарындағы қолданыс ерекшелігіне салыстырмалы, кешенді талдау жүргізілмеген және медиатиптерге байланысты айырмашылықтары арнайы зерттеу нысанына айналмаған.

Ұсынылып отырған мақалада қазақ тілді медиамәтіндегі англицизмдердің прагматикалық-функционалдық ерекшеліктері баспа және онлайн БАҚ материалдары негізінде салыстырмалы талданады. Зерттеу нысаны ретінде 2023-2026 жылдар аралығында жарық көрген медиамәтіндер алынды. Атап айтқанда, республикалық басылымдар - «Егемен Қазақстан» және «Айқын» газеттері, сондай-ақ онлайн БАҚ – «Tengri News» және «Baq.kz» сайттарының материалдары (790 мақала) зерттеу объектісі ретінде қарастырылды.

Зерттеу барысында англицизмдердің құрылымдық типтері, тақырыптық таралуы, мәтін ішіндегі ақпараттық, экспрессивтік, бағалауыштық және имидждік функциялары анықталды. Алғаш рет қазақстандық баспа БАҚ пен цифрлық БАҚ материалдарындағы англицизмдердің қолданысы эмпирикалық деректер негізінде салыстырылып, медиамәтіндегі орны мен прагматикалық функциясына кешенді баға берілді. Зерттеу медиалингвистика саласында англицизмдердің функционалдық әлеуетін жүйелі сипаттауға және ұлттық ақпараттық кеңістіктегі тілдік құбылыстарды тереңірек түсінуге ықпалын тигізеді.

Әдіснама

Медиамәтіндердегі англицизмдердің прагматикалық-функционалдық ерекшеліктерін анықтау мақсатында ғылыми мақалада бірнеше кешенді әдіснамалық тәсіл қолданылды. Зерттеудің эмпирикалық базасын республикалық деңгейдегі баспа басылымдары мен цифрлық БАҚ-тың материалдары құрады. Мақаланың мақсатына сәйкес *контент талдау, семантикалық талдау, прагматикалық талдау және нормативтік талдау* әдістері өзара сабақтастықта пайдаланылды.

Контент талдау әдісі медиамәтіндердегі англицизмдерді жүйелі түрде іріктеу, сандық және сапалық тұрғыдан сипаттау үшін қолданылды. Әдіс арқылы англицизмдердің жиілік көрсеткіштері, тақырыптық таралу аясы, мәтін ішіндегі қолданыс ерекшеліктері, графикалық берілу формалары және контекстік қызметі анықталды. Контент талдау нәтижелері баспа және цифрлық медиадағы англицизмдердің таралу динамикасын салыстыруға және қолданыстағы белсенділігін айқындауға септігін тигізді.

Семантикалық талдау англицизмдердің мағыналық құрылымын, бастапқы тілдегі семантикасы мен қазақ тіліндегі қолданыстағы мағынасының ара қатынасын анықтауға бағытталды. Талдау барысында сөз мағынасының кеңеюі, тарылуы, трансформация құбылыстары, терминдік және бейресми қолданыстар зерттелді.

Прагматикалық талдау англицизмдердің медиадискурстағы коммуникативтік қызметін, адресатқа әсер ету әлеуетін және автордың көздеген мақсатын жүзеге асырудағы рөлін айқындауға ықпал етті. Зерттеу барысында англицизмдердің экспрессивтік-үстемелеуді және дискурстық стратегия құрамындағы қызметі талданды.

Нормативтік талдау англицизмдердің орфографиялық, графикалық және морфологиялық бейімделу дәрежесін анықтау мақсатында жүргізілді. Зерттеу барысында кодификациялану деңгейі, емле нормаларына сәйкестігі, сөзжасамдық және формалық тұрақтылығы қарастырылды. Талдау англицизмдердің медиамәтін тілінің нормативтік мәртебесін жүйелеуге және тілдік нормадағы орнына баға беруге ықпалды.

Қолданылған әдістердің өзара үйлесімі қазақ тілді баспа және цифрлық медиамәтіндердегі англицизмдердің прагматикалық-функционалдық табиғатын кешенді түрде ашуға жағдай жасады.

Талқылау

Англицизмдердің медиакеңістікте таралуы жаһандану үдерісімен тікелей байланысты. Y.Kostyk, I.Bakhov, O.Shum, M.Hnatyuk, N.Nikitina бастаған авторлар зерттеуінде англицизмдердің ұлттық тілдерге енуі жаһандану жағдайындағы тілдік диффузияның көрінісі ретінде қарастырылады. Авторлар англицизмдердің журналистік дискурстағы, әсіресе мақала тақырыптарының құрылымындағы концептуалдық рөлін талдай отырып, олардың тақырыптарда салыстырмалы түрде сирек кездесетінін және көбіне экспрессивтік әрі аттрактивтік қызмет атқаратынын атап өтеді (Kostyk et al., 2025). Аталмыш құбылыс қазақ тілді медиамәтіндерде де байқалады.

Қазақ баспасөзіндегі англицизмдерді зерттеген ғалымдар олардың семантикалық категориялар бойынша жіктелетінін және көбіне қоғам тақырыбына қатысты англицизмдер жиі қолданылатынын, қаржы тақырыбында аз кездесетінін дәлелдейді (Zhussubalina & Tleuberdiyev, 2022).

Әлеуметтік желілер мен онлайн платформадағы англицизмдердің таралуын талдай отырып, Ж.Жусубалина, Л.Карабаева, С.Керимбаева, А.Карабаева «Әлеуметтік желілер мен ғаламтор сайттарындағы англицизмдер» атты мақаласында англицизмдердің соңғы онжылдықта едәуір артқанын көрсетеді (Жусубалина және басқа авторлар, 2024). Медиатиптің тілдік жаңашылдықтың негізгі тарату ортасы екенін дәлелдейді.

M.Beisenova, G.Kenzhetayeva, G.Kusheva зерттеулерінде Қазақстанның медиадискурсындағы англицизмдерді коммуникативтік-прагматикалық тәсіл аясында қарастырады. Авторлар англицизмдердің цифрлық ортада пайда болған жаңа ұғымдарды атау үшін қолданылатынын, жаһандық мәдени кеңістікке қатыстылықты білдіре отырып, әлеуметтік-статустық қызмет атқаратынын, сондай-ақ заманауилық, беделділік және өзектілік әсерін қалыптастыруға ықпал ететінін атап өтеді. Англицизмдердің таралуында цифрлық медиа мен әлеуметтік желілер ерекше рөл атқарады (Beisenova et al., 2024). Әсіресе онлайн медиада кең тараған, цифрлық орта экспрессия мен ықшамдылықты талап етеді.

Англицизмдердің лексикалық-семантикалық бейімделуін А.Головань ассимиляция

үдерісі арқылы түсіндіреді: мағынаның кеңеюі, тарылуы, жаңа коннотациялардың пайда болуы (Головань, 2024). Бұл құбылыстар қазақ медиамәтіндерінде де байқалады, кейбір англицизмдер ұлттық контексте жаңа реңкке ие болады.

I.Spahiu, Z.Nuredini өз зерттеулерінде англицизмдердің фонологиялық, морфологиялық және семантикалық бейімделу механизмдерін сипаттайды (Spahiu & Nuredini, 2023). Біздің зерттеуімізде анықталған таза, кирилл графикасына бейімделген және гибриді формалардың қалыптасуын теориялық тұрғыдан негіздейді.

Медиадағы англицизмдердің кәсіби дискурстағы қызметін кей ғалымдар қысқалық, терминологиялық нақтылық және стильдік әсер беру қажеттігімен байланыстырады. С.Апетян баспа мәтіндер мен электронды мәтіндерді салыстыра отырып, электронды медиада англицизмдердің жиілігі жоғары болатынын атап өтеді (Апетян, 2010).

Кейғылыми зерттеулерде англицизмдерді қолдану барысында уәжділік критерийлерін тілдік экология тұрғысынан қарастырып, баламасы жоқ жағдайда немесе семантикалық дәлдік қажет болғанда қолдану орынды екені айтылады (Kulikova et al., 2023). Пікір тілдік саясат пен медиадағы жауапкершілік мәселесін көтереді.

K. Seresová мен E. Jurčáková англицизмдердің стилистикалық функцияларын жаңашылдық әсері, экспрессивтік (стилистикалық) бояу, прагматикалық және коммуникативтік құндылық тұрғысынан қарастырады (Seresová & Jurčáková, 2017). M. Marice және әріптестері англицизмдерді жарнамалық мәтіндерден алынған тілдік бірліктер ретінде қарастырады (Marice et al., 2025). Коммерциялық-коммуникативтік функциясын айқындайды.

Бірқатар зерттеулерде авторлар англицизмдерді жастар коммуникациясының маңызды бөлігі ретінде қарастырып, оларды қолдануда тілдік жаңару мен ұлттық тілдік құндылықтарды сақтаудың арасындағы тепе-теңдікті сақтау қажеттігін атап өтеді (Бугенова, Бастаубаева, 2025).

Заманауи англицизмдерді медиамәтіндер арқылы оқыту мәселесін көтерген Ж. Жусубалина англицизмдердің лингводидактикалық тұрғыдан да өзекті екенін дәлелдейді (Жусубалина және Тлеубердиев, 2022). Бұл англицизмдердің медиатілдік кеңістіктен тыс, білім беру саласында да белсенді қолданысқа ие екенін дәлелдейді.

Зерттеулерді кешенді түрде қарастырсақ, англицизмдер:

- жаһанданудың тілдік көрінісі;
- медиамәтіндегі семантикалық категорияланған құбылыс;
- прагматикалық және әлеуметтік-статустық маркер;
- ассимиляцияланатын лексикалық бірлік;
- кәсіби медиадискурстың терминологиялық құралы;
- цифрлық ортада жиілігі жоғары құбылыс;
- тілдік экология тұрғысынан реттелуі тиіс бірлік;
- стильдік жаңашылдық көзі;
- жарнама мен жастар коммуникациясында белсенді қолданылатын элемент;
- білім беру үдерісінде де зерттелетін тілдік феномен.


Ғылыми зерттеулерді салыстыра талдау қазақ баспа және цифрлық БАҚ кеңістігіндегі англицизмдердің таралуы жүйелі, функционалдық тұрғыдан уәжді және медиатиптің коммуникативтік стратегиясымен байланысты құбылыс екенін көрсетеді.

Нәтижелер

Қазақ тіліндегі медиамәтіндерде англицизмдердің белсенді қолданысы кейінгі жылдары ғалымдардың ерекше назарын аудартып отыр. Англицизмдер жаңа ұғымдарды атау, халықаралық терминологияны енгізу, кәсіби дискурс қалыптастыру және аудиторияға әсер ету сияқты әр түрлі коммуникативтік міндеттерді атқарады. Англицизмдер мәселесі тілдік норма, семантикалық бейімделу және прагматикалық уәж мәселелерін де өзекті етеді.

Ғылыми әдебиеттерде англицизмдердің таралуы жаһандану, тілдік байланыс және медиадискурс ерекшеліктерімен байланыстырылады. Зерттеулерде мағыналық олқылықты толтыру, стилистикалық реңк қалыптастыру және әлеуметтік престиж маркері болу қызметі атап көрсетіледі. Дегенмен, қазақ тіліндегі баспа және цифрлық медиада англицизмдердің прагматикалық-функционалдық ерекшеліктерін салыстырмалы түрде кешенді талдаған зерттеулер саны шектеулі.

Аталмыш мақалада қазақ тілді медиамәтінде қолданылатын англицизмдердің берілу формасы, тақырыптық таралуы, семантикалық трансформациясы және прагматикалық қызметі баспа және онлайн БАҚ материалдары негізінде салыстырмалы түрде талданады. Зерттеу нәтижелері қазіргі қазақ медиатіліндегі лексикалық трансформация үдерістерін түсіндіруге және англицизмдердің функционалдық уәжділігін айқындауға мүмкіндік береді.




1-сурет. Баспа БАҚ және онлайн БАҚ-тағы англицизмдердің қолданыс көрсеткіші

Ескертпе: мәліметтерді жүргізілген контент-талдау нәтижелері негізінде авторлар әзірлеген.

Жүргізілген контент-талдау 2023–2026 жылдары жарияланған медиамәтіндер негізінде қазақ тіліндегі англицизмдердің функционалдық жүктемесін, прагматикалық рөлін және формалық трансформациясын айқындауға мүмкіндік берді. Зерттеу корпусы «Айқын», «Егемен Қазақстан» басылымдары мен «TengriNews», «BAQ.KZ» онлайн платформалары материалдарын қамти отырып, дәстүрлі және цифрлық медиадискурстың тілдік динамикасын салыстырмалы аспектіде сипаттауға жағдай жасады. Сандық деректер жүйеленіп, статистика визуализацияланды.

Контенттік іріктеу нәтижесінде англицизмдердің қолданыс жиілігі онлайн медиада


айқын басым екені анықталды. Сандық көрсеткіштер бойынша таза англицизмдер, кириллизацияланған және гибриді формалар барлық категорияда цифрлық БАҚ-та белсенді қолданылатыны анықталды. Құбылыс цифрлық медианың жеделдік, жаһандық ақпараттық ағынмен тікелей байланысты және технологиялық дискурсқа тәуелділік сипатымен түсіндіріледі. Онлайн платформаларда гибриді модельдердің (ағылшын түбір + қазақша морфологиялық қосымша) жоғары көрсеткіші қазақ тілінің морфологиялық бейімделу механизмдерінің белсенділігін көрсетеді. Мысалы, «стартаптар», «контентті», «чат-боты», «IT-мамандар», «онлайн-өтініш» сияқты бірліктер тілдік ассимиляцияның жүйелі сипатын айғақтайды.



2-сурет. Баспа БАҚ-тың тақырыптық құрылымы

3-сурет. Онлайн БАҚ-тың тақырыптық құрылымы

Ескертпе: мәліметтерді жүргізілген контент-талдау нәтижелері негізінде авторлар әзірлеген.




4-сурет. Англицизмдердің баспа және онлайн БАҚ-тағы тақырыптық үлесі

Ескертпе: мәліметтерді жүргізілген контент-талдау нәтижелері негізінде авторлар әзірлеген.

Through the analysis of seven cross-platform fake news cases, this study shows that misinformation in contemporary digital environments is not a random anomaly, but a socially

produced phenomenon that emerges under certain structural conditions. It tends to develop in situations marked by information uncertainty, emotional pressure, algorithmic amplification and users' instinctive reactions to risk. Although the cases differ in topic, platform settings, and national context, the basic logic of fake news dissemination remains largely consistent, following similar chain-like diffusion patterns. This consistency is especially visible in the comparative cases of Kazakhstan and China. In Kazakhstan, fake news typically originates in closed spaces dominated by acquaintances. Apps such as WhatsApp and Telegram are gradually spreading through screenshots, voice messages or short videos into more open public discussions. In China, fake news often emerges from WeChat groups, but its entry into the mass consciousness is driven by public platforms like Weibo Video Accounts and Douyin. While the transmission pathways differ slightly between the two countries, the underlying drivers are nearly identical: user anxiety stemming from information gaps, platform algorithms amplifying content during viral outbreaks, media outlets potentially rushing coverage under time pressure, and the constant reprocessing of content. These factors collectively enable fake news to repeatedly breach platform boundaries, spreading faster and farther with each iteration.

These dissemination structures reveal not merely "how information travels" but "how people act amid uncertainty." Fake news spreads not so much through direct persuasion but through a set of widely shared psychological responses. These seemingly "irrational" behaviors represent humanity's most natural defense mechanisms against risk. Consequently, false information spreads far faster than debunking within closed social networks. At the public media level, platforms' recommendation algorithms themselves provide "acceleration for dissemination." Whether it's Telegram's channel pushes Weibo's trending topic algorithms or TikTok Douyin's short-video recommendation systems. These platforms fundamentally assess content value based on engagement metrics, emotional intensity, and visual appeal. Under such mechanisms, content that delivers greater shock value, sensory stimulation, and emotional tension naturally gains stronger dissemination capabilities. As a result, the continued spread of fake news is not simply driven by individual intentions, but more by structural conditions in which platform systems tend to favor content that provokes immediate user reactions.

The reprocessing of fake news during dissemination has become a significant structural factor. Much content undergoes continuous transformation as it moves across platforms: some instances involve text rewriting, others combine and reassemble screenshots, while some re-edit old videos into new narratives, and others introduce AI-generated "expert opinions." As users continually add new details, fake news quickly diverges from its original form, becoming increasingly complex and convincing with each modification. This evolution strips fake news of its original context, making it more persuasive and visually impactful, thereby complicating debunking efforts. Debunkers often confront not a single claim but an entire false narrative collectively constructed by numerous users.

Viewed from a broader perspective, combating fake news is not merely a technical or communication issue; it is fundamentally a systemic societal challenge. The key lies not in accelerating debunking speed or placing sole responsibility on any single platform but in structurally reducing the conditions that enable rapid misinformation spread, making it harder for false narratives to gain traction. In this regard, the cases of China and Kazakhstan offer a transnationally applicable governance direction: for platforms, institutions and users must coordinate efforts at their respective levels rather than operating in isolation.

At the platform level, enhancing information transparency proves more effective than merely

restricting content. If platforms clearly indicate information sources, make visible how content is shared and circulated and provide early warnings when abnormal dissemination patterns appear, this can help reduce misunderstanding to a considerable extent. Short-video platforms also face a clear issue their algorithms tend to prioritize emotionally charged content. The aim of governance is not to remove emotional content but to make sure that users are also exposed to sufficient contextual information so the chances of emotionally driven misjudgment can be reduced. This prevents them from being swept away by sentiment while facts lag behind. At the institutional level, maintaining communication during uncertainty is crucial, rather than waiting until all information is confirmed before issuing a single response. During the rapid spread of many fake news stories, the public often needs not the final answer but a signal that we are verifying. This reassurance prevents unverified claims from filling every information gap. Cross-departmental collaboration serves this purpose precisely, reducing breakdowns in information flow so that debunking isn't perpetually a step behind. At the user level, media literacy isn't merely about distinguishing truth from falsehood but more about exercising restraint when emotions run high. While users cannot realistically verify every piece of information, they can still pause before sharing emotionally intense content avoiding quick forwarding or uncritical trust in information coming from familiar networks. The stability of a media environment hinges on the maturity of the relationship between users and information.

Fake news is not a problem that can be eradicated entirely but rather a digital-age reality requiring long-term management and ongoing communication. Its recurrence stems not from shortcomings in any single country or platform but from the shared human nature, platform logic and dissemination mechanisms inherent in digital societies. The experiences of China and Kazakhstan demonstrate that while transmission pathways differ the underlying structures and driving forces are highly consistent. Future fake news will continue to emerge in new forms. As long as we understand its underlying structures respond at multiple levels, and maintain transparency and communication amid uncertainty, its impact can gradually be contained. While the digital information environment may never be completely free of misinformation, it can gradually become more resilient and stable through continuous efforts in governance, communication and user awareness.

The contribution of the author

Kairat A. – developed the research concept, conducted case analysis and data collection, performed data visualization, and wrote the manuscript.

Buyenbayeva Z. – supervised the research process, contributed to data interpretation, revised and edited the manuscript, and ensured the academic quality of the study.

Berikbol T. – assisted in literature collection and data organization, participated in the general review and discussion of the manuscript.

Reference

Aigelova, A. M. (2023). Problems of fake news analysis in social media. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Journalism Series, 142(1), 60–68. <https://buljournal.enu.kz/index.php/main/article/view/100>

- Akhmetova, L., & Nussipova, A. (2025). Digital literacy as a tool for identifying fake news: A comparative analysis of European and Kazakhstani media. *Journal of Information Policy*, 15, 1–23. <https://doi.org/10.5325/jinfopoli.15.2025.0001>
- Akynbekova, A. B. (2024). Problems of identifying sources and visual content in social media: The experience of Kazakhstan. *Rasinfo.kz*. https://rasinfo.kz/storage/files/docs/problems_of.pdf
- Allcott, H., & Gentzkow, M. (2017). Social media and fake news in the 2016 election. *Journal of Economic Perspectives*, 31(2), 211–236. <https://doi.org/10.1257/jep.31.2.211>
- Beimisheva, A. S. (2025). The peculiarities of the impact of disinformation on modern Kazakh society. *Society and Security Insights*, 4(1), 33–49. <https://socjournal.enu.kz/index.php/main/article/view/6>
- Demos Public Foundation. (2022). Perception and spreading of disinformation in Kazakhstan media and on social networking sites. <https://demos.kz/perception-and-spreading-of-disinformation-in-kazakhstan-media-and-on-social-networking-sites-2/?lang=en>
- Deng, W., Liu, H., & Zhang, X. (2021). Cross-platform comparative study of public concern on social media during the COVID-19 pandemic: Twitter and Weibo. *International Journal of Environmental Research and Public Health*, 18(12), 6344. <https://doi.org/10.3390/ijerph18126344>
- Gillespie, T. (2018). *Custodians of the internet: Platforms, content moderation, and the hidden decisions that shape social media*. Yale University Press. <https://yalebooks.yale.edu/book/9780300261431/custodians-of-the-internet/>
- IWPR & CABAR.asia. (2019). Central Asian audience receives news from social media and messengers. <https://cabarasia/en/central-asian-audience-receives-news-from-social-media-and-messengers-iwpr-research>
- Jiang, B., Wang, H., & Cao, X. (2024). Perception of misinformation on social media among Chinese college students. *Frontiers in Psychology*, 15, 1416792. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2024.1416792>
- Luo, H., Cai, M., & Cui, Y. (2021). Spread of misinformation in social networks: Analysis based on Weibo tweets. *Security and Communication Networks*, 2021, 7999760. <https://doi.org/10.1155/2021/7999760>
- MISK. (2022). The impact of disinformation on the society of Kazakhstan: Based on sociological study. <https://reports.misk.org.kz/2022/files/The%20impact%20of%20disinformation%20of%20the%20society%20of%20Kazakhstan.pdf>
- Nardi, B. A., & O'Day, V. L. (1999). *Information ecologies: Using technology with heart*. MIT Press. <https://direct.mit.edu/books/book/2686/Information-Ecologies-Using-Technology-with-Heart>
- Nussipova, A. (2023). Pandemic, hoaxes and information security of Kazakhstan. *Journal of Information Policy*, 13, 237–260. <https://doi.org/10.5325/jinfopoli.13.2023.0011>
- Papacharissi, Z. (2015). *Affective publics: Sentiment, technology, and politics*. Oxford University Press. <https://doi.org/10.1093/acprof:oso/9780199999736.001.0001>
- Rakhymzhanova, L., & Alzhan, A. (2023). COVID-19: Analysis of disinformation spread in the media of Kazakhstan in 2020. *Bulletin of L.N. Gumilyov ENU. Journalism Series*, 143(2), 40–46. <https://buljourn.enu.kz/index.php/main/article/view/147>
- Sambetbayeva, M., Nekessova, A., Yerimbetova, A., Bayangali, A., Kaldarova, M., Telman, D., & Smailov, N. (2025). A multi-level annotation model for fake news detection: Implementing

Kazakh-Russian corpus via Label Studio. Big Data and Cognitive Computing, 9(8), 215. <https://doi.org/10.3390/bdcc9080215>

Sultanbayeva, G., Akynbekova, A., Belgarayeva, A., Buyenbayeva, Z., & Ashimova, A. (2024). Digital literacy as a tool for identifying fake news: A comparative analysis using the example of European and Kazakh media. Journal of Information Policy, 15, 1–31. <https://doi.org/10.5325/jinfopoli.15.2025.0001>

Sultanbayeva, G. S., Tolegen, B. Z., Mukanov, B., Kalibekuly, D., & Lozhnikova, O. P. (2025). Indicators of disinformation and problems of fact-checking in Kazakhstan. Bulletin of KazNU. Journalism Series, 2(80), 45–58. <https://bulletin-journalism.kaznu.kz/index.php/1-journal/article/download/2020/1469>

Sultanbayeva, G. S., et al. (2025). Indicators of inaccurate information and disinformation in Kazakhstan. Qazaq University.

UNDP. (2022). Mapping and analysis of efforts to counter information pollution. United Nations Development Programme. <https://www.undp.org/sites/g/files/zskgke326/files/2023-01/Mapping-and-Analysis-of-Efforts-to-Counter-Information-Pollution.pdf>

Van Dijk, T. A. (1998). Ideology: A multidisciplinary approach. Sage Publications.

Vosoughi, S., Roy, D., & Aral, S. (2018). The spread of true and false news online. Science, 359(6380), 1146–1151. <https://doi.org/10.1126/science.aap9559>

Wahl-Jorgensen, K. (2019). Emotions, media and politics. Polity Press.

Wang, Y. (2025). Research on the causes and governance strategies of fake news in the era of social media. Journal of Digital Media Studies, 3(1), 15–32. <https://knowledge.lancashire.ac.uk/id/eprint/55045/1/55045%20Wang%20VOR.pdf>

Yang, Y. (2021). China dealing with the impact of fake news: Roles of media and state. Communication and Technology Studies, 128, 1–15. <https://journals.openedition.org/ctd/5960>

А. Қайрат¹, З.К. Буенбаева², Б.З. Толеген^{*3}

^{1,2,3}әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Әлеуметтік желілерде жалған ақпараттың таралуы: Қазақстан мен Қытай материалдарын салыстырмалы зерттеу

Аңдатпа. Бұл зерттеу Қазақстан мен Қытайдағы қоғамдық қауіпсіздік пен дағдарыс кезеңдеріндегі дезинформациямен байланысты жеті мысалды талдай отырып, әлеуметтік желілерде жалған ақпараттың пайда болуы мен таралуының құрылымдық логикасын айқындайды. Жалған ақпаратты жеке-дара құбылыс ретінде емес, ақпараттық вакуумдардың, әлеуметтік желілердегі сенімнің, эмоцияға негізделген контентті алгоритмдердің күшейтуінің және нақты әрі сенімді ақпарат болмаған кезде пайдаланушылардың инстинктивті әрекеттерінің ықпалымен қалыптасатын құрылымдық үдеріс ретінде қарастырылады. Зерттеу сапалық контент-талдау тәсіліне негізделген. Эмпирикалық деректер Telegram, WhatsApp, Weibo және Douyin платформаларынан жиналған мәтіндер, скриншоттар және қысқа бейнематериалдардан тұрады. Бұл деректер жалған ақпараттың кросс-платформалық таралуы мен қайта өңделуі барысында қалай өзгеретінін бақылауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері платформалық экожүйелердегі айырмашылықтарға қарамастан,

жалған ақпараттың таралуы тұрақты, көпсатылы үлгіге бағынатынын көрсетеді: ол бастапқыда жабық коммуникациялық ортада пайда болады, кейін аудиториясы кең платформаларда күшейеді (мысалы, мессенджерлер, жабық арналар мен топтар), қысқа бейне форматтарында эмоционалдық әрі визуалдық тұрғыдан қайта өңделеді және ресми ақпараттан жылдамырақ таралады. Үздіксіз қайта өңдеу барысында жалған ақпаратқа деген сенім біртіндеп артып, оны жоққа шығару уақыт өткен сайын едәуір қиындайды. Алынған нәтижелер негізінде платформалардың ашықтығын арттыруды, институционалдық коммуникацияның жеделдігін қамтамасыз етуді және сенімсіз ақпарат тараған жағдайда пайдаланушылардың сыни қабылдау дағдыларын дамытуды көздейтін трансұлттық реттеу тәсілдері ұсынылады. Зерттеу нәтижелері жалған ақпаратқа қарсы әрекет тек оның таралуын тоқтатумен ғана шектелмей, ақпараттық вакуумдарды азайту, дер кезінде немесе алдын ала хабарландыру тетіктерін жетілдіру және пайдаланушылардың сенімді ақпаратқа қолжетімділігін кеңейту арқылы цифрлық ақпараттық ортаны тұрақтандыруды қажет ететінін көрсетеді. Сонымен қатар, бұл зерттеу цифрлық медиа кеңістіктегі дезинформацияны түсінудің теориялық аясын кеңейтіп, платформалар, институттар және пайдаланушылар деңгейінде жалған ақпаратқа қарсы тиімді стратегияларды әзірлеу тұрғысынан практикалық маңызға ие.

Түйін сөздер: жалған ақпарат; дезинформация; әлеуметтік желілер; кросс-платформалық таралу; ақпараттың таралуы; жалған нарративтер; Қазақстан; Қытай

А.Қайрат¹, З.К. Буенбаева², Б.З. Толеген^{*3}

^{1,2,3}*Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

Распространение фейковых новостей в социальных сетях: сравнительное исследование казахстанских и китайских материалов

Аннотация. Данное исследование анализирует семь показательных случаев фейковых новостей, связанных с общественной безопасностью и кризисной дезинформацией в Казахстане и Китае, с целью выявления структурной логики генерации и распространения дезинформации в социальных сетях. В отличие от подходов, рассматривающих фейковые новости как отдельное явление, в данном исследовании они интерпретируются как структурно обусловленный процесс, формирующийся под влиянием информационных вакуумов, доверия внутри замкнутых социальных сетей, алгоритмического усиления эмоционально насыщенного контента и инстинктивных реакций пользователей в условиях неопределённости. Исследование основано на качественном подходе и методе контент-анализа и опирается на тексты, скриншоты, короткие видеоматериалы, собранные с таких платформ, как Telegram, WhatsApp, Weibo и Douyin, что позволяет проследить трансформацию фейковых новостей в процессе кроссплатформенного распространения и переобработки. Результаты показывают, что, несмотря на различия в платформенных экосистемах, фейковые новости следуют устойчивой многоэтапной модели распространения: они возникают в закрытых коммуникационных пространствах, усиливаются на платформах с более широкой аудиторией (к примеру, мессенджеры, закрытые каналы и группы), подвергаются эмоционально-визуальной трансформации в среде коротких видеосервисов и распространяются быстрее официальной информации.

В процессе постоянной последовательной переобработки дезинформация постепенно приобретает признаки достоверности, что существенно затрудняет её своевременное опровержение.

На основе полученных результатов предлагается транснациональный подход к регулированию, направленный одновременно на повышение прозрачности платформ, обеспечение своевременной институциональной коммуникации и развитие критического восприятия информации пользователями в условиях неопределённости. Результаты исследования показывают, что противодействие фейковым новостям требует не только ограничения их распространения, но и стабилизации цифровой информационной среды за счёт сокращения информационных вакуумов, совершенствования механизмов раннего оповещения на платформах и расширения доступа пользователей к достоверной информации. Вместе с тем данное исследование расширяет теоретическое понимание дезинформации в цифровой медиасреде и имеет практическую значимость для разработки эффективных стратегий противодействия фейковым новостям на уровне платформ, институтов и пользователей.

Ключевые слова: фейковые новости; дезинформация; социальные сети; кроссплатформенное распространение; информационная диффузия; ложные нарративы; Казахстан; Китай

Information about the authors:

Kairat A. – 2nd year PhD student of the "8D03202 - Media and Communications", Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Buyenbayeva Z. – PhD, Acting associate professor, Department of Print and Electronic Media, Faculty of Journalism of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Tolegen B. – corresponding author, 3rd year PhD student, Faculty of Journalism of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Авторлар туралы мәлімет:

Қайрат А. – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «8D03202 – Медиа және коммуникациялар» білім беру бағдарламасының 2-курс докторанты, Алматы, Қазақстан.

Буюнбаева З. – PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Журналистика факультетінің Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының доцент м.а., Алматы, Қазақстан.

Төлеген Б. – хат-хабар авторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің 3-курс докторанты, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Кайрат А. — докторант 2 курса образовательной программы «8D03202 — Медиа и коммуникации» Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Буюнбаева З. — PhD, и.о.доцента кафедры печатных и электронных СМИ факультета журналистики Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Төлеген Б. — автор корреспонденции, докторант 3 курса факультета журналистики Казахского национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.



ХҒТАР 19.01.11
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-7174-2026-155-2-171-185>

Алаш қозғалысы туралы отандық онлайн БАҚ жарияланымдарының визуалды-дискурстық бейнесі: тарихи жадты медиалық конструкциялау

Н.Б. Самет¹ , А.Ә. Рамазан^{*2} 

^{1,2} *әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*

*(E-mail: ¹algakazakh98@gmail.com, ^{*2}aigulramazan65@mail.ru)*

Аңдатпа. Мақала қазақстандық онлайн ақпарат құралдарында Алаш қозғалысының мультимодальді репрезентациясын және оның тарихи жадыны қалыптастырудағы рөлін қарастырады. Зерттеу мультимодальды-дискурс талдауы әдісіне негізделіп, мәтін, визуал және медиалық композицияның өзара байланысын жүйелі түрде айқындайды. Эмпирикалық дереккөз ретінде 2015-2025 жылдар аралығында Egemen.kz, Abai.kz, Ult.kz, Zanmedia.kz, Anatili.kazgazeta.kz, Qazaqadebieti.kz сайттарында жарияланған 120 журналистік материал іріктеліп алынды. Талдау нәтижесінде онлайн журналистикада Алаш қозғалысы төрт негізгі репрезентация режимі арқылы конструкцияланатыны анықталды: мемлекеттілік, трагедиялық, интеллектуалдық және ғұрыптық-символдық. Аталған режимдер Алаш қозғалысын бір мезгілде ұлттық бірегейліктің бастауы, тарихи қасіреттің символы, зиялылардың жобасы және рухани-мәдени мұра ретінде ұсынуға мүмкіндік береді. Ұсынылған мультимодальді карта журналистиканың тарихты әртүрлі символдық шеңберлер арқылы қайта құрастыратынын көрсетеді. Жүргізілген мультимодальды-дискурсты талдау Қазақстандағы қазіргі БАҚ-тың, ұлттық бірегейлік кодының, тарихи сананың өзара сабақтастығын тереңірек зерделеуге негіз болады.

Түйін сөздер: онлайн БАҚ, визуалды-дискурстық бейне, тарихи жад, Алаш қозғалысы, медиалық конструкциялау.

Кіріспе

Алаш қозғалысының мұрасы, оның қайраткерлері соңғы жылдары отандық ақпараттық кеңістіктің басты тақырыптарының біріне айналды. Тарихи сана серпілді. Қазақстандық желілік басылымдарда жарық көрген Алаш арыстарына қатысты

Түсті: 16.01.2026; Мақұлданды: 1.06.2026; Онлайн қолжетімді: 30. 06. 2026

материалдардың басым бөлігі дәстүрлі мәтіндік форматтан ауытқып келеді. Қазір визуалды контенттер, атап айтқанда архивтік фотолар реставрациясы, инфографикалық карталар, мультимедиялық лонгридтер (ағылш. longread; long read – ұзақ оқу), ұлттық бірегейлікті қалыптастыру процесінде айқын көрініс береді. Десе де, сандық кеңістіктегі тіл, кескін, мәтін, бейненің аралас сипаты ғылыми деңгейде жүйелі зерттелмеген. Маңыздысы – тарихи жадтың медиада көрініс табуының академиялық ортадан сырт қалуы.

Тарихи жадының БАҚ-тағы репрезентациясы, оның қоғамдық санаға әсері халықаралық ғылыми дискурста М.Хальбвакстың (2020) «Ұжымдық жады» концепциясы, Я.Ассман (2011), А.Ассманның (2009) «Мәдени жады» теориялары аясында кеңінен зерделенген. Онда өткен күннің бейнесі статикалық күйде қалмайтыны, саяси, мәдени сұраныстарға сай медиа арқылы үнемі жаңарып отыратыны, трансформацияланатыны бекіген. Алдыңғы зерттеушілердің пікірін ары қарай дамытқан П.Нора (2019) тарихи сананың материалдық/бейматериалдық «жады мекендеріне» («lieux de memoire») айналу процесін сипаттайды. Процесс өзегінде архивтер, ескерткіштер, мәтіндер өткен күннің шынайы бейнесінен бөлек, содан қалған символдық белгілерден көрініс табатыны мәлім етілген (Nora, 2019). Ал процестің «медиялық конструкциялау» сипатын П.Бергер, Т.Лукманның (2016) әлеуметтік конструкциялау теориясымен байланыстырамыз. Сандық дәуірдегі жады феноменін Э.Хоскинс (2018) «сандық жады» («digital memory») деп атап, медианың есте сақтау, ұмыту тетіктерін қалай басқаратынын көрсетті. Сандық естеліктердің тұрақсыздығына қатысты Х.Ван Дейк (2007) «медияланған есте сақтау мәдениеті» идеясын ұсынады. Онда әлеуметтік платформалар тарихи бейнелерді үнемі сұрыптап, алгоритмдер арқылы қайта өңдейтін белсенді экожүйе екені анықталған (Van Dijk, 2007). Яғни жыл өте, ғаламдық өзгерістерге сәйкес тәсілдері де өзгеріске ұшырап отырған.

Медианың тарихи конструкциялау қуатын зерттеуші Б.Зелизер (2008) «журналистикалық жадының бейресми мұрағаты» деп атайды. Атап айтсақ, журналистер өткен оқиғаны күн тәртібіне («agenda-setting») сәйкес сұрыптайды. Маңызды бөлшектерді алдыңғы шепке шығарып, кейбірін көлеңкеге қалдырады (Zelizer, 2008). Ал визуалды семиотиканың өкілдері У.Эко визуалды белгілердің мәдени кодтарға тәуелділігін баяндаса (Bianchi & Gieri, 2009), Ю.Лотман (1990) «семиосфера», «мәтін ішіндегі мәтін» концепциялары арқылы тарихи фотолардың заманауи медиадағы жаңа өмірін сипаттауға жол ашады. Мұнда америкалық медиа талдаушы Л.Мановичтің (2013) «мәдениет бағдарламасы» («software culture») теориясын да ескерген жөн. Ол сандық медианың визуалды тілін «деректер базасының эстетикасы» деп атайды (Manovich, 2013). Осы теориялық негіздерге сүйенсек, қазіргі онлайн БАҚ архивтік фотоларды заманауи дизайнмен үйлестіріп, Алашты визуалды түрде «жаңартуға» толық әлеуеті бар деуге әбден болады.

Екінші жағынан, мақаланың әдістемелік өзегін құрайтын визуалды, мультимодальді дискурс-талдау бағыты М.Фуконың (2013) дискурс-талдау классикалық ілімінен бастау алып, Т. Ван Леувен, Г.Кресстің (2020) қолжазбаларындағы әлеуметтік семиотика, грамматикалық визуалды дизайн принциптеріне сүйенеді. Одан бөлек, Н.Фэркло (2023), Р.Водак (2015) ұсынған сыншыл дискурс-талдау (CDA) тәсілдері медиа мәтіннің астарындағы жасырын билік, идеологиялық коннотацияларды ашуға жол ашты. Демек, әлемдік ғылыми ортада идеология құралдары да әртүрлі.

Одан бөлек, БАҚ-тағы ұлттық бірегейліктің медиалық конструкциялануын зерттеген М.Биллинг (2009) «үйреншікті ұлтшылдық» («banal nationalism») теориясында ұлттық символдардың күнделікті медиада елеусіз, бірақ жүйелі түрде қайталанып отыратынын көрсетеді. Мақала тақырыбы дәл осы теория аясында өрбиді деуге болады. Онлайн БАҚ-тағы Алаш тақырыбының көрінісі дәл осы «үйреншікті ұлтшылдық» теориясымен ұштасады. Бұл ойды А.Эрл (2011) «медиа жадының тасымалдаушысы» («media as vectors of memory») деп түсіндіреді. Осы орайда америкалық зерттеуші Дж.Олик (2013) жадыны тұрақты құрылымнан асып түсетін, саяси, мәдени конъюнктураға байланысты үнемі өзгеріп отыратын процесс («social memory studies») деп қарауды ұсынады. Яғни, қарапайым тілмен айтқанда, тарих қозғалыста өмір сүреді. Оны масс-медиа, әлеуметтік желі арқылы заманға сай жаңғыртып отырады. Бірақ репрезентациясы әртүрлі тақырыптарға орайлас әрқилы сипатты иеленеді. (Olick, 2013).

Теориялық тұжырымдамалардың өміршеңдігін дәлелдеу үшін шетелдік онлайн БАҚ беттеріндегі нақты тарихи оқиғалар, тұлғалардың медиалық репрезентациялану тәжірибесіне үңілу керек. Мысалы, зерттеуші О.Ашкенази (2011) неміс онлайн басылымдарындағы («Der Spiegel», «Die Zeit») Германияның фашистік тарихын визуалды репрезентациялануын талдай келе, сандық архивтер ашылған соң, көнерген фотосуреттерді түсті инфографикалармен шендестіру арқылы жастардың тарихты қабылдауын қалай өзгерткенін көрсетеді. Поляк медиа зерттеушісі К.Д.Террилл (2023) еуропалық онлайн порталдардың «Катынь қырғыны» ұлттық трагедияларын заманауи интерактивті карталар, қысқа визуалды сторителлинг форматында қалай бейнелейтінін зерттейді. Зерттеуіне сүйенсек, онлайн БАҚ-тағы визуалды контент (мысалы, құрбандардың жеке заттарының макро-фотосуреттері) тарихты құрғақ статистикадан эмоционалды нарративке айналдырады (Terrill, 2023).

Соңғы жылдары халықаралық зерттеулерде сандық журналистикадағы визуал мен дизайнның эпистемологиялық қырлары да жиі талданады. Кейбір зерттеулерде журналистикадағы дизайн, визуализация және интерфейс шешімдері фактілерді қабылдауды, журналистиканың объективтілік нормаларын қайта ойлауға мәжбүр еткені баяндалған (Morini, 2025). Ал отандық зерттеушілер арасында медиа кеңістіктегі тарихи сана, Алаш мұрасының репрезентациясы, қазақ баспасөзінің тарихы, Алаш көсемсөздерінің генезисі Ғ.Әнес, С.Смағұлова (2009), Б.Жақып (2016), Д.Қамзабекұлы (2015), Н.Омашев (2010), Қ.Сақ (2014а; 2014ә), Б.Шайменов (2021), Х.Әбжанов (2023) т.б. ғалымдар еңбектерінде сөз етілген. Алаштанушы, ғалым Қ.Сақ (2014а) Алаш көсемсөзін ұлттық ойдың, тарихи сананың, ұлт мүддесін қорғаған ақпараттық кеңістіктің маңызды феномені ретінде бағалайды. «Алаш мұрасы» еңбегінде Алаш идеясының қазіргі ұлттық санадағы құндылықтық маңызын көрсетіп, оны тарихи тәжірибенің ғана емес, бүгінгі қоғамдық дамуға бағдар беретін рухани капитал ретінде қарастырады (Сақ, 2014ә). Ал тарихи дискурс, ұлттық бірегейліктің лингвистикалық аспектілерін лингвист, ғалым, ф.ғ.д. Э.Сүлейменова (2011) мен Э.Оразалиева (2007) кеңінен зерделеді. Одан бөлек, қазақтың көрнекті ғалымы Ү.Сұбханбердина (1999) «Қазақ» газеті (1913-1918), «Айқап» журналы (1911-1915), «Дала уәлаятының газеті» (1888-1902) сияқты алғашқы ұлттық басылымдардың мазмұндалған көрсеткіштерін, қазіргі медиа-дискурсқа негіз болған алғашқы мәтіндерді ғылыми айналымға енгізді. Ал зерттеуші-ғалым Қ.Алдабергеннің (2011; 2018) Алаш арыстарының публицистикалық қызметі, идеялық концепцияларын ашқан іргелі зерттеулері маңызды әдіснамалық негізді құрайды. Қазіргі қазақстандық

зерттеулер медиадағы дискурс пен сандық кеңістіктің трансформациясын соңғы жылдары белсендірек қарастыра бастады. Мәселен, Қазақстандағы баспа және онлайн медиадағы жаңалық дискурсын корпус арқылы зерттеген жұмыстар қоғам тарапынан әртүрлі деңгейде қабылданды (Samsenova et al., 2024).

Халықаралық зерттеулерде мультимодальді тәсіл тарихи оқиғалардың, ұлттық қасіреттердің және саяси мифтердің медиада көрнекі түрде қайта жасалатынын талдау үшін кеңінен қолданылады (Bilyk et al., 2024; Joо et al., 2018). Дегенмен, осы уақытқа дейін Алаш қозғалысының онлайн БАҚ беттеріндегі («Еңбекші Қазақ», «Егемен Қазақстан», «Жас Алаш», «Айқын» т.с.с) көрінісі мазмұн (контент-талдау) тұрғысынан ішінара қарастырылған (Ақсейіт, 2021). Олардың визуалды-дискурстық бейнесі, яки мәтін мен суреттің комбинациясын, тарихи фактілердің медиалық кодификациялануы жүйелі түрде зерттеуден тыс қалды. Көптеген еңбектерде Алаш қозғалысы тарихи және идеологиялық тұрғыда зерттелгенімен, оның қазіргі онлайн журналистикада мәтін мен визуал арқылы берілу жолдары, конструкциялануы ауқымды зерттеулерді қажет етеді. Алаш қозғалысы ғылыми тұрғыда зерттелгенімен, оның медиалық бейнесі мен тарихи жадының журналистика арқылы қалыптасуы жеткілікті деңгейде зерделенбеген. Зерттеу мақаламызда дәл осы олқылықтарды толтыруды мақсат етеміз. Алаш қозғалысын қазақстандық онлайн БАҚ кеңістігінде зерттеу арқылы мультимодальді мүмкіндіктер, фреймдер, символдық кодтар ұғымдарымен тәжірибе тұрғысынан танысамыз. Аталған тақырыпты қазіргі қоғам жадында жаңғыртып, маңызын арттырып, халықаралық феноменге айналдыруды мақсат етеміз.

Әдіснама

Зерттеудің эмпирикалық базасын қазақстандық жетекші онлайн бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған Алаш қозғалысына арналған материалдар құрады. Зерттеу корпусы ретінде Egemen.kz, Abai.kz, Ult.kz, Zanmedia.kz, Anatili.kazgazeta.kz, Qazaqadabieti.kz интернет басылымдарында 2015-2025 жылдар аралығында жарық көрген жаңалықтар, аналитикалық мақалалар мен арнайы жобалар іріктелді. Іздеу кезінде «Алашорда», «Әлихан Бөкейханов», «Алаш зиялылары», «ұлттық баспасөз», «Міржақып Дулатов», «Алаш тарихи инфографикасы», т.б. кілт сөздер қолданылды. Корпус негізі Алаш қозғалысы мен оның жетекші тұлғаларына тікелей қатысы бар 50 материалды құрады.

Жинақталған материалдарды талдау өзара байланысты деңгейлерде өрбиді:

(1) Визуалды семантикалық деңгей: материалдардағы фотосуреттердің, архивтік құжаттардың, заманауи коллаждардың, инфографикалардың мазмұнына үңілдік. Басты назар – Алаш тұлғаларының бейнесін заманауи медиа қай қырынан көрсеткісі келеді? Құрбан (репрессия нысаны) ретінде ме, әлде модернизатор, интеллектуалды элита ретінде ме? Осы сауалдарға жауап ізделді. Түстердің таңдалуы, кадр композициясы, қолданылған графикалық элементтердің семантикалық жүгі сараланды.

(2) Дискурстық конструкциялау деңгейі: мәтіндердің ішкі мазмұнындағы прагматикалық мағынаға назар аударылды. Мұнда Т. Ван Леувен, Г.Кресстің (2020) «мультимодальды дискурс» әдістемесі қолданылды. Әлеуметтік актерлерді дискурс арқылы бейнелеу тұжырымдамасы басшылыққа алынды. БАҚ-тың Алаш қозғалысын бүгіннің саяси, мәдени контекстімен қалай байланыстырып отырғаны, қандай метафоралар, лексикалық орамдарды жиі қолданатыны тексерілді.

Нәтижелер және талқылау

Жинақталған эмпирикалық материалдарды, атап айтқанда, отандық онлайн басылымдардағы (Egemen.kz, Abai.kz, Ult.kz, Zanmedia.kz, Anatili.kazgazeta.kz, Qazaqadabiet.kz) Алаш қозғалысы тақырыбына қатысты медиамәтіндер мен олардың графикалық сүйемелдеуін сараладық. Осы орайда бірнеше тақырыптар бөліп қарастырылды: (1) Алаш қозғалысының негізгі медиалық фреймдері; (2) Мәтін мен визуалдың мультимодальді өзара әрекеті. Осыған байланысты нәтижелер бөлімі үш негізгі аналитикалық блокқа бөлінді: бірінші бөлімде Алаш қозғалысын сипаттайтын негізгі медиалық фреймдер айқындалды, екінші бөлімде мәтін мен визуалдың мультимодальді өзара әрекеті талданды, ал үшінші бөлімде әртүрлі онлайн басылымдардағы Алаш қозғалысының медиалық репрезентация картасы ұсынылды.

Алаш қозғалысының негізгі медиалық фреймдері

Қазақстандық онлайн БАҚ-та жарияланған 120 материал мультимодальді-дискурстық талдау негізінде Алаш қозғалысы тақырыбын басты аспект ретінде қарастырады. Осылайша бірнеше тұрақты медиалық фреймдерге негізделетінін көрсетті.

Бірінші фрейм – Алаш – ұлттық мемлекеттіктің бастауы. Бұл фрейм әсіресе Egemen.kz сайтындағы материалдарда басым көрініс берді. Мұнда Алаш қозғалысы қазіргі Қазақстанның тарихи іргетасы ретінде ұсынылған. Мәтіндерде «ұлтқа жанашыр тұлға», «ұлттық рух», «мемлекетшілдік» (<https://egemen.kz/article/384253-alah-muratynadaldyq>), «тәуелсіздікті мұрат еткен», «азаттықтың асыл арқауы» (<https://egemen.kz/article/161770-alah-ideyas---tauelsizdik-muraty>) сияқты саяси-идеологиялық лексика жиі қолданылады. Мысалы, Egemen.kz порталындағы Алаш туралы мақалаларында Әлихан Бөкейхан есімі «Қазақстан азаттығының, тәуелсіздік жолындағы ұлт зиялылары күресінің рәмізіндей есім» ретінде сипатталады (<https://egemen.kz/article/374990-alikhan-bokeykhannynh-oshpes-erligi>). Мәтінге ірі форматтағы ресми портрет пен ауыр кезеңді сипаттайтын коллаж ұлт көсемінің көшбасшы ретіндегі бейнесін визуалды түрде бекітеді.

Келесі кезекте айқындалған тағы бір маңызды модель – Алаш қозғалысы көсемдерін саяси репрессия құрбандары ретінде фреймдеу. Бұл модель Zanmedia.kz, Ult.kz, Abai.kz порталдарының материалдарына тән болып шықты. Мәтіндерде Алаш зиялылары мемлекет құрушы саяси күштен бөлек, көбіне сталиндік тоталитарлық жүйенің, қуғын-сүргіннің жазықсыз құрбандары деп көрсетілді. Авторлардың лексикалық талдауына қарасақ, «репрессия құрбандары», «қылмыс», «репрессияға ұшыраған» (Ult.kz, 2022 ж., 13 наурыз, сілтеме: <https://ult.kz/kz/post/sayasi-kugyn-surgin-kurbandaryn-aktautauelsizdiktin-zhemisi>), «қилы-қилы трагедия», «мұңды-зарлы кезең», «қуғынға салды», «зұлмат заман», «көзінің жойылуы», «жауырды жаба тоқу», «Сталиндей қатыгез диктатор», «үрім-бұтағы терісқудаланып» (Zanmedia.kz, 2025 ж., 30 мамыр, сілтеме: <https://zanmedia.kz/repressiya-%D2%9B%D2%B1rbandary-haly%D2%9B-zhadynda/145202/>) деген сияқты эмоционалды реңкі басым, трагедиялық тіркестердің жиі ұшырасатынын көреміз. Мазмұн сәйкесінше визуалды деңгейде де өзінің логикалық жалғасын тапқан. Мәселен, нарративтер негізінен мұрағаттан алынған қара-ақ фотосуреттермен, ІХК-нің (НКВД, Қазақ КСР Ішкі істер халық комиссариаты) тергеу істері құжаттарының

жантүршігерлік суреттерімен сүйемелденіп отырады. Нақты мысал келтірер болсақ, Abai.kz сайтында 2017 жылдың 16 мамырында жарық көрген мақалада (сілтеме: <https://abai.kz/post/52982>) Алаш қайраткерлерінің ескі суреттерін дәл осындай трагедиялық, эмоционалдық фон арқылы беру тәсілі қолданылған. Салыстырмалы түрде қарасақ, осындай мультимодальды комбинация оқырман санасына Алаш қозғалысын ұлттық тарихи қасіреттің бас символы ретінде бекіте түседі.

Зерттеу аясында біз бөліп көрсеткен үшінші модель – Алаш қозғалысын ұлттық, интеллектуалды элита ретінде репрезентациялау фреймі. Бұл бағыт көп жағдайдай «Ана тілі» газетінің сайтында (сайт атауы: Anatili.kazgazeta.kz) жарыққа шыққан материалдарда айқын көрініс тапқан. Десе де, мұндағы екпін мүлде басқа. Порталда жарық көрген мақалаларда Алаш қайраткерлерін еуропалық үлгідегі білім алған, ағартушы интеллигенция ретінде сипаттауға бейім. 2023 жылдың 23 ақпанында жарық көрген «Алаш және тіл үшін күрес» мақалада (сілтеме: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/61552>) «Алаш зиялылары», «қазақ оқығандары», «ағартушы-білімпаздар», «ұлттың ой-санасын оятқан», «Алаш көсемі», «Алаш оқығандары» деген сөздер тілге тиек етіледі. Ал 2022 жылдың 26 мамырында жарияланған «Алаш» және ұлттық сана-сезім» материалында (сілтеме: <https://anatili.kazgazeta.kz/news/60560>) «қазақ даласы үшін үлкен мектеп», «халықтың озық интеллигенциясы», «ғылыми интеллигенция өкілдері», «ұлттың өзін-өзі тану дәуірінің зиялылары», «халықты ағарту», «ұлттық сана-сезімді ояту», «ағартушылық күрес», т.б. сөздері берілген. Осы мағынаны толықтырып тұрған визуалды құрамдас бөліктеріне келер болсақ, мұнда тұлғалардың қара-ақ фондағы біріктірілген, жинақы фотоколлаждары қолданылған. Біздің пайымымызша, материалдардағы визуалды-дискурстық шешімдер Алаш қозғалысын, ең алдымен ұлттың мәдени, зиялы, интеллектуалдық жаңғыру (модернизация) жобасы ретінде көрсетуді мұрат етуге тырысқан.

Соңғы, төртінші модельге тоқталсақ, анықтауымыз бойынша кейбір онлайн басылымдарда Алаш қозғалысын рухани-символдық феномен ретінде қарастыратын мақалалар да кездеседі. Әсіресе, публицистикалық толғаулар, мерейтойлық мақалаларда Алаш қозғалысы нақты бір тарихи-саяси ұғым шеңберінен шығып, есте сақтауға тиісті, ұмытылмас мұра, тарих деңгейінде беріледі. Бұл форматтағы материалдарға кеңірек тоқталайық: 2025 жылдың 14 наурызында жарыққа шыққан «Қазақ әдебиеті» газетінің сайтында «Ұлт рухын оятқан тұлға» мақаласында (сілтеме: <https://qazaqadebiet.kz/52490/lt-ruhyn-oyat-an-t-l-a>) «Қазақ рухын оятқан тұлға», «таңғажайып тұлға», «ұлтымыздың рухани жаңғыруы», «насихаттау», «өскелең ұрпаққа рухани тәлім-тәрбие» сынды патетикалық тіл өте белсенді қолданылған. Ал Ult.kz порталының 2017 жылғы (6 қазан) «Алаш арыстары ардақталды» (сілтеме: <https://ult.kz/kz/post/alash-arystary-ardaktaldy1>) материалында мынадай сөздер көрініс тапқан: «Алаш арыстарының мұрасы», «ғасырлық мерейтой», т.б. Ең маңыздысы – олардың визуалды шешімінде. Мұнда дәстүрлі архивтік фотолардың орнын заманауи стильде өңделген портреттер, көркем иллюстрациялар, мерейтойлардан фотосуреттер, символдық композициялар (ескерткіштер, музейлер, кітаптар, т.б.) басады. Төртінші фрейм Алашты, Алаш қозғалысын морфологиялық деңгейде көтеріп, оны қазіргі ұлттық сананың бір бөлігіне айналдырады.

Десек те, бір қызық қайшылықты пікір туындайды. Ult.kz, Zanmedia.kz, Abai.kz сияқты танымал медиа порталдардың ұсынған визуалдық контентіне тереңірек үңілсек, олар Алаш қозғалысын дербес мемлекеттілік жобасы, ықпалды саяси элита ретінде көрсетуге асықпайды. Керісінше, оқырманға Алаш арыстарының, ең алдымен жүйенің құрбаны болған, қасірет шеккен тарихи қауымдастық ретінде таңбалауға (репрезентациялау) бейімділігі анық байқалады. Бірқатар материалдарда Алаш қайраткерлерінің жеке портреттері жалпыұлттық трагедияның фонына орналастырылады: артқы планда соғыс көріністері, босқын халық, қарулы сарбаздар немесе тоталитарлық символика беріледі. Мұндай композициялық шешім Алашты жаппай тарихи қасіреттің бір бөлігіне айналдырады. Визуалды құрылымда жиі қолданылатын қара-ақ палитра, көмескіленген фон және архивтік эстетика өткеннің ауырлығын, уақыттың алыстығын және жоғалғанның қайтымсыздығын көрсетеді. Алаш қайраткерлерінің портреттері көбіне бейтарап, тіпті меланхолиялық кейіпте ұсынылады. Бұл оқырман мен көрерменді Алаш қайраткерлерін саяси субъект ретінде емес, тарихи оқиғаның құрбандары ретінде қабылдауға бағыттайды. Мәтіндік дискурс визуалды шешімдермен үйлесіп, «қуғын-сүргін», «жазықсыз жапа шеккен», «атылған зиялылар» сияқты тіркестер арқылы эмоционалдық-моральдық реңк қалыптастырады. Нәтижесінде аталған медиалардағы мультимодальды стратегия Алашты ұлттық қасіреттің басты бейнесі ретінде жүйелейді.

Anatili.kazgazeta.kz материалдарында берілген визуалдарда Алаш қайраткерлері зиялы қауым, оқымысты элита ретінде репрезентацияланған. Топтық портреттерде кейіпкерлер ресми киімде, тыныш қалыпта, жабық кеңістікте (кеңсе, оқу бөлмесі, фотоателье) бейнеленеді. Визуалды шешімдер олардың қоғамдағы әлеуметтік мәртебесінен хабар беретіндей. Осы тұрғыдан алғанда, таңдалған визуалдық стиль Алашты стихиялық бас көтерумен шектемей, терең ойластырылған, ішкі ұйымдасуы бекем мәдени жоба ретінде алға тартады. Одан бөлек, фотолардың архивтік, бірақ «бейтарап» эстетикасы (жарық, фон, киімі стилі) оларды тарихи субъектілер ретінде қабылдауға жол ашады. Мәтіндік дискурс визуалдық кодтармен үйлесіп, «ағартушылық», «білім», «оқымыстылар» сияқты ұғымдарға сүйенеді. Соның нәтижесінде Алаш қозғалысының визуалын интеллектуалдық және мәдени модернизация жобасы ретінде бекітеді. Anatili.kazgazeta.kz материалдарындағы мультимодальді стратегия Алашты ұлттың ойлы элитасы және рухани жаңғырудың қозғаушы күші ретінде бейнелейді.

Кейбір онлайн басылымдарда Алаш қозғалысы ұлттық бірегейліктің рухани-символдық өзегіне айналған феномен ретінде де репрезентацияланады. Аталған фрейм, әсіресе, Алаш партиясының, жекелеген қайраткерлердің мерейтойларына арналған материалдарда айқын көрінеді. Мұндай жарияланымдарда «ұлт рухы», «тарихи мұра», «рухани сабақтастық», «ұлттық жады» сияқты ұғымдар жиі қолданылып, Алаш қозғалысын қазіргі Қазақстанның мәдени және идеологиялық негіздерінің біріне айналдырады. Берілген визуалдар мұндай дискурсты күшейтеді. Мерейтойлық кештерден, сахналық қойылымдардан, ресми салтанатты жиындардан алынған фотосуреттерге Алаш бейнесі ұлттық символ ретінде ұсынылады. Сахнадағы актерлердің репрессия көріністерін көрсетуі, үлкен экрандарда Алаш қайраткерлерінің портреттерінің берілуі және залдағы көрерменнің қатысуы Алашты қазіргі қоғам үшін қасиетті, тарихи актіге айналдырады. Мұндай визуалды драматургия Алашты ұжымдық эмоция, ортақ қасірет және ұлттық мақтаныш арқылы қайта жаңғыртады. Сонымен қатар, ресми іс-шараларда мемлекеттік қызметкерлердің Алаш арыстарының

суреттерін қолдануы, бейнелердің музей экспозицияларында орын тебуі (микрофон, трибуна, ресми логотиптер, визуалды маркерлер, мемлекеттік рәміздер) үлкен мәнге ие. Нәтижесінде Алаш қозғалысы бүгінгі Қазақстанның ресми мәдени канонының ажырамас бөлігі ретінде репрезентацияланады. Ал мультимодальді стратегияның негізінде Алаш қозғалысы визуалды-дискурста ұлттың рухани-символдық капиталы ретінде қайта құрастырылады.

Алаш қозғалысының медиалық репрезентация картасы

Қазақстандық онлайн медиада Алаш қозғалысының репрезентациясы біртекті тарихи нарративке емес, бірнеше параллель медиалық кеңістікке бөлінгені анықталды. 2-суретте ұсынылған карта әр басылымның Алашты әртүрлі түрде көрсетіп қоймай, оны әртүрлі тарихи жады типіне айналдырып отырғанын көрсетеді. Кейбір БАҚ-та Алаш мемлекеттілік пен ұлттық легитимділіктің бастауы ретінде қалыптастырылса, кейбірінде ол ұлттық қасіреттің символына, ал басқаларында интеллектуалдық элитаның жобасына айналады. Мерейтойлық контентте Алаш қозғалысы ғұрыптық-рухани символға трансформацияланған.



2-сурет. Алаш қозғалысының медиалық репрезентациясының картасы

Ескерту: авторлар құрастырған

Ұсынылған картографиялық модель Алаш қозғалысының қазақстандық медиа кеңістікте біртұтас тарихи объект ғана емес, әр БАҚ өз аудиториясы мен идеологиялық бағытына сәйкес құрастыратынын көрсетеді. Бұл – медиа-феномен. Нәтижесінде журналистика тарихи жадыны жеткізушіден бөлек, оны белсенді түрде құрылымдайтын институтқа айналады.

Қорытынды

Зерттеу қазақстандық онлайн ақпарат құралдарында мультимодальді стратегияның көмегімен Алаш қозғалысының репрезентациялану және тарихи жадының конструкциялану деңгейін көрсетуге бағытталады.

Мультимодальды-дискурс талдауы нәтижесінде Алаш қозғалысының медиада біртекті тарихи нарратив ретінде емес, мәтіндік және визуалдық кодтардың тұрақты

үйлесімі арқылы құрастырылатыны анықталды. Отандық журналистік материалдардың мазмұнын, құрылымын кешенді түрде зерделеу барысында біз Алаш және Алаш қозғалысы тақырыптарының медиада бірөлшемді емес, өте күрделі, сан қырлы сипатта қалыптасатынын бағамдадық. Атап айтқанда, заманауи БАҚ беттерінде Алаш феномені бір уақытта дербес мемлекеттіліктің алғашқы бастауы, ұлттық қасіреттің символы, интеллектуалды элитаның модернизациялық жобасы, қасиетті рухани-ғұрыптық мұра ретінде қатар беріледі. Біз ұсынған репрезентация режимдерінің картасы (Abai.kz-тегі трагедиялық фреймнен бастап, «Қазақ әдебиеті» порталындағы интеллектуалды модельге дейін) журналистиканың тарихи жадыны белсенді түрде пішіндейтін мәдени-институционалдық механизм екеніне дәлел болады. Осы тұрғыдан қарастырғанда, айқындалған әрбір мультимодальды режим (мемлекетшілдік, трагедиялық, интеллектуалдық, ғұрыптық) Алаш қозғалысына өзіндік мағыналық мән беріп, қоғамдық сананың тарихты қабылдау траекториясын бағыттап отырады.

Зерттеу барысында алынған нәтижелер отандық баспасөз бен тарихи жады арасындағы терең байланысты бүгінгі Қазақстандық медиа тұрғысынан түсінуге жаңа мүмкіндіктер ашады.

Мультимодальді тәсілдер арқылы ұлттық тарихты талдау, репрезентациялаудың әлеуеті артатынын айғақтайды. Алаш қозғалысының медиалық бейнесі арқылы журналистиканың мәтіндік дәлелдер, визуалды маркерлерді (мысалы, архивтік суреттер, арт-иллюстрациялар) біріктіре отырып, күрделі тарихи мағыналарды қалай конструкциялайтыны айқын көрінді.

Әдетте, бұл зерттеу мақаласымен тақырып толық зерттелінді деп айта алмаймыз. Осы бағыттағы болашақ ізденістерде мына мәселелерді назардан тыс қалдырмау жөн деп санаймыз: (1) дәстүрлі басылымдардағы Алаш бейнесін жастардың негізгі ақпарат көзі саналатын әлеуметтік медиа платформаларындағы (Instagram, TikTok, Threads, YouTube, т.б.) журналистік өнімдермен салыстыру; (2) Қазақстандық медиадағы Алаш образын басқа посткеңестік елдердегі (мысалы, Әзірбайжандағы «Мусават», Татарстандағы «Жәдитшілдік қозғалысы» т.с.с.) ұлттық-саяси ағымдардың медиалық репрезентацияларымен қатарластыра саралау; (3) Теориялық пайымдауларды нақты аудиториялық зерттеулермен (фокус-топтар, сауалнамалар, тереңдетілген сұқбаттар, т.б.) толықтыру.

Авторлардың қосқан үлесі:

Самет Н.Б. – мақсат-міндетті айқындау, ғылыми аппаратты әзірлеу, деректерді жинау, негізгі бөлімді жазу, хат-хабарға жауап беру.

Рамазан А.А. – бақылау, ұсыныс беру, әдебиеттермен жұмыс істеу, материалды өңдеу, редакциялау.

Әдебиеттер тізімі:

Halbwachs, M. (2020) On collective memory. Chicago: University of Chicago Press.

Assmann, J. (2011) Cultural memory and early civilization: Writing, remembrance, and political imagination. Cambridge: Cambridge University Press.

Assmann, A. (2009) Erinnerungsräume: formen und wandlungen des kulturellen gedächtnisses. Munich: C.H. Beck.

- Nora, P. (2019) Memory and history: Les lieux de mémoire. In: Theories of Memory: A Reader. Edinburgh: Edinburgh University Press, p. 144.
- Berger, P. and Luckmann, T. (2016) The social construction of reality. In: Social theory re-wired. New York: Routledge, pp. 110–122.
- Hoskins, A. (ed.) (2018) Digital memory studies: Media pasts in transition. New York: Routledge.
- Van Dijck, J. (2007) Mediated memories in the digital age. Stanford: Stanford University Press.
- Zelizer, B. (2008) Why memory's work on journalism does not reflect journalism's work on memory. *Memory studies*, 1(1), pp. 79–87.
- Bianchi, C. and Gieri, M. (2009) Eco's semiotic theory. In: New Essays on Umberto Eco. Cambridge: Cambridge University Press, pp. 17–33.
- Lotman, Y. M. (1990) Universe of the Mind. A semiotic theory of culture, pp. 20–35.
- Manovich, L. (2013) Software takes command. Vol. 5. London: A&C Black.
- Foucault, M. (2013) Archaeology of knowledge. London: Routledge.
- Kress, G. and Van Leeuwen, T. (2020) Reading images: The grammar of visual design. London: Routledge.
- Fairclough, N. (2023) Critical discourse analysis. In: The Routledge handbook of discourse analysis. London: Routledge, pp. 11–22.
- Wodak, R. and Meyer, M. (eds.) (2015) Methods of critical discourse studies. London: Sage.
- Billig, M. (2009) Reflecting on a critical engagement with banal nationalism-reply to Skey. *The Sociological Review*, 57(2), pp. 347–352.
- Erl, A. (2011) The invention of cultural memory: A short history of memory studies. In: Memory in culture. London: Palgrave Macmillan UK, pp. 13–37.
- Olick, J. K. (2013) The politics of regret: On collective memory and historical responsibility. London: Routledge.
- Ashkenazi, O. (2011) Ridiculous trauma: comic representations of the Nazi past in contemporary German visual culture. *Cultural Critique*, 78, pp. 88–118.
- Terrill, K. D. (2023) Shaping Memory, Shaping Politics: Poland's Use of National Narratives in Response to the War in Ukraine. Master's thesis. Central European University.
- Morini, F. (2025) Different yet complementary: A systematic literature review on data journalism in visualization research and journalism studies. *Journalism*, 26(2), pp. 425–444.
- Әнес, Ғ. және Смағұлова, С. (2009) Алаш. Алашорда: энциклопедия. Алматы: Арыс.
- Жақып, Б. Ө. (2016) Қазақ публицистикасының қалыптасу, даму жолдары. Алматы: Білім.
- Қамзабекұлы, Д. (2015) Алаш арқауы. Егемен Қазақстан, 1 қаңтар.
- Омашев, Н. О. (2010) Алаш көсемсөзі. 1-том. Басп. әзірлегендер: Ғ. М. Ақсейіт және Ұ. Сәдірахман. Алматы: Өнер.
- Сақ, Қ. (2014а) Алаш көсемсөзі: жер мәселесі. Алматы: Қазақ энциклопедиясы.
- Сақ, Қ. (2014ә) Алаш мұрасы. Алматы: Қазығұрт.
- Шайменов, Б. (2021) Алаш зиялылары ұстанған ұлттық идея – тәуелсіз қазақстанның алғашқы тұжырымдамалық идеологиясы. *Journal of Media studies*, 54(1), pp. 40–45.
- Әбжанов, Х. М. (2023) Алаш және халық көтерілісі. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Тарихи және әлеуметтік-саяси ғылымдар сериясы, 77(1).
- Сулейменова, Э. Д. (2011) Языковые процессы и политика: монография. Алматы: Қазақ университеті.

Оразалиева, Э. Н. (2007) Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы: ғылыми монография. Алматы: Арыс.

Субханбердина, Ү. (1999) Қазақ халқының атамұралары: Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. Алматы.

Алдаберген, Қ. (2011) Тарих және баспасөз. Алматы: Білім.

